

Заказ от нас ~~к~~
коммунист

1960

10 - 12

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ



ҚАЗАҚ ССР

40 ЖЫЛДЫҒЫ

№ 10

АЛМАТЫ

ОКТЯБРЬ
1960

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ



Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

XXXIX жыл ШЫҒУЫ

№ 10

О К Т Я Б Р Ъ

1960

М А З М У Н Ы

БАС МАҚАЛА — Даңқты қырық жылдық	3
Ж. ТӘШЕНЕВ — Шығыстағы шұғыла	10
Қ. СӘТБАЕВ — Өркен жайған ғылым	18
С. БӘЙІШЕВ — Капитализмге соқпастан социализмге өту — біздің за- манның маңызды заңдылығы	23
Ә. ҚАНАПИН — Республика мәдениеті қырық жылда	30
А. НҮСІПБЕКОВ — Тарихи кезеңдер	36
Т. ЕЛЕУОВ — Қазақстан Советтерінің бірінші құрылтай съезі	42
Ж. МОЛДАҒАЛИЕВ — Менің республикам	47
Қ. САДЫҚОВ — Болат қорытушы жігіт	54
С. БАҚБЕРГЕНОВ — Шұбар үстіндегі нұр	58
М. ҮМБЕТОВ — Мал баққанға бітеді	63
Б. ОДИШВИЛИ — Біздің нысана — коммунизмдегіше еңбек ету	67
Халыққа Коммунистік тәрбие беру — ардақты міндет	72
Гүлденген елдің мәліметі	78



СОДЕРЖАНИЕ

ПЕРЕДОВАЯ — Славное сорокалетие	3
Ж. ТАШЕНЕВ — Светоч социализма на Востоке	10
К. САТБАЕВ — Наука Казахстана за 40 лет	18
С. БАИШЕВ — Важнейшая закономерность современности	23
А. КАНАПИН — Расцвет культуры республики	30
А. НУСУПБЕКОВ — Исторические вехи	36
Т. ЕЛЕУОВ — Первый учредительный съезд Советов Казахстана	42
Ж. МОЛДАГАЛИЕВ — Моя республика	47
К. САДЫКОВ — Сталевар Жунусов	54
С. БАКБЕРГЕНОВ — Счастье колхозного крестьянства	58
М. УМБЕТОВ — Социалистические обязательства выполнены	63
Б. ОДИШВИЛИ — Мы к коммунизму держим путь	67
Все средства на воспитание нового человека	72
Языком цифр	78



Даңқты қырық жылдық

Қазақтың Советтік Социалистік Республикасының құрылғанына қырық жыл толды. Ал қазақ халқының туысқан Коммунистік партияның дана басшылығымен, революцияшыл ұлы халық — орыс халқының аралық көмегімен социализм жолына түскеніне 43 жыл толды. Бұл қос мерекені халқымыз ерекше салтанатпен өткізуде.

Қырық жыл қоғамның даму тарихында көп уақыт емес. Алайда ол Қазақстан өмірінде тарихи ұлы өзгерістерге өте бай да мазмұнды кезең болып өтті. Бұл уақытта Қазақстан көбінесе көшпелі мал шаруашылығына негізделген рулық-феодалдық құрылыстан қоғамдық дамудың капиталистік сатысын аттап өтіп, тікелей социализмге ұласты. Барлық енбекшілердің кеменгер көсемі В. И. Лениннің артта қалған елдер алдығы қатарлы елдердің көмегімен қоғамдық дамудың белгілі бір сатыларын аттап өтіп, социализмге ұштаса алады деген тамаша қағидасын жанжақты дәлелдеп берді.

Қазақстан патшалық Россияның өте артта қалған мешеу аймақтарының бірі еді. Оның халқы екі жақты қанаудың, әлеуметтік және ұлттық езгінің қасіретін көп тартқанды. Енбекші бұқараны, бір жағынан, қазақтың өзінің байлары мен билері, ру басы ақсақалдары езіп, жаншып келсе, екінші жағынан, патшалық Россияның отаршылдары аяусыз қанады, біртіндеп оның шұрайлы жерін, жайлы қонысын басып ала берді, қазақтың көшпелі тұрмысын, қараңғылығын пайдаланып, оны таутасқа, шөл далаға қарай ығыстыра берді. Мұның нәтижесінде қазақ халқы іргелі ел болудан қалып, біржолата құрып бітуге бет алды.

Бұл апатты беталыстан қазақ халқын Ұлы Октябрь социалистік революциясы құтқарды. Ол Россиядағы барлық езілген халықтармен бірге қазақ халқын да өзінің нұрлы сәулесіне бөледі. Октябрдің жеңіліз туы астында қазақ халқы тұңғыш рет өз алдына мемлекет болып бірікті, социалистік ұлт болып қалыптасты.

Қайта туған, шалқыған Қазақстанның өткен қырық жыл ішінде қоғамдық, экономикалық, саяси және мәдени бейнесі түбірінен өзгерді. Ол кәзір қуатты, көп салалы жетекші өнеркәсібі бар, кен байтақ жерін колхоздар мен совхоздар мекендеген ел болып алды. Оның мазмұны социалистік, түрі ұлттық мәдениеті де гүлденіп өсті.

Революцияға дейін Қазақстан жерінде кәзіргі заманның өнеркәсіп орындары жоқтың қасы еді. Оның жерінің қойнауында алуан түрлі табиғи байлық жатты, құнарлы кен даласы тусап тұрды, шұрайлы жайылымдықтарында көп мал өрістеді. Н. С. Хрущев жолдастың Ұлы Октябрь социалистік революциясының қырық жылдығында жасаған баяндамасында атап көрсеткеніндей, «Қазақстан — көп салалы қуатты индустрияны өркендетуге мүмкіндік берерліктей алуан түрлі табиғи байлықтардың өте бай қоймасы».

Бірақ, Қазақстан революцияға дейін отар сиқында қала берді, отаршылдар оны шикізат көзі ретінде ғана пайдалануға ұмтылды. Осы бағытта бірнеше бай кендер ашылды, жүн жуатын, тері илейтін заводтар салынды. Олар өндеген шикізаттарын Орталық Россияға жіберіп отырды. Міне осылар тәрізді ұсақ-түйек өнеркәсіп орындары өнімінің жалпы үлесі халық шаруашылығында 1920 жылы 6,3 процент қана еді.

Революция жеңісімен-ақ Коммунистік партия, Совет өкіметі отаршыл саясаттың тамырына балта шапты, ұлттық аймақтардың мешеулі-

гін тез жойып, оларды елдің неғұрлым дамыған облыстары мен өлкелеріне теңеу үшін күресуді өзінің лениндік ұлт саясатының өзекті талабы етіп қойды. Бұл талаптың дәйектілікпен жүзеге асырылып келе жатқанын біз Қазақстан мысалынан айқын көреміз.

Совет мемлекеті еліміздің барлық өңірінде социалистік құрылысты кең өрістетуге кірісе отырып, өзінің алдында тұрған тың жолға марксизм-ленинизм теориясының шам-шырағымен жарық берді. Маркс, Энгельс, Ленин ашып негіздеген қоғамдық дамудың объективті заңдылықтарын басшылыққа алды. Бұл заңдылықтардың бірден бірегейі — елді социалистік жолмен индустрияландыру, соның негізінде бытыранды да берекесіз жеке шаруалар шаруашылығын коллективтендіру еді.

Елімізді шапшаң қарқынмен индустрияландыруды, машиналы өнеркәсіптің берік арқауы — ауыр индустрияны ұдайы оздыра өркендетуді Коммунистік партия өзінің бүкіл экономикалық саясатының сара да даңғыл жолы етіп белгіледі. Бұл саясаттың табыспен жүзеге асырылуы нәтижесінде социалистік ұлы Отанымыз экономикалық жағынан ешкімге тәуелсіз, қуатты қорғанымпаз елге айналды. Сонымен бірге халық шаруашылығының барлық саласын жаңа техника негізінде қайта құруға, ауыл шаруашылығын коллективтендіріп, оны ірі мол өнімді социалистік шаруашылыққа айналдыруға, ұлттық өлкелердің мешеулігін тез жоюға, барлық еңбекшілердің әл-ауқат, мәдениет дәрежесін жедел көтеруге кең мүмкіндік туды. Бұл мүмкіндіктерді халқымыз пайдаланып та келеді.

Совет өкіметі жылдарында еліміздің барлық ұлттық аймақтарындағы сияқты Қазақстанда да өнеркәсіп үздік қарқынмен дамыды. Өнеркәсіптің өсу қарқыны республикада бүкіл Совет Одағындағы орта қарқыннан едәуір жоғары болды. Мұның өзі партияның артта қалған ұлттық аймақтардың мешеулігін тез жоюға бағытталған дана ұлт саясатының жарқын бір көрінісі еді. Өнеркәсіп екінші бесжылдықтың аяғында-ақ республика халық шаруашылығының жалпы өнімінен 57 процент үлес алу дәрежесіне дейін жетіп, шапшаң көтерілді. Мұның нәтижесінде Қазақстан индустриялы-аграрлы республикаға айналды. Кәзіргі кезде өнеркәсіп халық шаруашылығының жетекші саласы.

Қазақстанның өнеркәсібі — жаңа техникамен жабдықталған жоғары сападағы көп салалы өнеркәсіп. Оның құрамында қоғамдық өндіріске, тұрмысқа қажетті өнімдерді беретін завод-фабрикалардың көбі бар. Оның ішінде ауыр өнеркәсіптің маңызды өнімдері — металдар, машина жабдықтар, тас көмір, мұнай, электр қуаты, құрылыс материалдары, химия өнеркәсібі өнімдері тағы басқалар белді орын алады.

Революцияға дейін Қазақстан жеріндегі өнеркәсіп өнімі патшалық Россия өнеркәсібі өнімінің жарты процентіндей ғана үлес алатын еді. Кәзір Қазақстан одақтас республикалар қатарында Россия федерациясы мен Украинадан кейін үшінші орын алады.

Республикада өнеркәсіптің өркендеуімен бірге жергілікті халықтан жұмысшы кадрлар өсіп, қазақтың ұлттық жұмысшы табы қалыптасты, өндірістік-техникалық интеллигенциясы жасакталды.

Республиканың ауыл шаруашылығы да социалистік жолмен үздік дамып келеді. Оның мол өнімді көп саласының бәрі де кәзір ірі колхозмен совхоздардың қолында. Бұрын ішер асқа, киер киімге жарымаған кедей шаруалар коллективті шаруашылықтарға ұйымдасып, күш біріктірісімен-ақ қанау мен езгіден, жоқшылықтан азат болғанды. Кәзір олар — техникамен мол жабдықталған бай шаруашылықтың, өнімді еңбектің, ауқатты тұрмыстың иесі. Колхоз құрылысы, социализм оларды шат-шадыман бақытты өмір сүруге жеткізді, түрлі түсті опортуншылардың, буржуазияшыл ұлтшылдардың колхоз құрылысына жапқан пәле-жаласын іс жүзінде, нақты өмірде толық бекерге шығарды.

Ауыл шаруашылығын коллективтендіру өзінің қоғамдық маңызы, мән-мазмұны жағынан шаруалар өміріндегі үлкен төңкеріс болып шықты. Ол шаруалардың тұрмысына ғана емес, сонымен бірге олардың қоғамдық жағдайына, мінез-құлқына, көзқарасына да түбірлі өзгерістер енгізді.

Ауыл шаруашылығын коллективтендірудің нәтижесінде шаруалардың езгі мен қанаудың барлық түрінен азат етілуімен бірге көшпелі қазақ шаруаларын қоныстандыру мәселесі біржола шешілді. Бұрынғы көшпелі шаруалар енді жайлы қоныс, тұрақты мекен тауып, көшелі де көрікті ауыл құра бастады. Бұл да қазақ шаруалары өміріндегі үлкен төңкеріс еді.

Қазақстанның ауыл шаруашылығы әсіресе соңғы жеті жылдың ішінде қауырт көтерілді. Бұл — партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетудің жаңа да, нақты шараларын белгілеп, жүзеге асыруының, әсіресе тың, тыңайған жерлерді игерудің жемісі. Ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау тәртібі өзгерді, өнімдерді мемлекетке сатып алу бағасы арттырылды, машина-трактор станциялары қайта құрылып, күрделі техника колхоздардың өзіне сатыла бастады, колхоздар ірілендірілді, колхозшылардың өз еңбегіне, шаруашылықты жүргізуге материалдық ынталылығы артты, колхоз өндірісін жоспарлау тәртібі өзгерді. Мұның бәрі колхоздың шаруашылығы нығайып, байлығы арта түсуіне, колхозшылардың ауқатты да мәдениетті өмір сүруіне жәрдемдесті.

Партияның Орталық Комитетінің, Н. С. Хрущев жолдастың өзінің бастауымен елімізде 36 миллион гектар тың жер игерілген болса, оның 24 миллион гектардан астамы Қазақстанда игерілді. Мұның нәтижесінде Қазақстан одақта Россия федерациясынан кейінгі екінші астықты республикаға айналды. Соңғы бес жыл бойы елімізге жыл сайын 700 миллион пұттан астам астық берілді, ал тың жер игерілгенге дейін жыл сайын тек 100 миллион пұттан аз-ақ артық беретін еді.

Қазақстан еңбекшілерінің тың игеру, астық өнімін молайту жолындағы ерлік еңбегін партия мен үкімет, бүкіл халқымыз жоғары бағалады. Республикаға және тың игерілген облыстарға — Ақмола, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Көкшетау облыстарына жоғары награда — Ленин ордені берілді. Ерекше үздік шыққан 139 адамға 1956 жылы Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Н. С. Хрущев жолдас КПСС Орталық Комитетінің 1958 жылғы декабрьдегі Пленумында жасаған баяндамасында Қазақстанның астық шаруашылығын өркендетудегі зор табыстарына партияның, совет халқының толық қанағаттанып отырғанын білдірді. Республика жұртшылығы бұл наградаға, партияның сеніміне жаңа табыстармен жауап беру үшін қажырлы күрес жүргізіп келеді.

Қазақстан еңбекшілерінің өткен қырық жылдағы тамаша тарихи жеңістерінің енді бір көрнектісі — шын мәнісіндегі мәдени революцияның іске асуы. Бұл қысқа мерзімде қазақ халқы барып тұрған тағылықтан кәзіргі заман мәдениеті төріне бірден секіріп шықты. Бұған еліміздегі әлеуметтік, экономикалық ұлы өзгерістер арқау болды.

Мәдени революция бұрынғы көшпелі, сауатсыз малшының кәзір мал дәрігері, маман биолог дәрежесіне дейін жетуінен, бұрынғы соқашы диқан мен мақта өсіруші кетпеншінің кәзіргі агроном дәрежесіне дейін өсуінен, бұрынғы батрақтардың, кедейлердің, қол өнершілердің кәзіргі жаңа техникамен жабдықталған күрделі өндірістің маман жұмысшыларына, білікті шеберлеріне айналып, машиналар құлағында ойнауынан, жұмысшы қызметшілердің, шаруалардың жас ұрпақтарынан арнаулы оқу орындары арқылы сансыз көп маман кадрлардың даярланып шығуынан, халық игілігі үшін, социалистік Отан үшін жан-тәнімен адал еңбек етуге әзір советтік жаңа интеллигенцияның жасакталуынан, ғыл-

ми және мәдени мекемелердің көбеюінен тағы басқалардан айқын көрінеді. Мұның бәрі революцияға дейінгі Қазақстан еңбекшілерінің үш ұйықтаса түсіне кірмейтін арманы еді. Кәзір олар халықтың өмірінен кең орын алған кәдімгі әдетті іске, үйреншікті құбылысқа айналды.

Қазақстан еңбекшілерінің барлық тарихи жеңістері мен табыстарының бәрі де, түптеп келгенде, адамзат қоғамының кәзіргі даму сатысына толық сәйкес құрылыс — социализмнің ерен артықшылықтарының, елімізді социализм жеңісіне жеткізген алып күш — Коммунистік партия басшылығының жемісі.

Социализм еңбекші бұқараға шын мәнісінде толық бостандық берді. Оларды әлеуметтік, ұлттық езгінің барлық түрінен бүтіндей азат етумен бірге олардың бойындағы таланты мен қабілетін, творчестволық ынта-жігерін, күш-қайратын жанжақты дамытуына кең өріс ашты.

Буржуазияның ақылгөйлері, олардың жалдама ғалымсымақтары социализмге жала жабуға, оны бұқараға құбыжық етіп көрсетуге тырысқан кезде, алдымен социализмнің өндіріс құрал-жабдығын жеке меншіктенуге, жеке шаруашылық жүргізуге жол бермейтінін айтады. Меншікке ие болуды жеке шаруашылық жүргізіп, қиян-кескі бәсекелік күреске түсуді олар «бостандық» деп атайды. Осы тұрғыдан олар барлық капиталистік елдерді бостандық елі деп жүр.

Буржуазия итаршылары жер-көкке сиғызбай, мақтап жүрген бұл «бостандықтың» шынайы мәні неде? Ол мынада: егер өндіріс-құрал-жабдығын жеке меншіктенетін болсаң, онда өзін біреуді қанайсың, немесе өзін басқа біреудің қанауына түсесің, құл боласың. Яғни, бұл «бостандық» бір адамды екінші бір адамның еркін езіп, қанау бостандығы. Басқаша болуы мүмкін емес. Бұлай екенін қарама-қарсы таптық қоғамдардың өндіріс тәсілдері, тарихы толық дәлелдеп берді. Капиталистер, олардың жалдама ақылгөйлері бостандық туралы бөскенде бұл шындықты ешуақытта айтпайды. Әрине, мұны айтатын болса, онда олар өздерін өзі әшкерелеген болар еді.

Өндіріс құрал-жабдығын жеке меншіктену капитализм тұсында, оның ең жоғары да ақырғы сатысы империализм дәуірінде жаңа сапа алды, қанаудың жаңа түрін туғызды. Бұл дәуірде алпауыт монополиялар қолына шоғырланған меншік бүкіл бір халықты екінші бір халықтың, бір елді екінші бір елдің қанап, тонауына экономикалық негіз болды. Сөйтіп ол империализмнің кәзіргі маскара жүйесін — отар жүйесін туғызды.

Адамзат қоғамы даму тарихының бұл шындықтарының бәрін буржуазия идеологтары теріс бұрмалап, еңбекші бұқараны олардан аулақ ұстаудың, оларды алдап, арбаудың барлық айласын қолданып келеді. Соның бір түрі жеке меншікті мадақтау. Ал түптеп келгенде жеке меншікке негізделген бостандық шынайы бостандық емес. Ол — алдамшы бұркеме бостандық, жеке шаруашылық жүргізу мүмкіндігінен айрылғандарды, отар, тәуелді елдер халқын еркін қанау, талап, тонау бостандығы. Жеке меншік адамдарды тек өзінің қара басының ғана құлы ете отырып, оларды біріне бірін қас жау етеді. Бұған қарама-қарсы тек социалистік, қоғамдық меншік қана адамдардың жалпы ортақ мүддесін туғызады, осы негізде оларды біріне бірін жақын дос етеді, олардың ынтымақ бірлігін, өзара қалтқысыз көмегін әрістетеді. Қоғамдық меншіктің, яғни еңбекшілерге социализм берген шынайы бостандықтың бұл артықшылықтарын кәзір социализм елдерінің өмірі бүкіл әлемге айқын көрсетіп отыр.

Социализм, оның біздің елдегі, тағы басқа социалистік елдердегі тамаша жеңістері кәзір еңбекшілердің, отар езгіде келген халықтардың көзін нағыз шындыққа жеткізе бастады, оларға езгі мен қанаудың барлық түрінің түп тамырын таныта бастады. Сондықтан да кәзіргі дәуір-

де дүние жүзі еңбекшілеріне социализм идеясынан артық сүйкімді де беделді, одан артық тартымды да жақын идея жоқ.

Бұрын отар болып езілген, сол себепті артта қалған халықтардың тек социализм арқылы ғана толық бостандық алатынының жарқын үлгісі — Қазақстан. Қазақстан еңбекшілері елде социализмнің салтанат құруы нәтижесінде әлеуметтік-ұлттық езгінің барлық түрінен толық азат болуымен бірге, тарихи қысқа мерзімде адам айтса нанғысыз жеңістерге ие болды. Бұлар жөнінде Н. С. Хрущев жолдас Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының XV сессиясында сөйлеген мазмұнды сөзінде айқын мысалдар келтірді.

Қазақстан кәзір жан басына өнеркәсіп өнімін өндіру жөнінен Италияны басып озып, Жапония сияқты Азиядағы озық капиталистік елді қуып жетті. Республикада электр қуаты жан басына Түркия, Иран, Пәкістан тәрізді көрші елдердегіден бірнеше есе артық өндіріледі. Қазақстан астықты Канада сияқты астығы мол капиталистік елден едәуір көп жинап жүр.

Н. С. Хрущев жолдас бұл сөзінде Орта Азия республикаларының, Қазақстанның мәдени өмірінен де жарқын мәліметтер келтірді. Революцияға дейін бұл республикалардың бірде-бірінде жоғары оқу орындары болмаған болса, өткен оқу жылында олардың жоғары мектептерінде 211 мың студент оқыды. Әрбір 10 мың адамға Орта Азия республикалары мен Қазақстанда 88 студенттен келетін болса, Францияда 40, Италияда 34, Батыс Германияда 31 студенттен ғана келеді.

1926 жылдан 1959 жылға дейінгі кезеңде жұмысшы-қызметшілер саны Совет Одағы бойынша 6 есе өскен болса, бұл уақытта Орта Азия республикалары мен Қазақстанда 10 есе көбейді. Оның ішінде металшы жұмысшылар одақта 9 есе артқан болса, Орта Азияда 18 есе, машинаштыр одақта 15 есе өскен болса, Орта Азияда 39 есе, тракторшылар, комбайншылар және шоферлер одақта 260 есе көбейген болса, Орта Азияда 628 есе; инженерлер, техниктер және агрономдар одақта 18 есе өскен болса, Орта Азияда 38 есе өсті.

Бұрын отарлық езгінің қасіретін көп тартқан халықтарға социализм берген шынайы бостандықтың жемісі міне осындай. Бұларды келтіріп, Никита Сергеевич былай деп тұжырымдады: «Шығыс елдерінің мәшеулікті, қайыршылықты, ауруларды, надандықты бір ұрпақтың өмірі ішінде-ақ біржолата жойып, экономикалық жағынан алдыңғы қатардағы елдердің дәрежесіне жетуіне толық мүмкіндігі бар екені Россияның бұрынғы шет аймақтарының тәжірибесімен дәлелденіп отырғанын біз мақтан етеміз».

Социализмнің бұлар сынды тарихи жемістерін бұрын «бұратаналар» деп аталып, көріне кемсітіліп келген ұлттар мен халықтар ерекше мақтан етеді. Сонымен бірге олар өздерін бостандыққа жеткізгені үшін, қоғамдық саяси өмірдің барлық саласында толық теңдік беріп, еркін даму жолына түсіргені үшін туысқан Коммунистік партияға, Совет үкіметіне, аға да жетекші халық — ұлы орыс халқына шексіз алғыс айтады.

Социализм Совет Одағы халықтары мен ұлттарының кіршіксіз таза достығы мен болаттай бірлігін орнатты, олардың өзара туысқандық көмегін кең өрістетті. Еліміздің халықтарының достығы мен бірлігі ұлы Отан соғысының қатал сынынан сүрінбей өтіп, шыңдала түсті. Кәзір ол — елімізде кең өріс алған коммунистік құрылыстың қозғаушы күштерінің бірі.

Совет Одағы халықтарының өзара туысқандық көмегінсіз барлық ұлттық аймақтарда социалистік құрылысты ойдағыдай өрістетуге мүмкін емес еді, әсіресе ұлт республикаларында салынған, кәзіргі заманның күрделі техникасымен жабдықталған завод-фабрикаларды тез меңгеру, орасан мол тың жерді игеру, ұлт кадрларын даярлау сияқты шара-

ларды іске асыру мүмкін емес еді. Ал мұның бәрі біздің Қазақстанда басқа да ұлттық республикаларда орындалған іс, қол жеткен табыс болатын болса, ол алдымен халықтар достығы мен бірлігінің, социализм орнатқан жарасты жаңа қарым-қатынастың нәтижесі.

Халықтардың өзара көмегінің барған сайын ұлғайып, кеңейе түсуі, олардың бір-біріне жақындасуы, өзара араласуы Қазақстанның, басқа да республикалардың ұлттық құрамын өзгертті. Қазіргі Қазақстан — көп ұлтты республика. Республикадағы әрбір кәсіпорын, колхоз бен совхоз коллективі — бірнеше ұлт өкілінен құралған тату-тәтті семья. Мысалы, республикамыздың озық та бай колхоздарының бірі — Алматы облысының Сталин атындағы колхозында 26 ұлттың өкілі асқан ынтымақ бірлікпен еңбек етіп жүр. Оларды бір мүдделі етіп, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруға біріктіріп отырған күш — қоғамдық меншік, социализм, алдағы жарқын болашақ — коммунизм.

Өткен қырық жылда социалистік қоғам Қазақстан еңбекшілерін материалдық игіліктермен де кенелтті. Қоғамдық өндірістің үздіксіз өсіп, жаңа техниканың кең қолданылуы, еңбек өнімділігінің арта түсуі арқасында халықтың әл-ауқат дәрежесі ұдайы көтеріліп келеді. Жұмысшы қызметшілердің жалақысы жыл санап көбейіп, көпшілік қолды товарлар бағасы біртіндеп арзандап барады. Елімізде жұмысшы-қызметшілердің нақты жалақысы 1959 жылы 1940 жылмен салыстырғанда екі есе артты, бұл уақытта колхозшылар табысы 2,2 есе көбейді. Жалақысы төмен жұмысшы-қызметшілер үстіміздегі октябрьден бастап, табыс салығын төлеуден босады. Халықтың тұрмыс жағдайы, әсіресе, соңғы 5—6 жыл ішінде айтарлықтай жақсарды. Мұның нәтижесінде жаңа үй салу, үй жиһазын жаңарту кәзір әрбір шаруа әулетінде кездесетін оқиға. Ауқатты да мәдениетті тұрмысты бейнелейтін радиоқабылдағыш, тігін машинасы, кір жуғыш, шаң тазартқыш машиналар сияқты құнды мүліктер әрбір үйден табылады. Автомашиналары бар жұмысшылар, колхозшылар, ғылыми-қызметкерлер аз емес.

Халықтың тұрмыс дәрежесін көтеруге арналған күрделі шаралардың бірі — тұрғын үй құрылысы. Тұрғын үй жөніндегі кемтарлықты мемлекет таяуда толық жою міндетін алға қойды. Тұрғын үй құрылысы кәзір қай жерде болса да досты сүйіндіріп, дұшпанды күйіндірерлік қарқынмен кең көлемде жүргізіліп жатыр. Әрбір қала мен село үлкен құрылыс алаңына айналды. Тек соңғы екі жылдың ішінде ғана республикада 6,3 миллион шаршы метр тұрғын үй салынды. Бұл тұрғын үй құрылысын өрістетуге туралы партияның Орталық Комитеті қаулы алғанға дейінгі бес жылда салынған тұрғын үй көлемінен артық.

Социалистік қоғамның халық игілігі үшін қамқорлығы жұмыс уақытының біртіндеп қысқаруынан да айқын көрінеді. Өндіріс техникасының шапшаң өсуі, еңбек өнімділігінің артуы жұмыс уақытын біртіндеп қысқарта беруге, сөйтіп совет адамдарының жанжақты тәрбие алуына, рухани-мәдени қажеттерін қанағаттандыруына мол мүмкіндіктер туғызып келеді. Бұл мүмкіндіктерді Совет мемлекеті халық игілігі үшін пайдаланып та жүр. Соғыстан кейінгі жерде жұмыс уақыты 8—7 сағатқа дейін қысқарды. Мереке, демалыс күндері алдында қысқа жұмыс күні белгіленді. Үстіміздегі жылдың аяғына дейін еліміздегі барлық еңбекшілермен бірге Қазақстанның жұмысшы, қызметшілері де 7—6 сағаттық жұмыс уақытына көшеді. Шахталардағы тағы басқа сондай ауыр жұмыстағы еңбекшілер 6—5 сағаттық жұмыс уақытына көшті. Бұл — жетіжылдық жоспарда белгіленген жұмыс уақытын ұдайы қысқарта беру шараларының алғашқы адымы. 1964 жылдан бастап елімізде 35—30 сағаттық жұмыс аптасы енгізіледі, яғни жұмысшы қызметшілер аптасына екі күн демалыс алатын болады.

Міне мұның бәрінен социалистік қоғамның, оның жетекші де басқарушы күші Коммунистік партияның көздеген мақсаты мен айқын ны-

санасы жарқын бейнеленеді. Ол — қоғам мүшелерінің, адамның барлық материалдық және мәдени қажеттерін толық өтеу үшін күрес, ол — адамның шын мәнісінде еркін өсіп, жетілуі үшін, оның таланты мен қабілетінің сарқа ашылуы үшін күрес. Бұл, түптеп келгенде, елімізде кәзір кең көлемде жүргізіле бастаған коммунистік құрылыстың да негізгі мақсаты. Бұл мақсат совет адамдарын социалистік Отанға, туысқан Коммунистік партияға деген шексіз сүйіспеншілікке бөлейді, мұнан да жарқын болашаққа берік сендіреді.

Республикамыздың өнеркәсібінің еңбеккерлері қырық жылдыққа көрнекті сыйлықтармен келді. Өткен тоғыз айдың жоспарын олар мерзімінен бұрын 23 сентябрьде орындады. Өнеркәсіп өнімі өткен жылғы тоғыз аймен салыстырғанда 13 процент артық өндірілді. Оның ішінде кокстелетін көмір 20 процент, цемент 36, хромит рудасы 27, мақта торқасы 2 еседей, былғары аяқ киім 27 процент артық шығарылды.

Жетіжылдықтың ірі құрылыстарының коллективтері де даңқты мерекеге сай тарту әзірледі. Қарағанды металлургия заводының құрылысшылары бірінші домнаны пайдалануға берді. Қазақстан жерінде тұңғыш рет шойын қорытыла бастады. Мұның өзі республикамыздың барлық еңбекшілерінің зор мақтанышы болып отыр.

Еліміздегі ең ірі кен-байыту комбинаттарының бірі — Соколов-Сарыбай комбинатының бірінші кезегі іске қосылды. Асау Ертіс ауыздықталып, онда салынып жатқан Бұқтарма су электр станциясының алғашқы екі агрегаты ток бере бастады. Құрылысшылар жылдың аяғына дейін тағы екі агрегатты іске қоспақшы. Ақтоғайдан Қытай шекарасына дейін салынған ұзындығы 312 километрлік Достық жолы пайдалануға берілді.

Республикамыздың ауыл шаруашылығының еңбеккерлері де қырық жылдыққа көрнекті тарту әзірлеу жолында қажырлы күрес жүргізіп келеді. Мемлекетке астық тапсыру жөніндегі жоспарды Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Жамбыл, Алматы, Семей, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарының диқандары абыроймен орындады. Кәзір олар алған міндеттемелерін орындау үшін жұмылуда.

Республиканың малшылары мемлекетке ет, сүт, жүн сату тапсырмасын орындады, өткен қыстың шаруашылыққа өте қолайсыз болуына қарамастан, мал басын өсіру жоспарын да орындап шықты.

Қазақстанның 40 жылдығы құрметіндегі социалистік жарыста — коммунистік еңбек жарысында үздік шығып, жүлде алғандар көп. Олардың ішінде Қарағандының шахтерлері Б. Нұрмағамбетов пен П. Акуловтың, металлургтер Е. Байғазиев пен В. Грязиннің, даңқты механизаторлар Ж. Демеев пен М. Довжиктің, құрылысшылар Ү. Тұрмағамбетов пен П. Захарованың, жас тігінші М. Қамбарованың, мал өсірушілер Ж. Қуанышбаев пен А. Крейниктің есімдерін мақтанышпен атауға болады. Бұлар асқан ерлік еңбегімен, патриоттық істерімен өзінің де, республикасының да даңқын шығарып келеді.

Қазақстан еңбекшілері бүгінгі салтанатты мереке үстінде өткен қырық жылдағы тарихи жеңістерін қорыта отырып, ең бірінші жылы лебізін, шексіз алғысын сүйікті Коммунистік партияға арнайды, оның бұдан былай да, елімізде коммунистік құрылыс кең өріс алған дәуірде де советтік қоғамның жетекші де ұйымдастырушы ұлы күші бола беруіне зор сенім білдіреді. Марксизм-ленинизммен, қоғамның даму заңдарымен мықтап қаруланған біздің жеңімпаз партия халқымызды коммунизм шыңына қарай бастай береді. Коммунистік құрылыстың партияның ХХІ съезі белгілеген айбынды программасын іске асыра отырып, Қазақстан еңбекшілері тағы да жаңа зор жеңістерге жетеді.

ШЫҒЫСТАҒЫ ШҰҒЫЛА

Ж. ТӘШЕНЕВ

Қазақ ССР Министрлер Советінің председатели

Қатал тарихтың қалың шымылдығы шын серпілген күн 1917 жылғы 7 ноябрь болды. Дербес мемлекеттік бостандық пен тәуелсіздік дегеннің дәмін татпаған қазақ халқының да бақыты шын ашылған күн осы күн болды. Тарихтың тұнығында қалып, қараңғылықтың қаймағын бұза алмай дағдарған халық дабылдатқан даңқты ұранды құмарта, сүйсіне тындайтын. Әліби Жанкелдин, Аманкелді Иманов, Сәкен Сейфуллин, Әділбек Майкөтов, Тоқаш Бокин сынды жүйріктердің ғана еншісі болмаған бұл ұран қазақ халқын бірден баурады.

Бостандық, теңдік, тыныштық, жарастық деген асыл сөз халықтың көкейінде көптен жүрген аяулы арман еді. Осы арманды ардақтаған құбылыс — Ұлы Октябрь социалистік революциясы қазақ халқының да ең қымбат дүниесіне айналды. Сар далада сарғайған халық сап алтындай сақтаған үміті енді көрінгенін жүрегімен аңғарды, В. И. Ленин жолына шынымен ауды. Ол алашорданың, ұлтшылдардың ызыңына, байбаламына алаңдамады, алданбады, бұрылмады.

Қанаты талмаған құс қана өтетін өлкеде мұндай талғампаздық болғаны кездейсоқ емес. Ұлы Октябрь революциясы халықтардың асыл арманын арқалады. Революцияны, оның ұйытқысы — жұмысшы табын Коммунистік партия ұйымдастырды. Бұл партия жұмысшы мен шаруа мұңын, мүддесін, мақсатын толық бейнеледі. Ленин партиясының бұл қасиеті көп жылғы қиын күресте айқын көрінді. Осыған орай халықтың ықласы ауған революция тосын-тосқауылды жайрата өрістеді. Бас аяғы бес-алты айдың ішінде Қазақстанның кең байтақ өлкесінде совет өкіметі түгел орнады. Қазақстан халқының ойын, еркін бейнелеген съездер совет өкіметін толық қуаттады. Бірғыз Советтерінің екінші съезі 1920 жылғы июльде В. И. Ленин мен И. В. Сталинге жолдаған телеграммада былай деп жазды: қазақтар совет өкіметіне шын берілген, өйткені совет өкіметі езілгендер мен бақытсыздардың шын панасы... біз, қазақтар халықтар достығын да құттықтаймыз... Социалистік мәдениеттің нұрына бөленгенде қазақтың жалпақ елі социалистік отанның сүйеніші, қорғанышы болады.

Бүкіл халықтың ойы, жолы осы болды. Сол жолмен алға өрлеген халқымыз енді Ұлы Октябрь социалистік революциясының 43 жылдығын мерекелегелі отыр. Ол Октябрьде туған тәл мемлекетінің 40 жылдығын тойлап отыр.

1920 жылғы августа В. И. Ленин мен М. И. Калинин Қазақтың Автономиялық Советтік Социалистік республикасын құру туралы декретке қол қойды. Соның негізінде 4 октябрьде Орынбор қаласында Қазақстан Советтерінің бірінші Құрылтай съезі болды. Бұл күн қазақтың советтік социалистік тұңғыш мемлекетінің туған күні. Бұл — бүкіл қазақ халқының мерекесі. Ұлы орыс халқы да және еліміздің басқа халықтары да бұл күнді атап өтеді. Партия мен үкіметтің, ұлы орыс халқының мейірбан көмегінің, қамқорлығының, қайырымдылығының айқын жемісі болған бүгінгі маңдайалды мемлекетіміз халықтар достығының да

айғағы. Совет халықтарының өзара ынтымағы, достығы, көмегі болмаса іргесі жоқ елді қысқа мерзімде қуатты индустриялы-аграрлы мемлекетке айналдыру мүмкін емес еді.

Революцияға дейін Қазақстанда өнеркәсіп жоктын қасы болғаны мәлім. Өнеркәсіптің тұтқасы — электрді халық мүлде білмейтін. Ауыл шаруашылығының жетекші саласы — егіншіліктің жайы да мәз емес еді. Жалғыз-ақ мал шаруашылығы негізгі кәсіп болды. Оның өзі де аса берекелі болмады. Мал тұяғына лайық өмір құрған ел іргелі орта, берік дәстүр жасай алмады. Руға, тайпаға бөлініп, «алтау ала» болып жүргенде бірлік те, береке де қашты. Патша үкіметі алауыздықты қоздырып, отаршылдық саясатты нығайта түсті, «Қылыштың жүзі, мылтықтың аузында болды жанымыз» деп акын айтқандай ауыр кезең болды.

Қазақ халқының аяулы ұлдары Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Ыбрай Алтынсарин халықты бұл тұйықтан шығаруды, алдағы апаттан құтқаруды арман етті. Олар өз халқының бақыты ұлы орыс халқының тағдырына байланысты екенін анық сезді, елді орыс халқымен дос болуға шақырды. Бұл арман Ұлы Октябрьде жүзеге асты. Ұлы орыс халқымен, еліміздің басқа да халықтарымен арадағы мызғымас достық, берік бірлік, нық ынтымақ қазақ халқының айнымас бақыты болды.

В. И. Лениннің шет аймақтары ұлттарды озық ұлттардың дәрежесіне көтеру, олардың капитализмді аттап өтуіне көмектесу туралы нұсқауына сәйкес еліміздің халықтары қазақ халқына жәрдемін аяған жоқ. Қазақстанда көмірлі Қарағандыны игеруге, өркендетуге Донбасс кеншілері көмектесті. Ембінің мұнайын ұқсатуға Баку атсалысты. Алтайдың бай кенін жаратуға Ленинград күш салды. Қазақстанды электрлендіруге Урал жұмысшылары көмек берді. 1930 жылы Москва облысының өнеркәсібі Қазақ ССР өнеркәсібін қамқорлыққа алды. Осындай қамқорлықтың нәтижесінде Қазақстанда өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, транспорт, ғылым, мәдениет қарыштап өркендеді. Бұл өрлеу социализм жолына түскен елдердің ерен мүмкіндігін анық аңғартты. Капиталистік езгіден, қанаудан, тежеуден, озбырлықтан құтылып, жарасты тұрмысқа бөленген халықтардың жасампаздығы Қазақстанның тәжірибесінен айқын көрінді.

Бас-аяғы жиырма жылдың ішінде Қазақстанда жүздеген өнеркәсіп орны пайда болды, оның ұзын саны 2580-ге жетті. Ал революцияға дейін Қазақстанда небәрі 307-ақ кәсіпорын бар еді, оның дені техникаға өте ділгер болды. Ал Советтік Қазақстанның өнеркәсібі ең жаңа техникамен жарактандырылды. 1939 жылы көмір өнеркәсібінің өнімі 1913 жылғымен салыстырғанда 70 есе артты, электр қуатын өндіру 184,4 есе ұлғайды. 1939 жылы халық шаруашылығының жалпы өнімінің 58,9 проценті өнеркәсіп өнімі болды. Совет өкіметі тұсында қайта құрылған және салынған Лениногор полиметалл комбинаты, Шымкенттің М. И. Калинин атындағы қорғасын заводы, Ертіс, Қарсақпай және Балқаш мыс заводтары, Ақтөбе химия комбинаты, Семейдің ет комбинаты, Гурьевтің балық-консерві комбинаты Қазақстанның мақтанышына айналды. Республикамызда машина жасау өнеркәсібі, химия өнеркәсібі, түсті металлургия сияқты шаруашылықтың соны саласы пайда болды, өркендеді. 1931 жылы Совет Одағындағы және Европадағы ең ірі Балқаш мыс қорыту заводы салынды. Бұл Қазақстан жөніндегі лениндік қамқорлықтың тамаша көрінісі болды. Қазақстандағы өнеркәсіп алыбының бірі — Балқаш мыс комбинаты 1939 жылы Қазақстанда революцияға дейін 200 жылда қорытылған мыстан екі есе артық мыс қорытты. Жаңа заманның құлашы, жаңа өмірдің адымы осылай келеді! Ағылшын капиталисі Уркварттың 1927 жылғы бір өрескел қылығы, арам ниеті,

бишаралығы осы тұста еріксіз есіне түседі. Елу — жүз жылсыз мұршан болмас, Балқаштың маңын маған бере тұр деп ол Совет үкіметінен рұқсат сұраған болатын. Көне өлшем, ескі түсінік шырмаған Урквартты біздің тарих келеке етті.

Партия мен үкімет Қазақстанда түсті металлургия өнеркәсібін өркендетуге зор маңыз берді. Егер республикамыздың түсті металлургиясына бірінші бесжылдықта 123,8 миллион сом жұмсалса, екінші бесжылдықта 710 миллион сом жұмсалды. Осының арқасында Қазақстан түсті металлургиясы өнеркәсіптің жетекші саласына айналды. Республикамыздың түсті металлургиясы сондай-ақ үшінші бесжылдықта күшті қарқынмен дамыды. Текелі полиметалл комбинаты мен Өскемен мырыш заводы үшінші бесжылдықта ірге көтерді. Үкімет пен партияның Қазақстан түсті металлургиясына қаншалықты маңыз бергенін мынадан көруге болады. 1938—1939 жылдары Қазақстанның ауыр өнеркәсібіне жұмсалған 809 миллион сомның 604 миллион сомы түсті металлургия өнеркәсібіне жұмсалды.

Қазақстан түсті металлургиясы соңғы жылдары да мықтап өркендеді. 1956 жылы бүкіл Совет Одағында шығарылған рудадағы мыстың — 60,3 проценті, қорғасынның — 58,2 проценті Қазақстанда өндірілді.

Республикамыздың еңбекшілері көмірлі Қарағандыны орынды мақтан етеді. Совет өкіметі жылдарында ғажайып өркендеген Қарағанды еліміздің үшінші көмір базасының орталығы. Екібастұз пен Ленгер кеншілері Қарағанды шахтерінің елімізге тартқан сыбағасын молайта түсетін өрендер. Қазақстан шахтерлері 40 жылда даңқты жолдан өтті. «Қара алтынды» молайту жолындағы күрестің ардагері Түсіп Күзембаевты бүкіл республикамыз біледі. Жаңашыл Петр Акуловтың, талантты өнертапқыш Семен Макаровтың бесігі Қарағанды болды. Социалистік Еңбек Ері Бәшір Нұрмағамбетов, СССР Жоғарғы Советінің депутаты Еркеш Таушкин сияқты маңдай алды адамдар еңбегімен ел сүйсіндіреді. Осы ерен еңбектің нәтижесінде және партия мен үкіметтің үздіксіз қамқорлығының арқасында республикамызда көмір өнеркәсібі мықтап дамыды. Қазақстанда көмір өндіру революциядан бұрынғы дәуірмен салыстырғанда 300 есе артты. 1913 жылы бүкіл патшалық Ресейде қанша көмір өндірілсе, кәзір Қазақстанда содан едәуір артық көмір өндіріледі. Көмірді республикамыз Канада, Австрия, Австралия сияқты елдердің әрқайсысынан артық өндіреді. Қазақстан көмірі Магнитогорск, Орск, РСФСР, Өзбекстан өнеркәсібіне төгіледі.

Аса ірі Құсмұрын қоңыр көмір кені, сондай-ақ Майкөбе, Теңіз-Қоржынкөл, Қушоқы, Кендірлік кендері ертеңгі мол байлықтың тын көзі.

Қарағандының серіктері Теміртау, Саран ежелгі қалалармен иық салыстыруға жарап қалды. Теміртау республика қара металлургиясының орталығы. Мұнда ірге көтерген Қарағанды металлургия заводын халқымыз «Қазақстан магниткасы» деп сүйсіне мадақтайды. Бұл завод Магнитогорск металлургия комбинатынан басқа кәсіпорынды алға салмайды. Ол биыл шойын бере бастады. Бұл завод түбі Қазақстан мен Орта Азия республикаларын қара металға кенелтеді. Завод рельс, прокат, балқытпай созылған лента, ақ қалайы, тұтас тартылған және пісірілген диаметрі әртүрлі трубалар, шойын және кокс өндіреді. Бұл заводтың бірінші домна пешінің іске қосылуына байланысты құттықтауда КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі «Қарағанды металлургия заводын іске қосу Қазақ ССР-ін онан әрі индустрияландыру ісіне қосылған зор үлес, Сибирь мен Қазақстанның соңғы жылдары жаңадан ашылған темір рудасы кендерін пайдалану негізінде еліміздің шығысында үшінші қуатты металлургия базасын жасау туралы

КПСС XXI съезінің директиваларын нақты іс жүзіне асырғандық» деп жазды.

Қостанай экономикалық ауданы қара металлургияның аса маңызды өңіріне айналды. Мұндағы аса бай темір рудасын пайдалану Қазақстанда, сондай-ақ Оңтүстік Урал мен Батыс Сибирьде өнеркәсіпті жедел өркендетуге үлкен мүмкіндік туғызды. Соколов-Сарыбай, Лисаков, Қашар, Әйет сияқты кендер Қазақстанның даңқын арттыра түсті.

Республикамызда химия, машина жасау, мұнай, энергетика, құрылыс және құрылыс материалдары өнеркәсібі, транспорт, байланыс құралдары мықтап өркендеді. 1950 жылы Қазақстанда 2 620 миллион киловатт-сағат электр қуаты өндірілді, мұның өзі революциядан бұрынғы бүкіл Россияның өндіргенінен артық. Кәзір Қазақстан жылына 9,5 миллиард киловатт-сағат электр қуатын өндіреді. Жан басына электр қуатын өндіру жөнінде республикамыз Пакистан, Түркия сияқты елдер түгіл Азияның ежелгі мықты мемлекетінің бірі Жапонияны да басып озды. Өскемен, Бұқтарма су электр станциялары, Қарағандының № 2 мемлекеттік аудандық электр станциясы, № 2 Озерная су электр станциясы республика еңбекшілерін сүйсіндірген мол табыстың бірі.

Құрылыс және құрылыс материалдары өндірісін кең өркендету республикамыздың көрнекті жетістігінің бірі. Республикада бес жүзден астам құрылыс ұйымы бар, онда 400 мың жұмысшы істейді. Қазақстанда совет өкіметі тұсында салынған қалалар: Қарағанды, Балқаш, Теміртау, Кентау, Жезказған, Текелі, Степняк, Рудный және басқалары, ең алдымен құрылысшылар туындысы. Құрылыс материалдарын өндіруді ұлғайту республикамыздың халық шаруашылығын дамытуға орай іс болды. Қазақстанда құрылыс материалдарын өндірудің жалпы көлемі 1956 жылы 1913 жылғыдан 3 117 есе асып түсті. Семейдің, Шымкенттің, Қарағандының цемент заводтары сияқты алыптар пайда болды. Цемент, әк, гипс, гипс-блок пен шлак-блок, черепица, темір-бетон тақылетті материал өндіру игерілді. 1962 жылдан бастап республикамыз цемент жөніндегі мұқтаждықты толық өтеп отырады. Биылдың өзінде темірбетон шығару 1955 жылға қарағанда 15 есе артады.

Өнеркәсіптің, құрылыстың, бүкіл шаруашылықтың үдемелі қарқынмен өркендеуі транспортқа байланысты. Кәзір Қазақстанда транспорттың барлық түрі бар. Транспорт ең жаңа машинамен жасақталды. Тепловоз, электровоз анағұрлым көбейді. Кәзіргі барлық жүктің 52,5 проценті тепловоздармен тасылады. Халық шаруашылығы үшін аса маңызды бірнеше темір жол желісі тартылды. Революцияға дейін Қазақстанның кең даласындағы темір жолдың ұзындығы 2 611 километр болатын. Қырық жылда темір жол ұзындығы 5 есе ұлғайды, ал жүк айналымы 45 есе өсті. Республика темір жолының жүк айналымы Англия, Италия, Батыс Германия сияқты үш елдердің жүк айналымымен бірдей. Бүкіл республикамыздағы темір жолды біріктіру күрделі шара болды, жетіжылдықта тағы да 1 600 километр темір жол салынады.

1953—1958 жылдар Совет Одағының өміріндегі шоқтығы биік кезең болды. Бұл жылдары Коммунистік партия аса маңызды саяси және экономикалық шараларды жүзеге асырды. Партияның XX съезі еліміздің дамуында, халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысында маңызды жаңа кезең бастаған ең ірі тарихи оқиға болды. Съезд елімізде коммунизм орнатудың нақты міндеттерін белгілеп берді. Коммунистік партия бүкіл халқымызды СССР-дің негізгі экономикалық міндетін тез орындауға жұмылдырды. Еліміз жан басына өнім өндіру жөнінде жоғары дамыған капиталистік елдерді таяу жылдарда қуып жетуге тиіс. Бұл үлкен міндетті орындауға Қазақстан елеулі үлес қоса алады. Қазақстанның мол табиғи байлығын кеңінен пайдаланып, оның

өнеркәсібін, ауыл шаруашылығын мейлінше өркендету республика партия ұйымы мен үкіметінің үздіксіз көңіл бөлген мәселесі. Бұл жұмысымызға КПСС Орталық Комитеті мен Одақтық үкімет үнемі көмектесіп, бағыттап отырады. Одақтас республикалардың правосын кеңейту бізге үлкен де жауапты міндет жүктейді. Партия мен Совет үкіметінің директиваларын орындау жұмысының дәрежесін мейлінше биік дәрежеге көтеру, кадрлардың айқын мақсатқа жұмыла іскерлікпен, жұмыстағы нақтылықпен қызмет істейтін болуын, олардың көздеген нысанаға жету жолындағы қажырлылығы мен табандылығын күшейту парыз.

Мемлекеттік аппарат жұмысты шебер, икем және пәрменді ұымдастыруға тиіс. Совет органдарының жергілікті жерде жұрттың көкейтесті тұрмыс мәселелерін шешуіне жауапкершілігін арттыра беру, жергілікті Советтердің еңбекшілерге қызмет ету жұмысына бақылауды күшейту, еңбекшілердің мұқтажына, тілегіне селқос қарайтын және адамға қамқорлық жасамайтын қызметкерлерге қатаң талап қою міндет.

Өнеркәсіп пен құрылысты басқаруды қайта құру партия жүзеге асырған көрнекті жұмыстың бірі болды. Осының арқасында басшылық өндіріске жақындады, жергілікті мекемелердің жауаптылығы, правосы өсті, еңбекшілердің белсенділігі артты. Партиямыздың Орталық Комитеті Пленумдарының халық шаруашылығындағы техникалық прогресстер туралы қарарлары бүкіл өнеркәсіпті өрге бастырудың анық жолын көрсетіп берді. Қазақстан кәсіпорындарында жаңа техниканы өндіріске енгізу жақсарып келеді, өндірісті автоматтандыру және механикаландыру жүзеге асырылуда.

1954—1958 жылдары республикамызда 700-ден астам жаңа кәсіпорын және цех салынып, пайдалануға берілді. Жаңа жеті шахта іске қосылды. Сөйтіп, республикамыздың өнеркәсібі бұрынғыдан да мықтап дамытылды. Кәзір Қазақстанның өнеркәсібі өнімді 1913 жылғыдан 51 есе артық шығарады. Бұл Коммунистік партияның лениндік дана ұлт саясатын жүзеге асырудың айқын жемісі.

Совет өкіметі жылдарында Қазақстанның ауыл шаруашылығы мейлінше өркендеді. 595 мың шаруа шаруашылықтарының орнында құрылған колхоздар ауыл мен деревняның бүкіл экономикалық базасын өзгертуге, өркендетуге себеп болды. Кәзір республикамызда 1400-ден астам колхоз бар, олардың әрқайсысының жыл сайынғы табысы (орта есеппен алғанда) 5 миллион сомнан асады. Республикадағы 900-ден астам совхоз ауылшаруашылық өнімін молайтудың нық тірегі. Совхоздар астықтың жалпы түсімінің 63,3 процентін өндіреді, ал товарлы астықтың 68,6 проценті совхоз өнімі. Колхозымыз да, совхозымыз да осы заманғы озық техникамен қаруланған. Қазақстанның ең даласында 300 мыңдай трактор, 100 мыңға жуық комбайн және басқа да көптеген ауылшаруашылық машиналары бар. Республика ауыл шаруашылығы алуан салалы кәсіп. Қазақстанда 60-тан астам ауылшаруашылық дақыл өсіріледі. Мыңғырған мал да кенде емес. Совет Одағындағы қойдың төрттен бірі, ірі қараның 7,7 проценті Қазақстан малы. Республикамыз жүн және қаракөл елтірісін дайындауда елімізде екінші орын, ет жұмыртқа, тері дайындау жөнінде үшінші, ал сүт талсыру жөнінде төртінші орын алады.

Еліміздің ауыл шаруашылығын күрт өркендету жөнінде партия жүзеге асырған шаралардың тарихи зор маңызы болды. Астықты молайту туралы міндетке орай Қазақстанның миллиондаған гектар тын және тынайған жерін игеру республикамыздың бейнесін мүлде өзгертті. Партияның Орталық Комитетінің, Совет үкіметінің және Н. С. Хрущев жолдастың қамқорлығының, көмегінің арқасында Қазақстан 1954—

1960 жылдарда 24 миллион гектардан астам тың және тыңайған жер игерді. Қазақстан тыңын игеруге туысқан республикалар түгел көмектесті. Партияның шақыруымен мыңдаған жастар жаңа жерге, жаңа қонысқа аттанды. 1954—1956 жылдары Қазақстанға 640 мың адам келді.

Мемлекет республикамызға үлкен көмек көрсетті. 1954—1955 жылдарда ғана Қазақстан (15 аттың күшімен есептегенде) 122 мың трактор, 26 мың комбайн, 22 мың автомобиль және басқа көптеген техника алды. Республикамызда 337 жаңа совхоз құрылды. Тың жерлерде жүздеген километр темір жол тартылды, тас жолдар салынды. Соңғы алты жыл ішінде барлығы бес жүзден астам совхоз құрылды.

Осы күрделі жұмыстың нәтижесінде Қазақстан астық өндіру жөнінде елімізде екінші орынға шықты. 1956—1959 жылдары Қазақстанда жыл сайын жиналған жалпы астықтың мөлшері 1 150 миллион пұт болды. Ал 1950—1953 жылдары жыл сайын жиналған астықтың мөлшері 251 миллион пұт болатын. Тың және тыңайған жер игерудің нәтижесінде астық өндіруді Қазақстанның бір өзі 4,6 есе арттырды. Астық өндіруді молайту жолындағы табысы үшін республикамызға 1956 жылы Ленин ордені берілді. Астықты өлке—Ақмола, Көкшетау, Павлодар, Қарағанды және Батыс Қазақстан облыстары да Ленин орденімен наградталды.

Астық өндіруді мықтап ұлғайту арқасында Қазақстанның бүкіл ауыл шаруашылығын, әсіресе мал шаруашылығын өркендетуге жағдай жасалды. Қазақстан еңбекшілері жан басына ет, сүт, май өндіру жөнінде Америка Құрама Штаттарын таяу жылдарда қуып жету жолындағы жарысқа жұмылды. Бұл жарыстың С. Дәулетқалиев, Д. Жақсылықова, А. Крейник, Қ. Афанасьев сияқты ерендері қоғамдық малды көбейтудің, оның өнімділігін арттырудың мол мүмкіндіктері бар екенін көрсетті. Кәзір қоғамдық мал шаруашылығының өнімділігі жылдан жылға артып келеді. 1954—1958 жылдарда Қазақстанның колхоздары мен совхоздары 1949—1953 жылдарға карағанда ет өндіруді 51 процент, сүт өндіруді 46 процент, жүн өндіруді 38 процент арттырды.

Партияның XXI съезі бүкіл еліміздің өміріндегі аса көрнекті оқиға болды. Бұл съезді халқымыз коммунизм құрылысшыларының съезі деп атап кетті. Съезд СССР халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспарын белгіледі. Жетіжылдық жоспар социализмнің капитализммен экономикалық жарысының жаңа, шешуші кезеңіне айналды. Совет халқы Коммунистік партияның басшылығымен социалистік экономиканы дамытуда үлкен табыстарға жетіп отыр, соның арқасында ол экономика жағынан Америка Құрама Штаттарымен ойдағыдай жарыса алатын, осы жарыста үздік шығатын болып отыр.

Жетіжылдық жоспарды жүзеге асыру еліміздің экономикасын нығайтады, мәдениетін көтереді және халықтың әл-ауқатын жақсартады. Бұл жоспар бойынша еліміздің табиғи ресурстары және пайдалануға неғұрлым тиімді жерлері шаруашылық айналымға енгізіледі, өнеркәсіп шикізат пен отын шығатын жерлерге бұрынғыдан да жақындай түседі. Одақтас республикалардың және ірі экономикалық географиялық аудандардың шаруашылығы комплексті дамытылады.

Жетіжылдық жоспар Қазақстанның халық шаруашылығын мықтап дамытуды көздейді. Республикамыздың түсті металлургиясы, энергетикасы, машина жасау, химия, мұнай, көмір, цемент, тамақ және жеңіл өнеркәсібі мықтап өркендейді. Жеті жылда республикамыздың халық шаруашылығына 116—119 миллиард сом күрделі қаржы жұмсалады, бұл Совет өкіметі жылдарында жұмсалған күрделі қаржыдан да артық. Жетіжылдық жоспарды орындау нәтижесінде Қазақ ССР өнеркәсібінің жалпы өнімі 1958 жылғыдан 2,7 есе артық болады. Сонда республика-

мыздың өнеркәсібінің жалпы өнімінің мөлшері революцияға дейінгіден 100 есе артық болады. 1959—1965 жылдары республикамызда 240 ірі кәсіпорын пайда болады.

Жеті жылда республикамыздың ауыл шаруашылығы да мейлінше өркендейді. Қазақстанда астықтың жыл сайынғы түсімі кемінде бір жарым миллиард пұт болуға тиіс. Мал шаруашылығы, әсіресе қой шаруашылығы күрт өркендетіледі. Жетіжылдық жоспарды өндірістік өрлеу үстінде қарсы алған еңбекшілер мал шаруашылығы өнімін өндіру және сату жөніндегі оның міндеттерін 1963 жылы орындауға бел байлады. 1965 жылы міндеттемеге орай Қазақстан 1 250 мың тонна ет, 3 975 мың тонна сүт, 118 мың тонна жүн өндіруге тиіс. Шитті мақта жинау мөлшері 250—290 мың тонна, қант қызылшасы 2 465 мың тонна болуға тиіс.

Тын игерген аудандарда көп тұрғын үй және мәдени-тұрмыс орны салынады. 1959—1961 жылдары бұл өңірдегі тұрғын үй құрылысына мемлекет үш миллиард төрт жүз миллион сом жұмсайды. Сонда 3 812 мың шаршы метрлік тұрғын үй тік тұрғызылады. Бұл жылдары бес жүзден астам асхана, үш жүздей наубайхана, бір мың екі жүзден астам дүкен және т. б. құрылыстар салынады.

Жеті жылда республика ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігі мықтап артады. Колхоздарда бұл уақыттың ішінде еңбек өнімділігі екі есе, ал совхоздарда 60—65 процент өседі. Ауыл шаруашылығында электр қуатын пайдалану мейлінше ұлғаяды. Колхоз-совхозда электр қуатын пайдалану дәрежесі 1965 жылы 1958 жылға қарағанда 4 есе өседі.

Қазақстан еңбекшілері жетіжылдық жоспар белгілеген осы міндеттерді ойдағыдай жүзеге асырып келеді. Республикамыздың өнеркәсібі 1959 жылғы жоспарды және биылғы тоғыз айлық жоспарды артығымен орындады. 1959 жылы өнеркәсіптің жалпы өнімі 1958 жылғыдан 13 процент артық болды. Өнеркәсіп өнімінің ұлғаю қарқыны биыл былтырғыдан едәуір басым. Мұның өзі өнеркәсіпте жетіжылдық жоспар ойдағыдай орындалады деген сенім туғызады.

Республиканың ауыл шаруашылығы 1959 жылы едәуір табыстарға жетті. Былтыр Қазақстанда ет 1958 жылғыдан 68 процент артық өндірілді. Республикамыз мемлекетке ет, сүт, жүн, мақта және жұмыртқа сатудың жоспарын орындап шықты. Қоғамдық мал шаруашылығы өркендеді. Ірі қара, қой-ешкі және шошқа едәуір көбейді. Республикамыздың 87 ауданы мемлекетке астық сату жөніндегі міндеттемесін орындады. Ал бүкіл республикамыз 1959 жылы мемлекетке 700 миллион пұт астық сатты.

Биыл республикамыздың қырық жылдығын өндірістік тартулармен қарсы алу жолындағы социалистік жарысты өрістете отырып, республикамыздың еңбекшілері мемлекетке мал шаруашылығының өнімдерін мейлінше көп сатуға ұмтылуда. Республикамыз мемлекетке ет, сүт сатудың тоғыз айлық жоспарын орындап шықты. Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Жамбыл, Алматы, Шығыс Қазақстан, Семей, Оңтүстік Қазақстан облыстары мемлекетке астық сату жоспарын орындады. Қазақстанның мол астығы үшін күрес ойдағыдай нәтижелер берді.

Қазақстан бұл күнде бүкіл әлемге әйгілі мәдениеті өскен ел болды. Бейбітшіліктің ардагері, ізгі ниетті адамзаттың үміті Н. С. Хрушев жолдас Қазақстанның табыстарын биылғы октябрьде әлем алдында паш етті. Екі ғылым академиясы, 27 жоғары оқу орны, ондаған техникумы мен училищесі, он мыңнан астам мектебі бар республикамыз ежелгі елдермен еркін сынасуға жарайды. 1959 жылы әрбір мың адамның 13-нің жоғары, 234-нің орта және орталау білімі болды. Мазмұны со-

циалистік, түрі ұлттық мәдениетіміз шырқау биікке көтерілді. Қазақстан Шығыстағы шұғыланың дәл өзіне айналды.

Бүгінгі жұмысшы табын, колхозшы шаруаны және советтік интеллигенцияны орынды мақтан етуге әбден болады. Қазақстандықтар елімізде коммунизм орнату ісіне лайықты үлес қосып келеді. Халықтар достығы туы астында ілгері өрлеген Қазақстан бұдан былай да ұлан-асыр табысқа жетеді, сүйікті Коммунистік партия мен Совет үкіметінің басшылығымен коммунизмге қарай адымдай береді.

Қазақстан еңбекшілері Коммунистік партия мен Совет үкіметінің төңірегіне берік топтасқан. Қазақстан еңбекшілері партия мен үкіметтің ішкі және сыртқы саясатын толық қолдайды. Советтік Қазақстанның қырық жылдық мерекесін тойлау үстінде қазақ халқы партия мен үкіметке мың да бір алғыс айтады.



Өркен жайған ғылым

Академик Қ. СӘТБАЕВ,

Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті

Ұлы Октябрь революциясынан бұрынғы уақытта Қазақстан патшалық Россияның шалғай қиырда жатқан, ең артта қалған мешеу отарларының бірі болатын. Кеменгер көсеміміз В. И. Лениннің бейнелі түрде атағанындай, шетсіз де шексіз бұл байтақ өлкені «шала тағылық немесе барып тұрған тағылық» жайлаған еді. Ол кезде қазақ халқы табиғатқа қарап телмірген көшпелі тіршілік кешіп, мал өсіру кәсібімен ғана айналысатын. Әрбір жүз адамның екеуі ғана шала хат танытын.

Совет өкіметі тұсында Қазақстан адам нанғысыз гүлденіп өсті. Лениндік дана ұлт саясаты негізінде, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің кеменгер басшылығы арқасында әрі ұлы орыс халқының және Совет Одағын мекендеген басқа да бауырлас халықтардың туысқандық жәрдемімен Советтік Қазақстан еліміздегі өнеркәсібі мейлінше күшті, мәдениеті шарықтап өскен республикалардың біріне айналды. Өзінің қырық жылдық мерекесін ол осылайша кемеліне келген шағында қарсы алып отыр.

Советтік Қазақстанның ғылымы да әбден өркен жайып, алға басты. Қазір республикада Ғылым академиясы, Ауылшаруашылық Ғылым академиясы, ССРСР архитектура және құрылыс академиясының филиалы, 27 жоғары оқу орны бар. Қазақстан ғалымдарының зерттеу еңбектерінің шеңбері кең, әрі осы заманғы ғылымның бар саласын қамтиды.

Қазақ ССР Ғылым академиясының құрамында 29 ғылыми-зерттеу институты мен секторлар, екі музей, үш ботаника бағы, 19 ғылыми-зерттеу бөлімі мен лаборатория, орталық ғылыми кітапхана бар. Осындай ғылыми мекемелердің жалпы саны — 55. Мұнда республикалық академияның 39 академигі қызмет істейді. Олардың екеуі — ССРСР Ғылым академиясының толық мүшесі. Бұдан басқа Қазақ ССР Ғылым академиясының 35 корреспондент-мүшесі, 98 ғылым докторы мен 517 ғылым кандидаты бар. Тұтастай алғанда академияда бес мыңдай адам қызмет істейді.

Академияның 5 институты республикамыздың Өскемен, Қарағанды, Гурьев сияқты аса ірі өнеркәсіпті қалаларында орналасқан. Академияның әртүрлі институттарының жиырма шақты бөлімі мен лабораториясы Жезқазған, Теміртау, Соколов-Сарыбай, Лениногор, Зырян, Текелі тәрізді ірі-ірі заводтар мен рудниктерде тікелей ғылыми жұмыс жүргізуде.

Академияның ғылыми қызметінің негізгі бағыты республиканың аса бай табиғи қорларын зерттеу және игеру проблемаларына байланысты. Геологтар республикамыздың минералдық байлықтары мен геологиялық түзілістің ерекшеліктерін зерттеуде. Жезқазған, Қоңырат, Бозшақөл тәрізді және басқа да түсті металдар кенінің қоры орналасқан жерлерді тұңғыш рет барлап тауып, өнеркәсіптік тұрғыдан дұрыс баға берген де — солар. Геология ғылымының — металлогения аталатын жаңа саласы туды. Ол минералдық шикізаттың әр алуан түрлері мен қорларының табиғатта қалай таралып орналасқанын және соның заңдылықтарын зерттейді. Барлау мен іздеу жұмыстарын өнікті бағытта жүргі-

зу үшін мұның маңызы айрықша зор. Осындай еңбегі үшін Қазақстанның бірсыпыра ғалымдарына Лениндік сыйлық берілді. Геологтар жасаған металлогениялық болжау картасы арқасында Орталық Қазақстанда темір, мыс, қорғасын, мырыш сияқты түрлі металдар шығатын жаңа кендер ашылды, бұрыннан мәлім кендерге жаңадан дұрыс өндірістік баға берілді.

Геофизик-ғалымдар Қазақстан жерінің аса тереңдегі геологиялық құрамын сейсмикалық әдістер арқылы зерттеуде. Ал мұның Қазақстан даласындағы көптеген табиғи байлықтардың жасалу заңдылығын ашуда зор маңызы бар. Гидрогеология мамандары ірі-ірі өнеркәсіптік, әрі ауылшаруашылық аудандар орналасқан жерлердің астындағы су көздерін зерттейді.

Академияның ғалымдары республика кендерінде руда шығарудың тиімді жаңа әдістерін тапты. Терең скважиналарға арналып жаңадан бұрғылау саймандары жасалды. Бұлардың нәтижесінде Қазақстандағы бірсыпыра түсті металл рудниктерінде еңбек өнімділігі үш-төрт есе артты, ал шығарылатын руданың түсер құны екі есе кеміді. Академия ғалымдарының үлкен бір табысы — Қазақстан рудниктеріндегі жер асты жұмыстарына арнап, өздігінен жүретін аса жоғары өнімді машиналар жасап шығарғандығы. Мыс рудасын шығару жағынан елімізде бірінші орын алатын Жезқазған кенінде осы машиналар тәжірибе жүзінде қолданылып жүр. Соның нәтижесінде Жезқазғанда жер астында істейтін жұмысшылардың еңбек өнімділігі екі-үш есе артпақшы.

Академияның металлург-ғалымдарының жаңа зерттеулері арқасында Қазақстанда мыс, қорғасын, мырыш, алюминий және басқа сирек кездесетін металдар өндірісі мейлінше дами түспек. Академияның химиктерімен бірлесе, тізе қоса отырып, олар Қаратау кенінен шығатын фосфориттерден жер тыңайтқыш термофосфаттар және малға азық болатын фосфаттар алудың жаңа әдістерін тапты.

Химиктердің ұсынысы бойынша Балқаш комбинатында күкіртті натрий алудың үздіксіз тәсілі іске қосылды. Өскемендегі мырыш заводының өнімділігін анағұрлым ұлғайтарлық жаңа электролиздер де жасалды. Қазақстан Магниткасының қажеті үшін металлургиялық кокс дайындау әдісі табылды. Жаңа техникаға керекті таза металдарды амальгамдық химияның тәсілдері арқылы алу жолдары игерілді. Түсті металлургия заводтарының түтіні мен тозаңынан және басқа да қалдықтарынан түсті металдарды айырып алудың жолдары табылды. Полимерлік химияның жаңа әдістері бойынша жасанды мата жасайтын, жер астындағы мұнай мен газ жүретін құбырларды тотығудан сақтайтын және линолеум сияқты аса қажет заттарды жасайтын жаңа пластмассалар табылды.

Жердің қыртысын, топырағын, өсімдіктерді және жер астындағы суларды зерттейтін ғалымдарымыз Қазақстандағы ұлан-байтақ тың жерлерді игеру жолындағы тарихи іске өздерінің лайықты, татымды үлесін қосты.

Қазақстанның телегей-теңіз табиғи байлықтары, өсімдік қорлары совет адамының игілігіне жарап, кәдеге асуда. Қазақ жерінде ондатра, жанат, тиын сияқты терісі аса бағалы аңдар өсіп өнуде. Бұлардың халық шаруашылығына келтіретін пайдасы зор. Осы орайда академияның зоолог-ғалымдарының еңбегі айрықша екенін атап айтқан жөн.

Республикамыздың энергетик-ғалымдары өзендердің су қорларын барынша мол пайдалануға байланысты проблемалармен шұғылданды. Москвадағы Гидропроект аталатын одақтық жобалау институтының геологтарымен, мамандарымен тізе қоса отырып, олар Ертіс өзенінің суын Орталық Қазақстанға әкелудің жолын ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Осының негізінде Ертістен Қарағандыға дейін тартылатын су каналы үстіміздегі жетіжылдықта салынып бітпекші.

Академияның энергетик-ғалымдары мен металлурттері өндірістегі мамандармен бірлесіп отырып, кен қорытудың циклондық процесс дейтін аса өнімді әдісін тапты. Бұл әдістің өнімділігі Балқаш заводында зерттеліп айқындалды. Кәзіргі уақытта бұл әдіс сол заводта іске асырылуда.

Біздің академияның мұнай зерттеуші ғалымдары мұнай шығаруды 15 процент арттыратын және тереңнен атқылайтын мұнай скважиналарында ұшырасатын газ қуатын өндіріске пайдаланатын және бұрғылау техникасын жеделдететін жаңа тәсілдер тапты.

Аспандағы жұлдыздарды, тұмандықтарды зерттеу, жердің жасанды спутниктерін суретке түсіріп, зерттеу саласында академияның астрофизиктері аса бағалы ғылыми жұмыс жүргізді.

Күн сәулесін зерттеу және ядролық резонанс саласында, кен жыныстарын спектральдық жолмен зерттеуде академияның физиктері көрнекті табыстарға жетті. Біздің физиктер жасаған элементтердің спектральдық желілерінің атласы бүкіл Одаққа және шетелдерге де мәлім.

Осы сияқты күрделі де көрнекті жұмыстарды академияның математика, механика, физиология, микробиология, медицина саласындағы ғалымдары да атқарып отыр.

«Қазақ ССР тарихының» екі том болып басылып шығуы—республиканың мәдени өміріндегі елеулі оқиға. Бұл еңбекте Қазақстанның ерте замандардан бастап осы кезге дейінгі, яғни партиямыздың кезектен тыс ХХІ съезіне дейінгі аса ұзақ тарихы баяндалған.

Қазақстанның өндіргіш күштерінің жетіжылдықтағы даму қарқыны Одақты тұтас алғандағы орта мөлшерден едәуір жоғары. Республикамызда шойын, болат, мыс, қорғасын, мырыш сияқты металдарды өндіру, көмір мен мұнай шығару, химия мен энергетиканы дамыту, машина жасау, егін мен мал шаруашылығын өркендету ісі жыл сайын өсіп, өрлеп, ұлғайып отырмақ. Мұның бәрі академияның алдына халық шаруашылығының бар саласында техникалық прогресті қамтамасыз етуді, республиканың табиғат байлықтарын бұрынғыдан да мол әрі өнімді зерттеп пайдалануды маңызды міндет етіп жүктейді.

Осыған байланысты үстіміздегі жетіжылдықта ғылым академиясы ең алдымен республиканың ауыр өнеркәсібі жұмыстарын жаппай түгел механикаландыруға және автоматтандыруға қажет жұмыстармен шұғылданбақшы. Академияның геологтары республиканың ұлан-байтақ жерінің геологиялық құрылысын, ондағы кен байлықтарының орналасу заңдылықтарын зерттеу ісін кеңейте, күшейте түседі. Бұл ауыр өнеркәсіптің минералдық-шикізаттық базасын ұлғайтуға мүмкіндік береді. Гидрогеологиялық зерттеу жұмыстарының да шеңбері кеңейе түспек. Егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы жаңадан мықтап өркендей бастаған, ірі-ірі өнеркәсіп орындары орналасқан жерлердің су қорларының картасы жасалмақ, жаңа су көздері зерттеліп барланбақ.

Кен ісі ғалымдарының алдындағы күрделі міндет Қазақстан кендерінің барлығында да техникалық прогреске кеңінен жол ашу, өздігінен жұмыс істейтін кен машиналарын молынан пайдалану, жер астында еңбек ететін жұмысшылардың денсаулық жағдайларын жақсарту, олардың еңбек өнімділігін арттыру ісіне байланысты шараларды жүзеге асыру.

Сонғы уақытта руда шығару тәжірибесінде ең өнімді жол — руданы жер астынан шахта арқылы шығармай, жер бетінен қазылған орлар арқылы өндіру барған сайын кен етек алып келеді. Бұл тәсіл Қазақстанда Екібастұз көмір бассейнінде, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатында, үлкен Жезқазғанда және басқа да бірсыпыра кендерде қолданылып келеді.

Республиканың мұнай және газ байлықтарын болашақта кеңінен игеру, Ембідегі мұнай қорын пайдалануды ұлғайта, жетілдіре түсу жә-

не барлау жұмыстарын жеделдету, оның жаңа тәсілдерін табу жолында да күрделі зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Полиметалл, мыс және темір кендерінен ең бағалы, өмірге қажетті заттардың бәрін комплексті түрде айырып алу тәсілдерін табу, түсті және қара металдарды, сирек және шашыранды элементтерді өндіру процесін жетілдіру — металлург-ғалымдар баса назар аударатын келеді мәселелердің бірі.

Қостанай облысындағы Лисаков, Әйет кендерінің қоры да өте-мөте бай. Олар болашақта талай-талай жаңа заводтарды шикізатпен қамтамасыз ете алады. Сондай-ақ, ванадий, вольфрам, хром сияқты металдардың кен қорларын игеруге байланысты да күрделі зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл асыл металдардың қоры жағынан Қазақстан ең бай өлкелердің бірі болып отыр.

Химия ғалымдары өздерінің қызметін химия өнеркәсібін дамыту мәселелерін шешуге, әсіресе синтетикалық материалдар өндіру ісіне байланыстыра жүргізбек. Бұл ретте олар Қарағанды металлургия комбинаты мен мұнай өңдейтін заводтардың қосалқы өнімдерін, ал таяудағы уақыттың ішінде Орал — Ембі бассейнінің табиғи газын кеңінен пайдаланады. Минералдық тыңайтқыштардың жаңа түрлерін табу, табиғи тұзды пайдалану тәсілдері де зерттелуде. Бұлардың қоры республикада тіптен мол.

Сапасы нашар көмірден металлургиялық және энергетикалық отын алу, Қарағанды және Құсмұрын көмірлерінің қосындысынан металлургиялық кокс алу, сондай-ақ сұйық және газ тектес өнімдерді жасанды материалдар жасауға пайдалану мүмкіндіктері зерттелмекші.

Энергетика ғылымының алдында тұрған ең басты, түбегейлі проблема — Қазақстанның Біртұтас энергетикалық жүйесін жасаудың ғылыми негіздерін талдап зерттеу. Бұл энергетика қорларының алуан-алуан түрін халық шаруашылығының мұқтажына емін-еркін пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазақстанды сумен қамтамасыз ету үшін Сибирь өзендерінің суын пайдалану жобасы да бар. Республика үшін мұның маңызы ерекше зор. Өйткені, минералдық қорларға аса бай кейбір аудандарымызда су соншалықты тапшы.

Академияның экономистері ауыр өнеркәсіпті тиімді орналастырып, мамандандыруға және жаңа техника мен озат технологияны енгізудің экономикалық тиімділігіне байланысты мәселелермен шұғылдануда.

Физика, математика, медицина, биология және гуманитарлық ғылымдар да қанат жайып, дами бермек. Әсіресе ядролық физика, электроника, автоматика сияқты ғылымның жаңа, жас салалары қарыштап өспек.

Қоғамдық ғылымдар саласында социализмнен коммунизмге өтудің заңдылықтары, халық шаруашылығында еңбек өнімділігін арттырып, өнімнің түсер құнын кеміту жолдары, социалистік және коммунистік құрылыстың тарихы, әдебиет пен тілдің, өнердің күрделі мәселелері онан әрі зерттелетін болады.

Қазақ ССР Ғылым академиясы өзінің аса маңызды зерттеу жұмыстарын өнеркәсіп орындарымен тығыз ынтымақта жүргізеді, республиканың экономикалық аудандарының Халық шаруашылығы советтерімен тізе қосып, көшпелі сессияларды үнемі өткізіп отырады. Ондай сессияларда сол аудандардың өндіргіш күштерінің даму проблемалары талқыланады.

СССР Жоғарғы Советінің 1957 жылғы ноябрьдегі мерекелік сессиясында Ұлы Октябрь социалистік революциясының 40 жылдығы туралы жасаған баяндамасында Н. С. Хрущев жолдас Қазақстанды Совет Одағының табиғи байлықтарының сарқылмас қоймасы деп атады. Тіпті, кәзір геологиялық жағынан әлі толық зерттеліп болмаған кездің

өзінде Қазақстан мыстың, қорғасынның, мырыштың, кадмийдің, күмістің, хромның, ванадийдің, вольфрамның, молибденнің, фосфориттердің, минералдық тұздар мен талай-талай асыл да сирек, әрі шашыранды металдардың қоры жағынан елімізде ең алғы, жетекші орында. Темір, алюминий, никель, кобальт, көмір, асбест және басқа да табиғи байлықтардың қоры жағынан да Қазақстан Одақта көрнекті орын алады. Сонымен бірге Қазақстан жерінде табиғи газ бен мұнайдың қоры да сарқылмас мол.

Республиканың аса зор минералдық байлықтарын жоспарлы, жүйелі түрде пайдаланудың арқасында Қазақстан кәзірдің өзінде-ақ еліміздің ең қуатты индустриялы аудандарының біріне айналды.

Егін шаруашылығын, техникалық және жеміс дақылдарын, мал шаруашылығын өркендетуде де Қазақстанның қолда бар мүмкіндіктері ұшан-теңіз. Осынау ұлы да тарихи іске Қазақстан ғалымдарының қосқан үлесі аз емес.

Қазақстан ғалымдары алдағы уақытта да елімізде коммунистік құрылысты кең өрістетудің программасын белгілеген КПСС XXI съезінің қарарларын басшылыққа ала отырып, ұлы жетіжылдық жоспар алға тартқан абзал тарихи міндеттерді асқан жігермен, абыроймен орындап шығуға өзінің күш-жігерін, білімін аямай жұмсайды.

Капитализмге соқпастан социализмге өту—біздің заманның заңдылығы

С. БӘЙІШЕВ.

Адамзат өзінің ұдайы ілгері өрлеу жолында белгілі тарихи асулардан өтіп отырады, басқаша айтқанда, әртүрлі әлеуметтік-экономикалық формацияларды басынан кешіреді. Мұның өзі адамзат қоғамы дамуының жалпы заңдылығы, К. Маркс атап көрсеткендей, табиғи-тарихи процесс.

Адамзат қоғамының тарихы мұндай әлеуметтік-экономикалық формациялардың бес түрін біледі. Олар: алғашқы-қауымдық құрылыс, құл-иеленушілік құрылыс, феодализм, капитализм және социализм. Қоғам осы әлеуметтік-экономикалық формациялардың алмасуы, яғни ескісінің жаңасына, төменгі түрінің жоғарғы түріне ауысуы арқылы дамиды.

Бірақ бұл заңдылықты ғылым ғасырлар бойы аша алмай келді. Осыған байланысты қоғам туралы, оның дамуы жөнінде адамдар арасында теріс, діни түсініктер етек алды. Осының салдарынан бүкіл дүниені, бүкіл қоғамды барлығынан да жоғары тұрған бір ғана күш— бір құдай билейді деген идеалистік көзқарас жайылып кетті. Мұның өзі өмір шындығына, ғылымға қарама-қарсы келгенімен таптық қоғамдарда билеуші, үстемдік етуші, өзгені қанаушы таптарға өте тиімді де қолайлы келді.

Әрине, мұндай «ілімдер» қоғамның ең көпшілігі— еңбекшілер бұқарасын қанағаттандыра алмады. Еңбекші адамдар адамзат қоғамы қалай құрылған, қоғамда орын алып отырған теңсіздік пен әділетсіздікті, езу мен қанауды қалай жоюға болады, барлық адамдардың бір-бірімен тең болуы үшін және азат, бақытты өмір сүруі үшін не істеу керек деген мәселелерді білгілері келді. Адамзат тарихында бұл мәселелерге жауап бермекші болып барынша тырысқан, әрекет жасаған адамдар да аз болған жоқ. XVII ғасырдан бастап буржуазиялық ғалымдардың да талай өкілдері өздерінше теория жасамақшы болды. Соның бірі— бұдан үш жүз жыл бұрын орын алған, итальян ойшылы Дж. Вико ұсынған шыр айналу теориясы. Бұл теория бойынша адамзат өз дамуында үш сатыдан: құдай әмірімен діншілдер билейтін, феодал-крепостниктер әмірімен ақсүйектер билейтін және демократтар, яғни буржуазиялық мемлекеттер билейтін дәуірлерден өтеді. Адамзат осы үш саты арқылы біріндеп өтіп, үздіксіз шыр айналып отырады. Сөз жоқ, мұндай «теория» тарихи даму барысын түсіндіре алмады, өйткені, бұл, одан бұрынғы көзқарастардың барлығы тәрізді, реакцияшыл, шын ғылым тұрғысынан ешбір сын көтермейтін көзқарас еді.

Бұдан басқа да талай буржуазиялық ілімдер болды. Бұлардың бәрі тек әртүрлі атпен, әртүрлі әдіспен дүниедегі ең онды, ең мәңгілік қоғамдық құрылыс—буржуазиялық қоғам дегенді дәлелдеуге тырысты. Бұл теорияларды өздерінше сілейте сынаған утопиялық социалистер де қоғам дамуы туралы қисынға келетін көзқарастар туғыза алмады. В. И. Ленин айтқандай, утопиялық социализм «капиталистік қоғамды сынады, айыптады, қарғап-сіледі, оны құрту туралы арман етті, жақсы құрылыс туралы қиялдады, байларға қанаудың адамгершілікке жатпайтындығын ұғындырмақ болды. Бірақ утопиялық социализм шын жолды көрсете алған жоқ. Ол капитализмнің тұсындағы жалдама құл-

дықтың мәнісін де түсіндіре алмады, оның даму заңдарын да аша алмады, жаңа қоғамның құрушысы бола алатын қоғамдық күшті де таба алмады» (Шығармалар, 19-том, 7-бет).

Қоғамдық дамудың заңдылықтарын зерттеу және табу жөнінде бұрынғы социологияның қолынан келмегендерін қоғамдық ой өкілдерінің басқа, жаңа бір ұрпағына шешуге тура келді. Өйткені адамзат қоғамының бұдан былай дамуының бүкіл прогресі осы аса маңызды проблеманы ғылыми тұрғыдан шешуге байланысты болды. Ең басты міндет қоғамдық дамудың объективтік заңдарын зерттеу мен ашуда, әлеуметтік-экономикалық формациялардың қалай пайда болып және бір сатыдан екінші сатыға қалай ауысып отыруын дәлелдеуде болды. Мұндай зор міндеттерді шешуді К. Маркс пен Ф. Энгельс — XIX ғасырдағы ең алдыңғы қатарлы адамзат ойының екі ұлы өкілі, жұмысшы табының ұлы көсемдері — қолға алды және ойдағыдай шешті де. Олар тарихта тұңғыш рет адамзат қоғамының қалай пайда болғанын, қалай дамығанын және болашақта қалай өркендейтінін ғылыми тұрғыдан шешіп берді; тарихты материалистік тұрғыдан түсінудің бірден-бір ғылыми негізін салды. Сол кезден бастап, Маркс «ғылыми социализмнің негізін салушы, материализмнің онан бұрынғы түрлерінің бәрінен де мейлінше мазмұнды, мейлінше дәйекті кәзіргі материализмнің негізін салушы болды» (В. И. Ленин, Шығармалар, 14-том, 369-бет).

К. Маркс пен Ф. Энгельс адамзат қоғамы дамуының заңдылықтарын ашу және дәлелдеу үстінде кәзіргі капиталистік қоғам өзінің ішкі қайшылықтары салдарынан ертелі-кеш қирайды, күйрейді, оның орнына жаңа, прогресшіл, социалистік қоғам орнайды деген қорытындыға келді. Маркс пен Энгельстің бұл қағидалары тарихта ғылыми коммунизмнің теориясы деп аталды. Олар бұл данышпандық теориясымен қоғам туралы ғылымда, әсіресе материалистік философия мен саяси экономия салаларында шын мәнісінде төңкеріс жасады, алдыңғы қатарлы адамзат қолына материалдық күш тәрізді маңызы бар үлкен идеялық қару берді. Бұл теорияның мың да бір дұрыс екенін ғылым да, өмір де айқын көрсетуде.

К. Маркс пен Ф. Энгельстің қоғам туралы ілімінде, ғылыми коммунизмнің теориясында артта қалған елдер мен халықтардың капитализмге соқпастан социализмге өтуі жөнінде негізгі идеялар да бар. Мәселен, олар белгілі бір жағдайларда, айталық, алдыңғы қатарлы капиталистік елдерде социалистік революция жеңген кезде, ол елдердің пролетариаты өз қарамағындағы барлық күш-құралмен іркілмей жәрдем етсе, артта қалған елдер мен халықтар капитализмге соқпастан социализмге өте алады деп талай рет атап көрсетті. Алайда, жұртқа мәлім, Маркс пен Энгельс тұсында олар айтқан жағдайлар болмады, алдыңғы қатарлы капиталистік елдерде социалистік революция жеңе алмады.

Капитализмге соқпастан социализмге өту мәселелерін теория жүзінде де, практика жағынан да толық шешу В. И. Лениннің үлесіне тиді. Бұл проблема жөніндегі маркстік идеяны дамыта отырып, ол бұрын артта қалған елдердің белгілі жағдайда капитализмге соқпай дамуының тұлғалы теориясын жасады.

Адамзат қоғамының тоқтаусыз, ылғи ілгері өрлеу, прогресс жолымен дамуы үшін зор маңызы бар бұл теорияны аша отырып, В. И. Ленин дүниежүзілік тарихтың барлық елеулі кезеңдерін, осы кезге дейін болып өткен әлеуметтік-экономикалық формациялардың даму заңдарын қадағалап зерттеді. Осыларға сүйене отырып, белгілі бір тарихи жағдайларда артта қалған жеке елдер мен халықтардың кейбір қоғамдық сатыларға соқпай өтуге мүмкіндігі барлығын байқады.

Дүние жүзінің кейбір елдері мен халықтары өз дамуында белгілі бір нақты тарихи себептер және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар

бойынша кейбір формацияларға соқпай өтті. Мәселен, Европа мен Азияның (Батыста германдықтар мен славяндар, Шығыста ауғандықтар мен монғолдар) алғашқы-қауымдық құрылыстан тура феодалдық құрылысқа өтті, яғни құлнеленушілік құрылысқа соқпады. Немесе Америка Құрама Штаттары мен Канаданың халықтары өз дамуында феодализмге соққан жоқ. Ал Австралия өз дамуының ерекшелігіне байланысты алғашқы-қауымдық құрылыстан тікелей капитализмге өтті, сөйтіп екі әлеуметтік-экономикалық формацияға (құлнеленушілік құрылыс пен феодализмге) соқпай өтті. Кәзіргі кезде Совет Одағының жерін мекен етуші бірсыпыра халықтардың да даму тарихында осындай құбылыстар болды. Солардың қатарына Қазақстан мен Орта Азияның халықтары қосылады. Өйткені бұл өңірде жан-жақты қалыптасқан құлнеленушілік құрылыс орын алған жоқ.

Егер осы тарихи фактілерді және басқа жағдайларды еске алсақ, артта қалған елдер мен халықтардың жаңа тарихи жағдайларда капитализмге соқпастан социализмге өтуі әбден мүмкін. Мұны В. И. Ленин өзінің мәңгі өшпес еңбектерінде талдап көрсетті.

Артта қалған елдер мен халықтардың капитализмге соқпастан социализмге өтуі жөніндегі мәселенің күн тәртібіне қойылуына байланысты көптеген оппортунистер мен буржуазияшыл ұлтшылдар — капитализмнің итаршылары жанжақтан шу көтерді. Бұлар дамудың капиталистік жолы барлық елдер үшін міндетті болып табылады, экономикалық эволюцияның міндетті сатысы деп дәлелдемек болды. Ол олма. Барлық елдер, оның ішінде артта қалған отар және тәуелді елдер капитализм арқылы міндетті түрде өтеді, сондықтан капитализмнің дамуына кедергі жасамауымыз керек, қайта оның өсуі мен өркендеуіне мүмкіндігінше жәрдемдесуіміз қажет дегенге дейін барды.

Осындай көзқарастарды сынай отырып, В. И. Ленин былай деді: «Кәзірде азаттық ала бастаған және кәзір, соғыстан кейін, араларында прогресс жолына қарай бара жатқандық байқалып отырған артта қалған халықтар үшін халық шаруашылығы дамуының капиталистік сатысы сөзсіз нәрсе деген пікірді біз дұрыс деп таба аламыз ба. Біз бұл сұраққа жоқ деп жауап бердік» (Шығармалар, 31-том, 243-бет).

Бұдан кейін В. И. Ленин бұл мәселе жөніндегі өз пікірін былайша тұжырымдады: «Артта қалған елдер алдыңғы қатарлы елдердің пролетариатының көмегімен дамудың капиталистік сатысына соқпай өтіп, советтік құрылысқа және дамудың белгілі сатылары арқылы коммунизмге өте алады» (сонда, 243—244-бет).

Бұл лениндік қағиданың аса зор ғылыми-теориялық та, өмірлік-практикалық та мәні мен маңызы зор екенінде дау жоқ. В. И. Лениннің осы қағидасының арқасында *артта қалған елдер мен халықтардың капитализмге соқпастан социализмге өтуі кәзіргі заманның объективтік заңдылығы* екені айқындалды.

Кәзіргі замандағы қоғамдық дамудың осы заңдылығын ашып дәлелдеу үшін В. И. Ленин қандай тіректер мен негіздерге сүйенді және бұл жаңа заңдылық кәзірдің өзінде-ақ қандай нақтылы нәтиже берді? Енді мәселенің осы жағына көз жүгіртіп көрелік.

В. И. Ленин алдымен мына жағдайларға сүйенді. Артта қалған елдер мен халықтардың капитализмге соқпастан социализмге өтуі үшін ең шешуші және ең қажетті қолайлы жағдай социалистік революция еді. Ал бұл революция Россияда — дүние жүзінің ең үлкен және ең ірі елдерінің бірінде жеңді, сөйтіп артта қалған елдер мен халықтардың капитализмге соқпастан социализмге өтуіне жағдай туғызды.

В. И. Ленин, онан соң, Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңуі нәтижесінде пайда болған Совет елінің енді бүкіл халықаралық революцияшыл қозғалыстың орталығы болғанын, орыс жұмысшы табы

ның өз қарамағындағы барлық құралмен артта қалған елдер мен халықтарға пайдалы көмек көрсететінін ескерді.

В. И. Ленин, онан әрі, артта қалған елдер мен халықтар, олардың еңбекшілер бұқарасы, әсіресе отар және тәуелді елдердің халық бұқарасы, отаршылдықтың айуандығы мен азабын өз көздерімен көрген жұртшылық әрбір алдыңғы қатарлы ел жұмысшы табы тарапынан болатын көмекті үлкен қуанышпен қарсы алады деген қағидаға сүйенді. Осының негізінде алдыңғы қатарлы елдер жұмысшы табы мен артта қалған елдер еңбекшілер арасында достық одақ, туысқандық ынтымақ орнайды, мұның өзі алда тұрған ұлы мақсатқа — социалистік қоғам орнату мақсатына жетуге баға жетпес көмек болады деді.

В. И. Ленин, ақырында, артта қалған елдер мен халықтардың капитализмге соқпастан социализмге өтуі адамзат қоғамы дамуының кәзіргі жағдайында жәй теориялық проблема ғана емес, миллиондаған адамдар алдында тұрған нағыз нақты, практикалық міндет деп білді.

В. И. Ленин өз еңбектерінде артта қалған елдер мен халықтардың капитализмге соқпастан социализмге өтуінің нақты шараларын да белгілеп берді. Оның еңбектерінде ұсынылған әрбір қағида тарихи дамудың нақты бір, толғағы жеткен міндеттерін шешуге, еңбек адамдарын тиісті дәрежеге көтеруге бағытталған. Сондықтан да ол коммунистік және жұмысшы партияларының, марксистердің қоғамды революциялық, социалистік жолмен қайта құру күресіне жол көрсетті.

«Бұл арада сіздердің алдыңызда, — деп көрсетті В. И. Ленин, — бұрын бүкіл дүние жүзі коммунистерінің алдына қойылып көрмеген міндет тұр: сіздер жалпы коммунистік теория мен практикаға сүйене отырып, еуропалық елдерде жоқ өзгеше жағдайларға бейімделе отырып, басты бұқара шаруалар болып табылатын, капиталға қарсы емес, қайта ортағасырлық қалдықтарға қарсы күресу міндетін орындау керек болатын жағдайларға әлгі теория мен практиканы қолдана білулеріңіз керек. Бұл қиын және өзгеше міндет, бірақ бұл — өте-мөте игілікті міндет» (Шығармалар, 30-том, 147—148-беттер).

В. И. Ленин бұдан басқа еңбектерінде де, бұдан басқа жерде де капитализмге соқпастан социализмге өтудің жолдары мен әдістері жөнінде нақты нұсқаулар беріп отырды. Мәселен, В. И. Ленин екінші бір еңбегінде тура былай деді: «Капитализмнен бұрынғы қатнастардың социализмге өтуіне қандай дәнекер жолдар, тәсілдер, амалдар, құралдар керек екендігін түсіну керек. Әңгіменің бүкіл түйіні осында» (Шығармалар, 32-том, 370-бет).

Артта қалған елдер мен халықтардың капитализмге соқпастан социализмге өтуі туралы маркстік-лениндік теория кәзіргі кезде бүкіл дүние жүзінде бірте-бірте іс жүзіне асуда. Мұның нақты мысалдарын Совет Одағындағы бұрын артта қалған халықтардың дамуынан айқын көруге болады.

Совет Одағы құрамындағы бірсыпыра халықтар, атап айтқанда: қазақ, қырғыз, өзбек, тәжік, түркіпен және басқа толып жатқан, патша өкіметінің отаршылдық саясатының салдарынан бұрын артта қалып қойған халықтар дамудың капиталистік сатысына көтеріле алмаған еді. Сондықтан олар совет өкіметі тұсында капиталистік дамудың азаптарын жолда қалдырып, феодализмнен тікелей социализмге өтті.

Ал бұл халықтар социалистік жолмен дамудың арқасында қандай нәтижеге, қандай ұтысқа жетті? Олардың ешбір есебі жоқ деуге болады. Бұл арада олардың бәрі жайында айтып жату мүмкін емес. Егер жалпы түрде қорытып айтсақ, ол елеулі нәтижелер мен табыстардың бастылары мынадай.

Бұл халықтар өз жерінде, өз елінде социалистік қоғам орнатудың барлық мәселелеріне ойдағыдай басшылық ететін Советтік мемлекет

орнатты; бұл мемлекеттің барлық ұйымдарына, барлық жұмыстарына халықтардың өздері түгел қатнағанын болды.

Бұл халықтар социалистік жолмен дамудың нәтижесінде әлеуметтік жағынан да, ұлттық жағынан да азаттық алды, езілу мен қаналу атаулыдан мүлдем құтылды. Мұның өзі барлық еңбекшілердің социалистік құрылыс ісіне түгелдей және белсене қатынасуына кең жол ашты, жағдай туғызды.

Социалистік жолмен дамудың арқасында бұл халықтар өз елдерінің өндіргіш күштерін ешбір елдің тарихында болып көрмеген дәрежеде шалқытып өсірді де, өркендетті де. Халық шаруашылығының барлық тараулары да: өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы, транспорт пен байланыс, сауда мен халықтың материалдық тұрмыс дәрежесі мықтап өсті. Мәселен, Советтік Шығыстағы республикалардың өнеркәсіп өнімі соңғы қырық жылда орта есеппен 60 есе артты. Бұл республикалардың жерінде мыңдаған жаңа өнеркәсіп орындары: фабрикалар мен заводтар, рудниктер мен шахталар, электр станциялары мен темір жолдар салынды. Бұл республикаларда халық шаруашылығының басқа салалары да шалқып өсті. Ауыл шаруашылығы түгелімен кәзіргі заманғы алдыңғы қатарлы машиналы техникаға бөленген ірі колхозды және совхозды шаруашылыққа айналды. Бұл республикалардағы өндіргіш күштердің даму қарқынындай қарқын басқа қоғамдық системалардың бірінде де ешуақытта болған емес. Бұл қарқын тек социалистік системаға тән.

Бұл жөнінде Н. С. Хрущев жолдас жақында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының XV сессиясында мынадай бір тамаша салыстырма мәліметтер келтірді: «Мысалға Орта Азияның советтік республикаларын алалық, — деді ол. — Кәзір Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан, Тәжікстан — Орта Азияның барлық туысқан республикалары патшалық Россияның мешеу отарларынан өнеркәсібі дамыған алдыңғы қатарлы социалистік республикаларға айналды. Осы аталған республикаларда 1913 жылдан 1960 жылды қоса алғандағы мерзім ішінде ірі өнеркәсіптің өнімі 60 еседен аса өсті».

Социалистік жолмен дамудың тамаша табыстары мәдениет майданында ерекше көзге түседі. Капитализмге соқпастан социализмге тікелей өткен халықтардың бәрі де тарихи аз уақыттың ішінде мәдениет революциясын іс жүзіне асырды. Мұның нәтижесінде халық тегіс сауатты болды; жастары міндетті оқумен қамтылды, жоғары дәрежелі білім беру жүйесі де мықтап өркендеді; халықтың көркем әдебиеті мен өнері айта қалғандай гүлденді.

Капитализмге соқпастан социализмге өткен халықтардың бірі — қазақ халқы. Ол биыл өзінің социалистік жолмен дамуының 40 жылдық мерекесін тойлап отыр. Оның осы қырық жылда қол жеткен жеңістері мен табыстары сан жағынан да, сапа жағынан да бұрынғы замандағы сан ғасырлар бойындағы жетістіктерінен анағұрлым артық және ешбір салыстыруға келмейді. Қазақ халқының бұл тарихи аз уақыттың ішінде толық бостандық алуын, қанау атаулыдан мүлдем құтылуын немен салыстыруға болады? Жоқ, бұл жеңістерге ешнәрсе тең келе алмайды.

Бұрын артта қалған елдер мен халықтарды капитализмге соқпастан социализмге өту жолында осындай зор жеңістер мен табыстарға жеткізген жағдайлар мен күштер қандай? Олар өте көп. Бұл арада олардың бір-екеуін атап өтсек те жетіп қалар.

Біріншіден, бұл жеңістер мен табыстарға жеткізген негізгі күш — совет өкіметі. Совет өкіметінің айқын және әділетті идеялары бұрынғы артта қалған халықтар тілектері мен мүдделеріне әбден үйлесімді болды. Сондықтан да бұрын артта қалған ұлттық аймақтарда құрылған совет республикаларының алғашқы тәжірибелерін қорыта келіп, В. И. Ленин былай деді: «Совет өкіметі идеялары мен принциптеріне өнеркәсібі дамыған, әлеуметтік тірегі пролетариат болған елдердің са-

на емес, әлеуметтік негізі шаруа болған елдердің қолы жете алатындығына және олардың дереу жүзеге аса алатындығына бұл республикалар дәлел және растауыш болып табылады. Шаруа Советтерінің идеясы жеңіп шықты» (Шығармалар, 31-том, 506-бет).

Екіншіден, бұл жеңістер мен табыстарға жеткізген негізгі күштердің енді біреуі — орыс жұмысшы табы. Октябрь революциясының алғашқы күнінен бастап-ақ ол бұрын артта қалған халықтар арасында аса зор ұйымдық және түсіндіру жұмысын жүргізді; әскери, саяси, экономикалық, мәдени және басқа жақтарынан ол халықтарға үнемі үлкен көмек көрсетті. Мұның бәрі бұл халықтар арасында социализм идеялары мен ісінің толық жеңіп шығуына жеткізді.

Үшіншіден, бұл жеңістер мен табыстарға Коммунистік партияның дана басшылығы жеткізді. Бұрын артта қалған аудандар мен ұлттық аймақтардың бәрінде Коммунистік партия өз ұйымдарын құрды, қоғамдық өмірдің барлық салаларында да іргелі өзгерістерді іс жүзіне асыруға, социалистік құрылысқа басшылық етті, жалпы коммунистік теория мен практиканы бұрын артта қалған елдер мен халықтардың ерекше жағдайларында ойдағыдай қолдана білді. Мұның өзі халық бұқарасын социализм ісіне тартуға, социализм үшін күрескер тәрбиелеуге, социализмнің жеңіп шығуына үлкен әсер етті.

Міне осылардың нәтижесінде бұрын артта қалған өлкелерде социализм толық және түпкілікті жеңіп шықты. Бұл — аса зор және бай тәжірибе, мұның үлкен халықаралық маңызы бар.

Кәзіргі заманның негізгі мән-мазмұны, негізгі сипаты миллиондаған адамдардың капитализмнен социализмге өтуіне байланысты. Дүниеде кәзір капитализммен қатар қуатты социалистік система өмір сүріп отыр. Социализм жолына түскен елдерде дүние жүзі халықтарының үштен бір бөлегі тұрады және дүниежүзілік өнеркәсіп өнімінің 30 проценттен астамы өндіріледі. Марксизм-ленинизм туы астына топталған, мақсаты мен идеологиясы бір, туысқандық достығы мен ынтымағы жарасқан социалистік елдер, оның бір миллиардтан астам халқы аса зор ұйымшылдықпен енді өздерінің түпкі мақсаты — коммунизмге бара жатыр.

Бұл заманда социализм идеялары дүние жүзінің барлық түкпірлеріне де кеңінен тарауда. Бұл кездейсоқ нәрсе емес. Социалистік системаның капиталистік системадан барлық жағынан да артықшылығы күн сайын көрінуде. Бұған дүние жүзінде миллиондаған адамдардың көзі жетуде, социализм дүние жүзінің барлық тілдерінде жыр етіп айтылуда. Өйткені социализм дегеніміз — алдымен бейбітшілік, экономика мен мәдениеттің үздік өсуі, адам өмірінің гүлденуі, бостандық пен бақыт нұры. Сондықтан жалпы алғанда өз дамуында ілгері өрлеуші адамзат үшін бірден-бір дұрыс, бірден-бір прогресшіл жол — социализм жолы. Мұны бүкіл адамзатқа ақиқат шындығының өлшемі — өмір, практика, тәжірибе көрсетіп отыр.

Бірақ дүние жүзінде капитализмді жақтаушы, артта қалған елдер мен халықтардың капитализмге өтуін дәріптеуші күш әлі жойылып біткен жоқ. Бұлар бұрынғысынша, адамзат дамуының объективтік заңдылықтарына карама-қарсы өмірі өшіп бара жатқан капитализмді, оның айуандық отаршылдық тәртібін қолдайды. Ал егер объективтік түрде ақылға салып ойластырғанда, қоғамдық дамудың кәзіргі заманында артта қалған елдер мен халықтарды капитализмге шақыру, отаршылдық системаны сақтауға тырысу қандай нәтижеге әкеліп соғар еді?

Бұл, сөз жоқ, еңбекші бұқарасын бұрынғыдан бетер ашықтан-ашық тонау, қанаудың нағыз барып тұрған қатаң және қанқұйлы әдістерін қолдану, әлеуметтік және ұлттық езгіні тағы да күшейте түсу болар еді.

Кәзіргі заманда, капитализмнің күйреу және социализмнің өсу заманында, артта қалған отар және тәуелді елдерді капиталистік жол-

ға шақырудың мәнісі бұл елдердің саяси және экономика жағынан дамуын көрер көзге бөгеу, олардың өндіргіш күштерінің өсуіне ашықтан-ашық тұсау болу деген сөз. Өйткені империализм жағдайында капитализм артта қалған елдерде тек отаршылық әдістері арқылы ғана дамиды. Ал мұның мәнісі тек капиталистер үшін ғана пайдалы кәсіпорындарын салу, еңбекшілерді қанаудың ең ауыр әдістерін қолдану арқылы, құлнеленушілік пен ортағасырлық феодализмнің сұрқия түрлерін сақтау арқылы монополиялық пайда табу деген сөз.

Капитализмнің кәзіргі кезеңі үшін, дамудың империалистік сатысы үшін мұның өзі бірден-бір мүмкін жол. Өйткені капитализмнің прогресшіл заманы өткен кезде, оның азу мен тозу кезеңі басталған кезде басқаша болуы мүмкін емес. Бұл дәуірде капитализм тек саяси күш арқылы, зорлық арқылы ғана өмір сүре алады. Капитализм өз заманының өрлеп тұрған кезінде де адамзат өмірі үшін ең қажетті жағдайларды туғызбады. Енді бай және қуатты мемлекеттердің бір тобы дүние жүзіндегі барлық тәуелді және отар елдерді тонап отырған кезінде, еңбекші бұқара онан ешқандай жақсылық күтпейді.

Өлуге бет алған, бірақ әлі өліп бітпеген капитализм қырсығынан адамзат таршылық, күйзелушілік, қырғын көруде. Тек соңғы екі дүниежүзілік соғыс кезінде миллиондаған адамдар оққа ұшты, орасан мол өндіргіш күштер қирады. Ал кәзірде де осы капитализмнің қырсығынан Азия мен Африкадағы, Латын Америкасындағы отаршылдық соғыстар мен соқтығысуларда адамдар бостан-бос қан төгуде.

Капиталистік елдердегі бұл жағдайға Н. С. Хрущев жолдас жоғарыда аталып өткен сөзінде мынадай сипаттама берді: «Отаршылардың қожалық етуі салдарынан отар елдердің экономикасы өзінің дамуында мейлінше мешеу қалып отыр, ал еңбекші халық қайыршылықта өмір сүруде. Ең ұзақ жұмыс күні отарларда қолданылады, сонымен қатар ең аз ұлттық табыс, ең аз жалақы, көп сауатсыздық, адамның ең қысқа өмірі, өлімнің ең көбі отар елдерде».

Осы фактілердің бәрі, сайып келгенде, капитализмді, оның бүкіл системасын, оның ішінде отаршылдық системаны толық және түпкілікті жоюды талап етеді. Бұл — адам ойынан шыққан қиял емес, өмір өкімі.

Адамзат қоғамы дамуының жолында талай кедергі, талай тартыстар болады. Бірақ жалпы алғанда қоғам кері кетпейді. Өз жолындағы кедергі мен қиыншылық атаулының бәрін жоя отырып, адамзат ілгерілей береді.

Адамзаттың бұлай ілгерілеуінің кәзіргі дәуірдегі жаңа жолы — социализм жолы. Адамзат тек социалистік жолда ғана өз мұратына — соғыссыз дүниеге, жаппай бейбітшілікке, нұр үстіне нұр жауған бақытты өмірге жетеді.

Бұл дүниеге, бұл қоғамға жетудің теориялық қағидалары мен практикалық жолын марксизм-ленинизм ғылымының сәулесі үнемі көрсетуде. Марксизм-ленинизм көрсеткен, өмірде сыннан өткен сол жолдардың бірі — артта қалған елдер мен халықтардың капитализмге соқпастан социализмге өтуі. Бұл — кәзіргі заманның аса маңызды заңдылығы. Бұл заңдылық теория жүзінде терең дәлелденді, практика жүзінде әбден ақталды. Осы заңдылық негізінде ғана барлық артта қалған елдер социализм жолымен алға баса алады.

Республика мәдениеті

қырық жылда

Ә. КАНАПИН,

Қазақ ССР Мәдениет министрі

Қазақ ССР-інің қырық жылдығы — Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатының салтанаты. Ұлы Октябрь социалистік революциясының арқасында қазақ халқы өз алдына мемлекет құрды, социалистік ұлттардың туыскандық семьясынан лайықты орын алды.

Советтік Қазақстанның қырық жыл ішінде қол жеткен табыстары ұшан-теңіз. Бұрынғы патша өкіметінің артта қалған отар өлкесі тарихи қысқа мерзім ішінде алдыңғы қатарлы индустриялы-аграрлы республикаға айналды. Бұған социалистік индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын коллективтендіру, сонымен қатар мәдени революцияны жүзеге асыру арқасында қол жетті.

В. И. Ленин мәдени революцияны социалистік революцияның бөлінбес бір бөлігі деп білді. Ол мәдени революциясыз елді социалистік жолмен өзгерту, ілгерілеп, алға басу мүмкін емес, экономикалық артта қалушылықты жою мүмкін емес деді. В. И. Ленин азамат соғысынан кейін бейбіт құрылысқа кірісімен-ақ мәдениет мәселесінің үлкен маңыз алатынын айрықша атап көрсетті. Сонымен қоса ол талай ғасырдан келе жатқан мәдени мешеулікті жою күрделі де ұзақ процесс екенін ескертті. Мәдени міндеттің, саяси және соғыс міндеттері сияқты жылдам шешілуі мүмкін емес деп көрсетті Владимир Ильич. Таптық күрес шиеленісе түскен кезде саяси жағынан бірнеше аптада жеңіп шығуға болады. Соғыста бірнеше айдың ішінде жеңіп шығуға болады, ал мәдениет жөнінен осындай мерзімнің ішінде жеңіп шыға алмайсың, істің өзінің шын мәні бойынша да мұнда анағұрлым ұзақ мерзім керек.

Қалың бұқараның мәдени дәрежесін көтеру ісі, ең алдымен, сауатсыздықты жоюдан басталуға тиіс. Еңбекшілер бұқарасын қасақана қараңғылықта ұстаған патша өкіметінің бұл қырсығынан құтылмайынша мәдени міндеттің ойдағыдай шешілуі қиын еді. В. И. Ленин былай дейді: «Әзірге біздің елде сауатсыздық сияқты құбылыс барда, саяси ағарту туралы сөз ету өте қиын. Мұның өзі — саяси міндет емес, бұл — онсыз саясат туралы сөз етуге болмайтын шарт. Сауатсыз адам саясаттан тыс тұрады, оған әуелі әліппені үйрету керек. Мұнсыз саясат болуы мүмкін емес, мұнсыз саясат емес, тек қауесеттер, өсектер, ертегілер, соқыр сенімдер ғана орын алады» (Шығармалар, 33-том, 62-бет).

Қазақстан үшін В. И. Лениннің бұл нұсқауының маңызы зор еді. Өйткені патшалық Россияда халықтың 20 проценті сауатты болса, Қазақстанда сауаттылар саны әзер дегенде 2 процентке жетті. Қазақ халқының оқу, білім алу ісіне патша үкіметі қаржы жұмсап жарытқан жоқ. Қазақстанда үстемдік жүргізген 150 жыл ішінде патша үкіметі мәдени мұқтаждарға деп, әрбір адамға шаққанда 6 сом 60 тиын, яғни жылына 4 тиын жұмсады.

Революцияға дейінгі Қазақстанда мектеп мүлдем аз болды, ал орта және жоғары оқу орны, баспа ісі, клуб атымен жоқ еді. Қазақ халқы жазба әдебиет, өнер дегенді тіпті білмеді, театрдан мүлдем хабарсыз жатты.

Міне, біздің республикада мәдени революция осындай қиын жағдайда басталды. Алғашқы кезде оны жүзеге асыруға шаруашылық күйзелісі мен аштық үлкен қиындық келтірді. Басқа да туысқан республикалардағыдай, Советтік Қазақстанда да мәдени революцияға халық бұқарасы белсене қатысты. Қазіргі Қазақстан мәдениетінің өзгеше белгілері: оның партиялығы, халықтығы, жоғары идеялылығы, советтік патриотизммен біте қайнасқан пролетарлық интернационализммен суралғаны.

Совет өкіметінің алғашқы жылдарының өзінде-ақ біздің республикада басталған мәдени революция елімізде жүргізілген әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге тығыз байланысты. Өйткені бұл өзгерістер социалистік мәдениетті дамытуға қажетті экономикалық, материалдық негіз қалады. Соның арқасында мәдени революция қысқа тарихи мерзімде өте мол жеміс берді.

Мәдени революцияның тамаша жетістіктері деп ересектер сауатсыздығын тегіс жою, жаппай бастауыш оқу, кейін жаппай жетіжылдық білім беру ісін, қазақтың әдеби тілі мен көркем әдебиетін өркендету, қазақ жазу-сызуын жетілдіру мәселелерін айту керек. 1940 жылы Қазақстанда сауатсыздық негізінен жойылды, ал оқу жасындағы балалардың 98 проценті мектептерде оқыды.

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің мектептің өмірмен байланысын нығайту және елімізде халыққа білім беру жүйесін онан әрі дамыту туралы нұсқауына сәйкес Қазақстанда 1959 жылдан бастап мектеп жұмысы қайта құрылды. Бұл күндері республика мектептерінде 84 мыңнан астам мұғалім қызмет атқарып жүр.

Мәдени революцияның барысында еңбекшілердің мәдени дәрежесі мықтап артты, олардың ой-өрісі, рухани талап-тілегі күшейді. Қазақ совет интеллигенциясы жасақталып, өз қатарын бірте-бірте толықтыра берді. Совет мемлекеті мәдени құрылыстан қаржы аяған жоқ. Мәселен, тек 1930 жылдан 1938 жылға дейін ғана халық ағарту ісіне жұмсалған қаржы 20 есе көбейіп, республикалық бюджеттің 30 проценттен астамы болды.

Мәдени революцияның зор жетістігі — республикада орта дәрежелі оқу орындарының желісі ұлғайып, институттардың құрылуы. 1930 жылдың орта шенінде Алматыда Қазақ мемлекеттік университеті, кен-металлургия, зоотехникалық-малдәрігерлік және медицина институттары құрылды. Облыстық қалаларда мұғалімдер институттары жұмыс істеді, олар кейін педагогикалық институттарға айналды. Ұлы Отан соғысы қарсаңында Қазақстанда 20 жоғары оқу орны, 118 орта арнаулы оқу орны болды. Бұларда 40 мыңға жуық студент оқыды. Ал 1960 жылы жоғары оқу орындарының саны 27-ге, ал орта оқу орындарының саны 142-ге жетіп, бұларда 141 мың адам оқиды. Қазір Қазақстанда әрбір он мың адамға 75 студенттен келсе, ал Францияда — 36, Италияда 32 студенттен келеді.

Сырттан оқыту ісі де кең қанат жайды. Өндірістен қол үзбей оқи жүріп, миллиондаған жұмысшылар мен шаруалар, қызметшілер өздерінің мәдени, жалпы білім және техникалық дәрежесін көтереді.

Қазақ совет интеллигенциясы Коммунистік партияға шексіз берілген, ол мәдени құрылыста, әсіресе ауыл-селолық жерлерде үлкен роль атқарып отыр. Оның қатары жылдан жылға өсіп келеді. Әсіресе, бізде техникалық интеллигенцияның өсуі жақсы. Мұның өзі республикамызда ғылым мен техниканың даму қарқынына және өндіріске оның жетістіктерін кең түрде енгізуге байланысты. Үстіміздегі жетіжылдықта Қазақстанның техникалық жоғары оқу орындарын бітіретін мамандар саны 2,6 есе, медицина оқу орындарын бітіретін мамандар саны 2 есе, ауылшаруашылық мамандары 1,9 есе көбеюге тиіс. Сол сияқты

творчестволық қызметкерлердің, оның ішінде әдебиет пен өнердің, мәдениеттің кадрлары да өсіп жетілді.

Қазақстандағы мәдени революцияның жетістіктеріне СССР халықтарының тығыз ынтымағы мен бауырмалдық көмегі, әсіресе ұлы орыс халқының қалтқысыз көмегі айтарлықтай жағдай жасады. Совет халықтарының арасындағы мәдени байланыс — мәдени прогресті үздіксіз өрге бастырудың қуатты факторы.

Бір кезде қазақтың ұлы ағартушысы Абай Құнанбаев «Орыстың тілін білсең көкірек—көзің ашылады, орыстың ғылымы, өнері — дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі» деген еді. Кәзір орыс тілі қазақ халқының екінші ана тілі болып отыр.

Орыстың алдыңғы қатарлы оқымыстыларының қамқорлық күшағында қазақтың көптеген ғылыми кадрлары тәрбиеленіп шықты. Олар кәзір білімнің әртүрлі саласында жұмыс істейді. Қазақ ССР Ғылым академиясы мен Ауылшаруашылық ғылым академиясы — нағыз ғылым ордасы. Бұлардың ғылыми-зерттеу институттары мен лабораториялары көп. Қазақстанда, әсіресе география және ауылшаруашылық ғылымы ойдағыдай дамып келеді. Республикамыздың табиғи байлықтарын үздіксіз зерттеу қазақ жерінің қойнауында Менделеев кестесіндегі элементтердің бәрі бар екенін дәлелдеп отыр. Сондықтан да Қазақстан еліміздегі сарқылмас байлықтардың қоймасы деп орынды аталады.

Мәдени революция тек халыққа білім беру мақсатын ғана емес, сонымен бірге тәлім-тәрбие мақсатын да көздейді. Бұл істе мәдени-ағарту мекемелерінің ролі күшті. Мәдени-ағарту мекемелері, атап айтқанда, кітапханалар мен оқу үйлері, музейлер, клубтар, мәдениет сарайлары, қоғамдық бақтар мен парктер, сол сияқты халық театрлары, мәдениет университеттері еңбекшілерге білім, тәрбие беруде келелі жұмыс істеп отыр. Революцияға дейін Қазақстанның ұлан-байтақ жерінде небәрі 146 мәдени-ағарту мекемесі, оның ішінде 139 кітапхана болып еді. Бұлардың өзі тек қана қалаларда орналасты да, қалың еңбекшілер бұқарасы олардың игілігін көре алмады.

Тек Совет өкіметі орнағаннан кейін ғана елімізде мәдени-ағарту мекемелерінің желісі ұлғайды. Кәзір республикада 20 мыңға жуық мәдениет мекемелері жұмыс істейді. Кәзір кітапханалардың саны 14 мыңға жетеді, оның кітап қоры—40 миллион том. Тың және тынайған жерлердің игерілуіне байланысты ауыл-село кітапханалары көбеюде. Клубтардың саны да үздік өсті. 1920 жылы октябрьде Қазақстанда небәрі 117 клуб болса, биыл 4 875 клуб бар, оның 4 425-сі селолық жерлерде жұмыс істейді. Сондай-ақ 24 музей, 33 мәдениет және демалыс паркі, екі хайуанаттар паркі еңбекшілердің мәдени мұқтаждарын өтейді.

Еңбекшілерге мәдени қызмет етудің жаңа түрлері мен әдістері пайда болуда. Солардың бірі—мал отары учаскелерінде жұмыс істейтін автоклубтар. Үстіміздегі жылдың аяғына дейін республикада 285 автоклуб болады. Бұларды шын мәнісінде мәдениет ошағы деу керек, өйткені әрбір автоклубта жылжымалы кино, кітапхана, музыка жазатын магнитофон, патефон пластинкалары бар.

Мәдени-ағарту жұмысының ендігі бір түрі—мәдениет университеттері. Бұлар бізде 1958 жылдан құрыла бастады. Тек өткен оқу жылында ғана мәдениет университеттерінің саны 53-тен 160-ға дейін көбейді. Мәдениет университеттерінде кәзір 30 мыңнан астам адам оқып жүр.

Үшінші бір жаңалық—халық театрларының құрылуы. Кәзір Қазақстанда 24 халық театры жұмыс істейді. Бұлар тек драмалық шығармалар ғана емес, сонымен бірге опера спектакльдерін де қойып жүр.

Қалаларда да, сондай-ақ селолық жерлерде де өнерпаздық ісі кен құлаш жаюда. Ол азамат соғысы жылдарында пайда болып еді, ал кәзір республикада 27 мыңнан аса өнерпаздар үйірмелері жұмыс істейді, олар жарты миллионға жуық адамды қамтиды.

Халық өнерінің санымен бірге сапасы да артуда. Мұны биылғы жазда өткізілген республикалық байқау айқын көрсетті. Бұл байқауға 3 мың адам қатысты, яғни 1955 жылы өткізілген байқауға қатыскандардан 5 еседей артық. Халық таланттары өздерінің орындау шеберліктерін жетілдіріп келеді. Міне сондықтан да халық өнері — біздің кәсіби өнердің қайнар көзі болып отыр. Қазақтың көптеген сахна шеберлері халық өнерпаздары қатарынан шыққандар.

Қазақтың кәсіби өнері совет өкіметі тұсында ғана өсіп жетілді десек артық айтқандық емес. В. И. Ленин Қлара Цеткинмен әңгімелескенде «Өнердің халыққа, ал халықтың өнерге жақындауы үшін біз алдымен халықтың жалпы білім және мәдени дәрежесін көтеруіміз керек» деген еді. В. И. Лениннің осы кемеңгерлік сөздерінің даусыз іске асқанын Советтік Қазақстанның мысалынан айқын көруге болады. Қазақ халқы Ұлы Октябрьден кейін надандық пен қараңғылықтан мәңгі құтылып, өзінің мәдениетін шарықтатты.

Ұлы көсемнің өсиеттерін бұлжытпай орындай отырып, Коммунистік партия өнердің өсіп, өркен жаюына, онан сайын гүлдене беруіне қамқорлық жасап келеді.


«Партия әдебиет пен өнер мәселесіне неліктен көп көңіл бөліп отыр? Өйткені партиямыздың идеологиялық жұмысында, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісінде әдебиет пен өнердің ролі ерекше зор. Жазушылар, суретшілер, мүсіншілер, композиторлар, кино мен театр өнерінің қызметкерлері, біздің бүкіл творчестволық интеллигенциямыз советтік қоғамның жасампаз қызметіне өзінің өнерімен белсене қатысуда, өз халқына адал қызмет етуде. Коммунистік партия әдебиет пен өнер қайраткерлерін өзінің адал достары, көмекшілері, идеологиялық күрестегі сенімді тірегі деп санайды».

Н. С. Хрущев жолдастың бұл сөздері партияның әдебиет пен өнерге көзқарасын, қаншалықты көңіл бөліп отырғанын білдіреді.

Қазақ халқы ұлы орыс халқымен қоян-қолтық ынтымақтаса отырып, көп жанрлы озық өнер жасау ісінде де көрнекті табысқа жетті. Жиырмамыншы жылдардың аяқ шені мен отызыншы жылдардың орта кезінде біздің республикада тұңғыш театрлар мен музыка училищелері ашылғаны мәлім. Кәзір Қазақстанда төрт республикалық театр, 15 облыстық және бір колхоз-совхоз театры жұмыс істейді. Кейбір театрларда бірнеше коллектив бар. Соны қоса есептегенде кәзір республикада 24 театр коллективі, оның ішінде 12 орыс, 10 қазақ, бір ұйғыр, бір корей театр коллективі бар. 1959 жылы республика театрлары халыққа 146 жаңа спектакль көрсетті. Бұлардың ішінде 86 спектакль кәзіргі заман тақырыбына арналған. Қазақстан театрларының репертуарында қазақ драматургтерінің шығармаларымен қоса, орыстың және дүние жүзі классиктерінің таңдаулы пьесалары, сол сияқты одақтас республикалар мен социалистік елдер драматургтерінің пьесалары бар.

Театр өнерінің дамуына ұлт кадрларының даярлануы игі әсер етті. Бізде кәзір талантты драматургтер, композиторлар, режиссерлар, актерлар және театр суретшілері бар. Олардың едәуір бөлігі арнаулы жоғары білім алды. Олар — қазақ өнерінің, оның операсы мен балетінің, драмасының алтын қоры. Совет өкіметі жылдарында қазақ операсы мен драмасының өз репертуары жасалды. Қолтума шығармаларды қазақтың белгілі драматургтары мен композиторлары жазды. Мұқан Төлебаевтың «Біржан мен Сара», Е. Брусиловскийдің «Дударай», Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің «Абай», Құдыс Қожамьяровтың «Назугум» сияқты опералары жұртшылыққа кеңінен таныс.

Қазақ драматургтерінің пьесаларынан жұртшылық сүйсіне көріп жүрген Мұқтар Әуезовтың «Еңлік—Кебек», «Айман—Шолпан», Ғабит Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу», «Аяулы қайтысы», Әбділда



Тәжібаевтің «Жалғыз ағаш — орман емес» пьесаларын атау керек. Сол сияқты Әлжаппар Әбішев пен Шахмет Құсайыновтың, тағы басқалардың кейбір пьесаларын жұртшылық жақсы қабылдап жүр.

СССР Халық артистері Күләш Байсейітова, Ермек Серкебаев, Қалыбек Қуанышбаев, Роза Жаманова, Шәкен Айманов, Қазақ ССР Халық артистері Роза Бағланова, Шара, Жамал Омарова, Серке Қожамқұлов, Қапан Бадыров сияқты сахна шеберлерінің есімдері тек біздің республикаға ғана емес, бүкіл Одаққа әйгілі.

Орыс, ұйғыр және корей театрларының да дарынды творчестволық кадрлары бар. Сөз арасында айта кету керек, ширек ғасырдан артық өмір сүріп отырған ұйғыр театры — ұйғыр халқының тарихындағы тұңғыш театр. Ол — ұйғырдың ұлттық өнерінің үлкен мақтанышы.

Театр қызметкерлерін даярлау ісінде Алматының мемлекеттік консерваториясы мен Алматы хореография училищесі жемісті қызмет атқаруда.

Қазақ музыка өнері қос шекті домбырадан көп жанрлы полифониялық музыкаға дейін өсіп отыр. Кәзіргі қазақ музыкасын Қазақтың Жамбыл атындағы филармониясы, хор капелласы, Қазақ ССР мемлекеттік ән-би ансамблі, мемлекеттік симфония оркестрі тағы басқа творчестволық коллективтер кеңінен насихаттайды. Қазақ совет музыка өнерін дамытуға Қазақтың Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрінің қосқан үлесі аз емес. Оның творчестволық өсу жолы қазақтың музыка мәдениетіне орыс музыкасының ізгі ықпалын айқын дәлелдейді. Өз шеберлігін арттыра отырып, Құрманғазы атындағы оркестр орыс және Батыс Еуропа композиторларының, халықтық демократия елдері композиторларының шығармаларын сәтті орындап жүр.

Қазақстан композиторларының қатарына жаңа дарындар келіп қосылуда. Бұл күндері республика еңбекшілері Е. Брусиловскийді, М. Төлебаевты, А. Жұбановты, Л. Хамидиді, К. Қожамьяровты, сондай-ақ Б. Байқадамов, Ғ. Жұбанова, С. Мұхамеджанов сияқты жас композиторларды жақсы біледі. Қазақстан композиторлары совет өкіметі жылдарында жүздеген музыкалық шығарма жазды.

Бізде 12 концерт ұйымы бар. Олардың жұмыс көлемін мынадан көруге болады: олар жылына орта есеппен 15 мыңнан аса концерт беріп, миллиондаған адамды қамтиды. Мұнымен қоса балаларға музыкалық білім беру ісіне айрықша көңіл бөлінуде. Сол мақсатпен республиканың барлық қалаларында балалардың музыка мектептері мен музыка училищелері ашылды.

Ұлы Октябрь революциясына дейін қазақта бірде-бір живопись-суретші, бірде-бір мүсінші болған емес. Сондықтан қазақтың бейнелеу өнерін Октябрдің перзенті деп атауға әбден болады. Ол ұлы орыс халқының реалистік өнерінің ықпалымен, орыс суретшілерінің белсене қатысуымен дамыды. Қазақстан суретшілерінің еңбектерінен пейзаж және портрет живописінің кеңінен дамығанын көреміз. Сол сияқты мүсін өнері де жетіліп келеді. Бұл салада қазақтың тұңғыш мүсіншісі Хәкімжан Наурызбаев жемісті еңбек етіп жүр. Оның жобасы бойынша Алматыда Абай Құнанбаевқа ескерткіш орнатылғалы жатыр.

Қазақ ССР-інің Халық суретшісі Әбілхан Қастеев бас болып, бізде бір топ қазақ суретшісі өз өнерін шарықтатуда. Ұлт суретшілерін даярлауда, әсіресе Алматы көркем сурет училищесінің еңбегі көп. Ол 200-ден аса суретші даярлап шығарды. Бұл училищеден С. Мәмбеев, М. Қенбаев, Қ. Телжанов, Ғ. Смайылова, У. Әжиев сияқты дарынды суретшілер тәрбие алып, одан кейін Москва мен Ленинградта оқып шықты. Қазақстан суретшілері мен мүсіншілерінің таңдаулы шығармалары Қазақтың Т. Г. Шевченко атындағы мемлекеттік көркем сурет галлерейсында сақтаулы. Бейнелеу өнерін насихаттауда көптеген сурет көрмелерінің, оның ішінде республикалық және облыстық көрмелердің ма-

ңызы үлкен. Қазақстан суретшілері Бүкілодақтық сурет көрмелеріне де белсене қатысып келеді.

Біздегі өнердің жас түрі — кинематография. «Қазахфильм» киностудиясы бұдан 15 жыл бұрын құрылған болатын. Осындай аз уақыт ішінде ол 20-дан аса көркем фильм, бірсыпыра хроникалды документті картина мен киноочерк жасап шығарды. «Жамбыл», «Оның заманы келеді», «Ботакөз», «Даладағы ақ қайын», «Біздің сүйікті дәрігер» тағы басқа фильмдер тек еліміздің экрандарында ғана емес, сонымен бірге шетелдерде де көрсетіліп, жоғары баға алды.

Қазақ кино өнерінің қызметкерлері Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстанда жұмыс істеген, совет киносының көрнекті шеберлері өздерінің ұстазы, әрі ақылшысы болғанын орынды мақтаныш етеді. Алматы ол жылдарда совет кинематографиясының орталығы болды. Соғыс кезінде шығарылған фильмдердің 80 проценті осында жасалды. Алматыда С. М. Эйзенштейн, В. И. Пудовкин, И. А. Пырнев, ағайынды Васильевтер сияқты кино өнерінің тамаша шеберлері жұмыс істеді. Қазақстан фильмдерінде қазақ халқының өткені мен бүгінгі өмірі, замандастарымыздың еңбектегі ерлігі, өнеркәсіп озаттары мен тың батырлары бейнеленді. Кәзіргі заман тақырыбы — қазақ кино өнерінің басты тақырыбы. Қазақ кино өнерінің толып жатқан кадрлары: режиссерлары, актерлары, операторлары, суретшілері бар. Олардың ішінен Шәкен Айманов, Сұлтан Қожықов, Мәжит Бегалин, Қуат Әбусейітов, Е. Арон сияқты режиссерларды, Ескендір Тынышбаев, М. Аранышев, А. Фролов сияқты операторларды атау керек. Кәзір Алматы киностудиясы жыл сайын үш-төрт көркем фильм шығарып жүр. Ал техникалық жағынан қайта жабдықталғаннан кейін ол жылына 6—8 фильм шығаратын болады.

Совет адамдары киноны жақсы көреді. 1959 жылы ғана республикамызда киноны 180 миллион адам көрді. Республикада бес мыңға жуық киноқондырғы жұмыс істейді. Таяудағы бірнеше жыл ішінде республиканы тегіс киноландыру ісі аяқталуға тиіс.

Кітап басып шығару ісінде де ауыз толтырып айтарлық жетістіктеріміз бар. Бірнеше цифр келтірейік. 1913 жылы Қазақстанда небәрі 13 түрлі атпен ғана кітап шығарылып, оның жалпы тиражы 4 мың дана болса, биыл республикада 900 түрлі атпен кітап шығарылып, оның жалпы тиражы 17 миллион данадан асып отыр. В. И. Ленин шығармаларының толық жинағы, К. Маркс пен Ф. Энгельстің негізгі еңбектері, дүние жүзі және орыс әдебиетінің тандаулы шығармалары, сол сияқты көптеген саяси, техникалық, ауылшаруашылық және ғылыми-көпшілік әдебиет қазақ тілінде басылып шықты. Н. С. Хрущев жолдастың сөздері мен баяндамалары қазақ тілінде көп мыңдаған тиражбен басылып шығуда. Қазақ әдебиетінің шығармалары да, атап айтқанда, Абай мен Жамбылдың, С. Сейфуллиннің, Б. Майлиннің, І. Жансүгіровтың, М. Әуезовтың, Ғ. Мүсіреповтың, Ғ. Мұстафиннің тағы басқаларының шығармалары әлденеше мыңдаған дана болып шығарылуда.

Бүкіл совет халқы сияқты, Қазақстан еңбекшілері де партияның ХХІ съезінің тарихи қарарларын орындау жолында қажырлы еңбек етуде. Республика еңбекшілерінің өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы табыстары көп. Сонымен бірге мәдениет те қарыштап алға басуда. Коммунизмнің материалдық-техникалық негізін қалау, халықтың әлауқат күйін жақсарту мәдениетті онан сайын дамытуға, қалың бұқараның мәдени дәрежесін арттыруға жағдай жасайды.

Тарихи кезеңдер

А. НҮСІПБЕКОВ,

тарих ғылымының кандидаты

Советтік Қазақстан қырық жыл жасады. Қоғам өмірі үшін бұл көп уақыт емес, «елу жылда ел жаңа» дегендей, қырық жылда Қазақстан мүлдем жаңарды. Өткен өмірге көз жіберсек, көп тарихи кезеңдер, бірінен бірі биік белестер артта қалды, ал алдымызда коммунистік қоғамның асқар асуы, сәулетті болашағы тұр. Бұл болашаққа халқымыздың жүрегі қуанып, көзі тояды.

Кәзіргі гүлденген Қазақстан—Ұлы Октябрь социалистік революциясының жемісі. Бүкіл совет халқының, онымен бірге қазақ халқының да қолы жеткен бақыт пен байлыққа жол ашқан сол ұлы революция. Ол адамзат тарихында жаңа заманның — коммунизм заманының — бетін ашты, еңбекші халықтың ғасырлар бойғы арманын жүзеге асырды.

Коммунистік партия мен жұмысшы табының басшылығымен Россияда ұлттық-отарлық езгінің шынжыры біржола талқандалып, барлық халықтар бостандыққа, теңдікке ие болды. Осы жағдайда Россиядағы барлық ұлттардың жұмысшылары мен еңбекші шаруалары ұлы көсеміміз В. И. Лениннің бастауымен пролетарлық интернационализм туы астына берік топтасты. Сөйтіп, қаһарман орыс жұмысшылары мен шет аймақтағы езілген ұлттардың еңбекші шаруаларының мызғымас одағы құрылды. Оған қазақ еңбекшілері де белсене қатысып, орыс жұмысшы табының басшылығымен, көмегімен өз өлкесінде Совет өкіметін орнатты.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы қазақ халқының жаңадан социалистік ұлт болып қалыптасуына, социалистік негізде өзінің мемлекетін құруына барлық жағдай туғызды. Бұл күнді қазақ еңбекшілері сан жылдар бойы арман етіп, асыға күткен еді. Халықтың саналы өкілдері Октябрь революциясын атқан таң, шыққан күнге теңеп, оның жемістерін шабыттана жырлады. Ал үстем тап, қазақ феодалдары мен байлары, олардың итаршылары алашордашыл сұмырайлар Октябрь революциясына жала жабуға, оны «өрт» деп көрсетіп, еңбекшілер бұқарасын онан үркітуге тырысып, аласұрды. Ақырында ұлтшыл-байшылар, алашордашылар революция жауының негізгі күші орыс помещиктері мен капиталистеріне қосылып, жас совет өкіметіне қарсы аттанды. Екінші жағынан империалистік елдердің билеуші топтары бұларға қару-жарак беріп қана қойған жоқ, олардың өздері де советтік Россияға қарулы интервенция жасады. Сөйтіп, елімізде азамат соғысы басталды.

Коммунистік партия, ұлы көсеміміз Ленин жұмысшылар мен еңбекші шаруаларды советтік Отанымызды жаудан қорғауға шақырды. Совет халқы қолына қару алып, жауды тойтаруға шықты. Бүкіл еліміз майдан шебіне айналды. Қазақстан шегінде алғашында Шығыс майданына, кейінірек Түркстан майданына бағынған Ақтөбе, Орал, Жетісу майдандары ашылды. Бұл майдандарда орыс жұмысшыларымен білек қосып қазақ еңбекшілері де Колчак басқыншыларына соққы берді.

Осы кезде қазақтың ұлттық әскер бөлімшелері құрылды. Атақты Чапаев дивизиясы құрамында қазақтың атты бригадасы болды. Тек Дала өлкесінде ғана 1918—1920 жылдары құрылған қазақ әскер бөлімшелерінің саны 36-ға жетті. Түркстан өлкесінде де қазақ әскер бөлімшеле-

рі құрылды (жеке батальон, 5-казак полкі, 21-Түркстан атқыштар полкі, 27-атқыштар полкі, 16-казак полкі, тағы басқалар). Бұл әскер бөлімшелері жауға қарсы ерлікпен күресті. Қазак бөлімшелерінің майдандағы ерліктерін Совет үкіметі жоғары бағалады. Мысалы, 1919 жылы 3-июньде Бірінші үлгілі казак полкіне Ақтөбе майданында көрсеткен ерлігі үшін РСФСР-дің Қызыл Туы берілді. Кейбір бөлімшелерге үкімет атынан алғыс айтылды.

Азамат соғысы жылдарында казак халқы да аса ауыр қиыншылықтарды басынан өткізді. Қолчактың әскері Қазақстан жерінің басым көпшілігін жаулап алып, өзінің сұрқия диктатурасын орнатты. Жаудың әскері елдің бейбітшілік шырқын бұзды, мал-мүлкін талады. «Жау жағадан алғанда, бөрі етекпен тартады» дегендей, Қолчак үкіметімен ауыз жаласқан алашордашылар да казак еңбекшілерін аяусыз тонады.

Бірақ мұның бәрі еңбекшілер бұқарасының революциялық жігерін, бостандықты көксеген ынтасын жасыта алмады. Қолчактың тылында партизандар қимылы өршіді. Мұның үстіне Шемонайхы, Қостанай, Мойнак, Черкесскіде болған шаруалар көтерілісі жаудың күшін ыдыратып, Қызыл Армияның шабуылына елеулі жәрдем берді. Жетісудың солтүстік майданы мен Ақтөбе майданы Қолчактың Деникинмен ұштасып, күш алуына үлкен кедергі болды. Түркстан республикасын жаудан қорғау, бұл өлкеде совет өкіметін нығайту үшін де Жетісу, Ақтөбе майдандары маңызды роль атқарды.

Дегенмен, Қызыл Армияның, туысқан орыс халқының көмегініңсіз казак халқы өз күшімен Қолчактың қанды шеңгелінен босана алмас еді. Шығыс майданы мен Түркстан майданында партияның аса көрнекті қайраткерлері, Лениннің жақын шәкірттері В. В. Куйбышев, М. В. Фрунзе бастаған Қызыл Армия Қолчактың негізгі күшін талқандап, Қазақстан мен Орта Азия халықтарына туысқандық көмек берді.

Елімізді жаудан арылтып, Совет өкіметін қорғап қалу жолында халықтың мыңдаған адал ұл-қыздары жанын пиде етті. Ол ардагерлердің алдыңғы сапында халық батырлары В. И. Чапаев, Аманкелді Иманов, жалынды күрескер-большевиктер Ә. Майкөтов, Т. Бокин сияқты асыл жандар болды. Олардың аттары тарихқа алтын әріппен жазылды, оларды халық өз жүрегінде мәңгі сақтамақ.

Азамат соғысының ауыр кезеңдерінде-ақ партия өзінің лениндік ұлт саясатын табандылықпен жүзеге асырды. Ұлы көсеміміз Лениннің тікелей басшылығымен 1920 жылы Қазақтың Автономиялық Советтік Социалистік Республикасы құрылды. Бұл шын мәнінде тарихи оқиға болды, еңбекші бұқараны социалистік құрылысқа тартып, олардың белсенділігін арттыру үшін советтік казак мемлекетін құрудың маңызы өте зор еді.

Азамат соғысының аяқталуы бүлінген халық шаруашылығын қалпына келтіру, социалистік құрылысқа кірісу үшін мүмкіндік туғызды. Сөйтіп, елімізде капитализмнен социализмге өту дәуірі басталды. Бұл өтпелі дәуірдің казак сияқты бұрын артта қалған халықтар үшін ерекшелігі сол, олар қоғам дамуының капитализм сатысына соқпай, оны аттап өтіп, тікелей социализм орнатуға кірісті. Бұл жолды социалистік революцияның данышпан кемеңгері В. И. Ленин көрсетіп берген еді. Ол «...артта қалған елдер алдыңғы қатарлы елдердің пролетариатының көмегімен дамудың капиталистік сатысына соқпай өтіп, советтік құрылысқа және дамудың белгілі сатылары арқылы коммунизмге өте алады» (Шығармалар, 31-том, 243—244-беттер) деген терең мағналы ғылыми қорытынды жасады. Осы лениндік ілімге сүйене отырып, Коммунистік партия казак еңбекшілерін социалистік құрылысқа жұмылдырды. Бұл жолда, казак халқына орыс халқы, басқа халықтар туысқандық көмегін аямай көрсетті.

Айталық, 1921—1922 жылдары елімізде егін шықпады, мал жұтады. Көшпелі халық қатты күйзелді. Осындай ауыр жағдайда туысқан орыс халқы қазақ еңбекшілеріне азық-түлік, құрал-сайман, қаражат беріп көмектесті. 1922—1924 жылдар Совет үкіметі Қазақстанға жәрдем ретінде 6 миллион 260 мың пұт тұқымдық астық, 5 миллион сомның құрал-саймандарын және 1,5 миллион сом ақшадай кредит берді. Сонымен қатар кәсіпорындарды, әсіресе бүлінген кендерді қалпына келтіру үшін көптеген қаражат берілді, Петропавловск — Қөкшетау темір жолы салынды.

Партияның X, XII съездерінің қарарларына сәйкес қазақ еңбекшілеріне патша үкіметі тартып алған егіндік, шабындық жерлер қайтарылып берілді. Ауылда патриархалдық-феодалдық қатынастардың қалдықтарына, ірі байларға қарсы шабуыл күшейтілді. Аса зиянды деп табылған ірі байлардың мал-мүлкі конфискеленіп, олар жер аударылды. Жергілікті советтерден байлардың өкілдері, құйыршықтары ығыстырылып, олардың орнына еңбекшілер сайланды. Сөйтіп ауылды советтендіру ісі шапшаңдатыла түсті. Совет мекемелері жергілікті халықтың тілін, әдет-ғұрпын жақсы білетін адамдармен толықтырылды.

Ұлы көсеміміз Ленин социализмді тек ірі машиналы өндірістің негізінде ғана орнатуға болады деп үйретті. Лениннің бұл өсиетін іске асыра отырып, партия елімізді социалистік жолмен индустрияландыру бағытын ұстады. Өйткені ірі өндірісті, әсіресе ауыр индустрияны дамытпайынша, бүкіл халық шаруашылығын озат техника негізінде қайта құруға, шаруашылықтың социалистік формаларының жеңіп шығуын қамтамасыз етуге, капиталистік дүниеден еліміздің техникалық-экономикалық тәуелсіздігін және оның қорғаныс қуатын қамтамасыз етуге болмайтын еді.

Елімізді социалистік жолмен индустрияландырудың қазақ халқы сияқты капиталистік даму сатысына соқпай тікелей социализм жолына түскен халықтар үшін ерекше маңызы болды. 1920 жылғы санақ бойынша Қазақстанда өнеркәсіп өнімі халық шаруашылығы өнімінің 6,3 проценті ғана болғаны жұртқа мәлім, ал қалада тұратын халық саны 10 проценттен аспайтын еді. Елді индустрияландыру саясатын жүзеге асыру бұл жағдайды негізінен өзгертті. Қазақ даласында ондаған қала салынды, мындаған завод-фабрика, шахта мен электр станциясы іске қосылды. Өнеркәсіп халық шаруашылығының жетекші саласына айналды. Өнеркәсіптің әсіресе ауыр индустрияның дамуына байланысты жұмысшы табының саны, оның қоғамдағы үлес салмағы, басшылық ролі өсті. Бұл жағдайлар жұмысшылар мен шаруалар одағын нығайтты. Социалистік индустрияландыру ауыл шаруашылығын коллективтендіруге жағдай жасады.

Қазақстанда социализмге өту дәуірінің негізгі бір кезеңі ауыл шаруашылығын коллективтендіру болды. Бұл іс октябрь революциясынан басталған болатын. 20-жылдардың аяғында ұсақ шаруалар ерікті түрде жаппай коллективтік шаруашылыққа бет бұрды, ал 30-жылдардың ортасында республика бойынша 500 мыңдай көшпелі және жартылай отырықшы шаруалар, яғни барлық шаруалардың 98 проценті колхозға енді.

Коллективтендіру саясатын жүзеге асырумен байланысты тағы да бір күрделі мәселе шешілді: көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруалары қоныстанды, олар отырықшы, іргелі елге айналды. Бұл қазақ халқының өміріндегі ең күрделі өзгерістердің бірі болды. Қоныстанған шаруаларға өкімет қаражат беріп, көмектесті.

Елді индустрияландыру және ауыл шаруашылығын коллективтендіру нәтижесінде елімізде социализмнің материалдық-өндірістік базасы жасалды. Халық шаруашылығын дамытудың алғашқы екі бесжылдық жоспары орындалумен байланысты шаруашылықтың социалистік систе-

масы жеңді. Елімізде капиталистік элементтер экономиканың барлық тарауларында да жойылды, социалистік система халық шаруашылығының бірден-бір тірегіне айналды, сөйтіп социалистік қоғамның экономикалық базасы жасалды. Осымен бірге республикамызда мәдени революция жүзеге асты. Бұрын жаппай сауатсыз қазақ халқы өзінің ғылымы, мазмұны социалистік, түрі ұлттық мәдениеті бар іргелі ел болып отыр.

Бұл күрделі өзгерістердің нәтижесінде социалистік қоғамда достас екі тап, жұмысшы табы мен шаруалар және бұл екі таптан шыққан интеллигенция ғана қалды. Социализмнің жеңіп шығуы нәтижесінде еңбекшілердің тұрмыс-халі, материалдық және мәдени жағдайы жақсарды, қала мен деревня арасындағы карама-қарсылық жойылды, ұлттардың теңсіздігі жойылып, жаңа социалистік ұлттар қалыптасты.

Социализмнің жеңісі СССР Конституциясында — дүние жүзіндегі ең демократиялық конституцияда көрсетіліп, заң жүзінде баянды етілді. Жаңа конституцияны қабылдауға байланысты, экономикасы мен мәдениеті гүлденген Қазақстан 1936 жылы автономиялық республикадан одақтық республика болып, қайта құрылды.

Социализм жеңгеннен кейін Қазақстан қанаттас советтік республикалармен бірге социалистік қоғам құрылысын аяқтау, социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту дәуіріне аяқ басты. Партияның XVIII съезі бекіткен үшінші бесжылдық жоспарды жүзеге асыру жолында жаңа қарқынмен еңбек етіп жатқан жасампаз совет халықтарына герман фашистері соқтықты. Сөйтіп халқымыздың бейбіт еңбегі үзіліп, Ұлы Отан соғысы басталды.

Коммунистік партияның басшылығымен СССР халықтары сүйікті Отанды қорғауға жұмылды. Бұл аттанысқа бүкіл совет халқымен бірге Қазақстан еңбекшілері, қазақтың қаһарман ұл-қыздары да көтерілді. Қазақстанда бірсыпыра әскер бөлімшелері құрылды. Отан соғысының алғашқы жылындағы жеке марш батальондарды қоспағанның өзінде республикада 12 дивизия, 8 бригада және 4 жеке әскери бөлімше жасакталды.

Қазақстан астанасында генерал В. Панфилов бастаған данқты 316 (8 гвардия) дивизиясы құрылды. Бұл дивизияның айбынды туы астында туысқан екі республикадан — Қазақстан мен Қырғызстаннан келген жауынгерлер Отанымызды төсін төсеп қорғауға ант берген еді. Олар Отанымыздың астанасы Москваны қорғауда ерекше ерлік көрсетті. Дивизияға гвардия атағы берілді, ол жауынгерлік ерліктері үшін Ленин, Қызыл ту және Суворов ордендерімен наградталды.

Москва түбінде, Ленинград пен Сталинградты қорғауда, Украина, Белоруссия, Прибалтика жерлерін жаудан тазарту үшін ұрыстарда, Польша, Чехословакия, Болгария, Румыния, Венгрия, Албания және Югославияны фашист басқыншыларынан азат ету жолындағы күресте, Берлин түбінде болған сұрапыл шайқаста қазақстандықтар жан аямай, ерлікпен соғысты. Олардың ерлігі үшін Отанымыз 60 мыңнан астам қазақстандық жауынгерді ордендермен наградтады, айрықша ерлік көрсеткен 369 жауынгерге Совет Одағының Батыры атағы берілді. Қазақ халқының данқын арттырған батырлардың қатарында халқымыздың сүйікті қыздары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова бар. Бұлар Шығыс әйелдерінен шыққан алғашқы батырлар. Республикамыздың төрт ардагер азаматы Сергей Луганский, Иван Павлов, Талғат Бигелдинов, Леонид Беда Совет Одағының Батыры атағын екі рет алды. Берлин қаласы алынғанда рейхстагтың төбесіне Совет туын орнатқан батырлардың бірі Рахымжан Қошқарбаевты шын жүректен мақтап етеміз.

Қазақстан еңбекшілері тылда да совет жауынгерлерінің майданында көрсеткен ерлігіне сай патриоттық еңбек етіп, Отанымыздың күшқуатын арттыра түсті. Коммунистік партияның басшылығымен еліміздің

барлық материалдық және моральдық күші майдан талабына, Отанды қорғау талабына жұмылдырылды.

Көмірлі Қарағандының, Ақтөбе-Ембі мұнайлы ауданының, Алтай, Балқаш, Жезқазған, Шымкент, Ащысай сияқты түсті металдар өндірісі орталықтарының Отан қорғауға қосқан үлесі зор.

Партия республикамызда транспорт, әсіресе темір жол жұмысын майданның талабына сай қайта құрды. Жолдардың жүк тасу қабілеттілігі арттырылды, жаңа жолдар салынды.

Сайып келгенде, Қазақстан жұмысшы табы республиканы Отан соғысының қуатты арсеналына айналдырды. Майдан тілегіне сай, қажырлылықпен жұмыс істеген кәсіпорындардың қатарында Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің ауыспалы Қызыл туы Балқаш мыс зауытына, Түркістан-Сибирь, Қарағанды темір жолдарына, Жезқазған кеніне бірнеше рет тапсырылды. Соғыс біткеннен кейін бұл Қызыл ту Балқаш зауытына, Жезқазған кеніне түпкілікті сақтау үшін қалдырылды.

Майданды азық-түлікпен, жеңіл өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз ету ісіне республикамыздың ауыл шаруашылығы да бағалы үлес қосты. Колхозшылар мен совхоз және МТС жұмысшылары Отан үшін, жеңіс үшін жан аямай еңбек етті. Отан қорғау ісіне Қазақстан интеллигенциясы да тиісті үлес қосты.

Отан соғысы жылдарында совет халықтарының достығы бұрынғыдан да шынығып, нығая түсті. Қазақстан еңбекшілері, бүкіл совет халқы сияқты, өзінің Отан алдындағы борышын адал орындап шықты, қазақ халқы өзінің еңбексүйгіш, жауынгер, досқа бауырмал, жауға қатал халық екенін бүкіл әлемге танытып, тарихи сыннан сүрінбей өтті.

Отан соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін партия совет халқын бүлінген шаруашылықты қалпына келтіруге, соғыстың зардабын тез жоюға шақырды. Совет халықтары бір-бірінің туысқандық көмегі арқасында 1946—1950 жылдар ішінде халық шаруашылығының дәрежесін соғыстан бұрынғыдан асырып түсірді.

1953 жылдан бастап совет қоғамы тарихында ерекше орын алатын дәуір басталды. Совет қоғамының бұл тарихи кезеңдегі саяси және шаруашылық құрылыс программасы партияның XX және XXI съездерінің қарарларында айқын белгіленді. Бұл дәуірде социалистік демократия онан әрі өріс алды, ұлт республикаларының правосы бұрынғыдан анағұрлым кеңейді. КПСС Орталық Комитеті совет және партия жұмыстарында орын алып келген социалистік заңды бұзу, партияның ішкі тәртібін, партиялық басшылықтың лениндік нормасын бұзу сияқты ірі кемшіліктерді ашып, батыл түзетті, сонымен қатар жеке адамға табынудың зиянды зардабын тез жоюға қажетті шаралар қолданды. Мұның бәрі еңбекші бұқараның саяси белсенділігін арттырып, партияның саясатына олардың сенімін нығайтты.

Партияның XX және XXI съездері қарарларын жүзеге асыра отырып, Қазақстан еңбекшілері соңғы бес жыл ішінде зор табыстарға жетті. Қазақстанда өнеркәсіп өнімдері 1958 жылы 1953 жылғыдан 76,4 процент өсті. Осы жылдарда республикада 730 жаңа кәсіпорын іске қосылды. Жаңа құрылыстарға жұмсалатын қаржының көлемі жылдан жылға өсіп отыр.

Сонымен қатар КПСС Орталық Комитетінің сентябрь (1953 ж.) Пленумынан бастап ауыл шаруашылығын мықтап дамыту қолға алынды. Н. С. Хрушев жолдастың бастауымен партия совет халқын тың және тыңайған жерлерді игеруге шақырды. Тың игеру жолындағы күресте Қазақстан басты роль атқарды. Қазақстанға үкімет орасан зор көмек берді. Туысқан республикалардан, РСФСР мен Украинадан жүз мыңдаған жас патриоттар республикамызға тұрақты жұмысқа келді. Партияның басшылығымен, совет халықтарының туысқандық көмегімен Қазақстан еңбекшілері қысқа мерзімнің ішінде 23 миллион гектар тың

және тыңайған жерлерді игерді. Бұрынғы елсіз далада жүздеген жаңа астық совхоздары құрылды. Осының нәтижесінде Қазақстан Россия федерациясынан кейінгі екінші астықты өлкеге айналды.

Егіншілікпен бірге республикада мал шаруашылығы да дамыды. Малдың саны көбейіп, сапасы артты. Халқымыздың игілігі үшін ет, сүт, жүн сияқты қажетті өнімдер молайды.

Халық шаруашылығының шапшаң қарқынмен дамуы елімізде, онымен бірге Қазақстанда ғылым мен мәдениеттің мейлінше өркендеуіне жағдай туғызды. Академик Қ. Сәтбаевқа, жазушы М. О. Әуезовке В. И. Ленин атындағы сыйлық берілуі республикамызда ғылым мен мәдениеттің шырқап өскенінің айғағы.

Қырық жыл ішінде советтік Қазақстанның экономикасы мен мәдениеті тарихта бұрын болмаған қарқынмен өркендегені дүние жүзіне мәлім. Орта Азия мен Қазақстанда ірі өндіріс өнімі 1913 жылмен салыстырғанда 1960 жылы 60 есе өсті. Республикамызда өнеркәсіп өнімі жан басына есептегенде Италиямен бірдей өндіріледі, ал электр қуаты онан көп, Жапониямен тең өндіріледі. Мұнымен қатар халық шаруашылығында істейтін жұмысшылар мен мамандардың саны бүкіл Совет Одағы бойынша 1926—1959 жылдардың ішінде 6 есе өскен болса, ал Орта Азия мен Қазақстанда — 10 есе өсті.

Қазақ ССР-ы еңбекшілерінің 40 жыл ішінде қолы жеткен табыстары еліміздегі жеңген социализмнің жемістері. Совет Одағы Коммунистік партиясының ХХІ съезінің қарарларында атап көрсетілгеніндей, адамзатқа социализмге қарай жол салып берген Совет Одағында кәзір өндіргіш күштердің, социалистік өндірістік қатынастардың және мәдени дамудың мұнан да шапшаң қарқынмен өрге басуына барлық жағдай жасалған.

Қазақ халқы осы мүмкіндіктерді пайдалана отырып, Коммунистік партияның басшылығымен Отанымыздағы барлық туысқан халықтармен бірге коммунизм шыңына қарай алып адыммен ілгері баса береді.

Қазақстан Советтерінің бірінші құрылтай съезі

Т. ЕЛЕУОВ,

тарих ғылымының кандидаты

Коммунистік партияның дана басшылығы пролетариат революциясы мәселелерін ұлт азаттық мәселесімен шебер ұштастыра отырып, елімізде социалистік революцияның жеңуіне, көп ұлтты мемлекеттің құрылуына, социализмнің нық орнауына жеткізді. Қазір Совет елі коммунизмнің биік шыңына қарай қарыштап алға басып келеді. Ол дүние жүзі еңбекшілерінің социализм үшін, бейбітшілік үшін күресінің туы, сан миллиондаған халқы бар отар, тәуелді елдердің азаттық күресіне үлгі-өнеге.



Қазақстанның совет және партия ұйымдары Коммунистік партия Орталық Комитетінің, В. И. Лениннің тікелей басшылығымен Қазақтың Советтік Социалистік Автономиялық республикасын құру ісін Октябрь революциясы жеңген алғашқы күндерден бастап-ақ қызу қолға алған болатын.

Октябрь революциясының нәтижесінде қазақ халқы Совет Одағының басқа да халықтары сияқты, өзін өзі билеуге, өз алдына мемлекет болуға ерік алды. Қазақ халқының тек ынтымағы жарасқан совет халықтары қатарында ғана, тек совет өкіметі тұсында ғана құлдықтан біржола құтылып, ерікті ұлт болып дами алатынына кезі жетті. Сондықтан да ол еріктілік және теңдік правосы негізінде Совет Одағының құрамында болып, Советтік Социалистік Автономия құруға белсене кірісті. Республикамыздың жергілікті советтері Қазақтың Советтік Автономиясын жариялайтын бірінші съезге қызу әзірлене бастады. Бірақ съездің шақырылу мерзімі азамат соғысына байланысты кейінге қалдырылды.

Қиян-кескі азамат соғысының ауыр жылдарында да большевиктік партия, В. И. Ленин қазақ халқын көркейтеу, оған автономия беру ісімен шұғылданды. Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты 1919 жылы 4 апрельде Қазақстан Советтерінің бірінші құрылтай съезін шақыру туралы қаулы алып, осы съезді әзірлеу жөніндегі комиссияның құрамын бекітті, ал сол жылдың 10 июлінде РСФСР Халық Комиссарлары Советі қазақ өлкесін басқаратын революциялық комитет құру туралы декрет қабылдады. Ол Қырғыз (қазақ) революциялық комитеті деп аталды. Декрет бойынша съезд ашылғанға дейін Қазақстан өлкесін басқару осы революциялық комитетке жүктелді. Өлкелік ревкомның бірінші құрамына С. С. Пестковский (председателі), Ә. Жанкелдин, Б. Каратаев және басқалар мүше болып өтті.

Қазақтың советтік автономиясын әзірлеу ісіне Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті мен РСФСР Халық Комиссарлары Советінің 1919 жылы 8 октябрьдегі қаулысы бойынша құрылған Түркстан істері жөніндегі Комиссия да үлкен көмек көрсетті. Бұл комиссияның құрамында М. В. Фрунзе, В. В. Куйбышев, Я. Э. Рудзутак және басқалар болды. В. И. Ленин өзінің «Түркстандағы коммунист жолдастарға» де-

ген хатында бұл комиссияның міндеттерін айқын белгілеп берген еді. Осы комиссияның мүшелері В. В. Куйбышев пен М. В. Фрунзенің қатысуымен 1920 жылы 3—11 январьда Ақтөбе қаласында Қазақтың І-ші өлкелік конференциясы өткізілді. Конференция барлық казак облыстарын автономия негізінде РСФСР құрамына кіретін бірыңғай советтік республика етіп біріктіруді қажет деп тапты.

1920 жылы август айында Москвада Қазақ автономиясын құруға байланысты бірсыпыра нақты мәселелерге арналған бірнеше кеңестер өткізілді, бұл кеңеске Қазақстан, Түркстан совет және РКП(б) комитеттерінің басшы қызметкерлері қатысты. Қорытынды кеңес В. И. Лениннің басқаруымен өтті. Осындай әзірліктердің нәтижесінде 1920 жылы 26 августа Бүкілроссиялық Орталық Атқару комитетінің председателі М. И. Калинин мен РСФСР Халық Комиссарлары Советінің председателі В. И. Лениннің қолы қойылған Қазақтың Автономиялы Советтік Социалистік республикасын құру туралы тарихи декрет жарияланды.

Декреттің бірінші пунктінде: Қазақтың Автономиялық Советтік Социалистік республикасы Россия федерациясы құрамында құрылады деп көрсетілген. Қазақ автономиясының құрамына Семей, Ақмола, Торғай, Орал облыстарымен қатар Закаспи облысы және Астрахань губерниясының қазақтар мекендеген аудандары кіретін болды. Сол жылғы 20 сентябрьде, жоғарыдағы айтылған декретке қосымша жарияланған Ереже бойынша Қазақ автономиясына маңайындағы аудандармен қоса Орынбор қаласы да енгізілді. Ал Түркстан советтік автономия құрамында болып келген екі облыстың — Сырдария мен Жетісудің Қазақстанға қосылуы ол облыстардағы еңбекшілердің тілегіне байланысты деп декретте ерекше атап көрсетілген.

Қазақтың тұңғыш советтік автономиясын жариялаған бұл тарихи лениндік декретті республикамыздың еңбекшілері шын жүректен қуана қарсы алды.

Бірінші құрылтай съезіне әзірлену және оны өткізу жұмыстарын Қазақстан партия ұйымдарының облыстық бюросы, өлкелік Революциялық комитеті жүргізді. Ревкомның жанынан өлкелік сайлау комиссиясы құрылды, облыстық, уездік советтер жанында құрылған сайлау комиссиялары да съезге әзірлікке байланысты бірсыпыра жұмыс атқарды. Съезге делегаттар сайлау жұмысы 1920 жылдың 1 октябріне дейін аяқталды.

Қазақстан Советтерінің бірінші Құрылтай съезі 1920 жылы 4 октябрь күні Орынбор қаласында ашылды. Съезге 273 делегат қатынасты, олардың 197 коммунистер, 4-уі коммунистерге ниеттестер; делегаттардың ішінде 128 қазақ, 127 орыс және басқа 18 ұлттың өкілі болды.

Съезді өлкелік Ревкомның председателі В. А. Радус-Зенькович ашты. Ол өз сөзінде ашылғалы отырған тұңғыш Құрылтай съезінің тарихи маңызы мен ерекше міндетіне тоқталды, патшалық дәуірде капиталистер мен бай-манаптардың езгісінде, құлдығында болып келген қазақ қалқына ұлттық бостандық, саяси теңдік әперген совет өкіметі ғана екенін ерекше атап көрсетті.

Радус-Зеньковичтің сөзінен кейін коммунистік фракцияның ұсынысы бойынша 9 кісіден съездің президиумы сайланды. Олардың ішінде: В. А. Радус-Зенькович, Ә. Досов, С. Мендешев, Ә. Жанкелдин, И. Акулов тағы басқалар болды.

Съезд құрметті президиумға В. И. Ленинді, М. И. Калининді, И. В. Сталинді сайлады. Съездің қарауына мынадай мәселелер қойылды:

1) Президиум сайлау; 2) мандат және редакциялық комиссиялар сайлау; 3) съездің регламентін белгілеу; 4) комиссиялар құру; 5) секцияларды (ағарту, денсаулық сақтау, заң, хауіпсіздендіру, қаражат)

бекіту; 6) өлкені басқарып келген Ревкомның баяндамасы; 7) Қазақстан еңбекшілерінің праволар декларациясы; 8) астық мәселесі; 9) жер мәселесі; 10) әскер мәселесі; 11) секциялардың баяндамалары; 12) экономикалық құрылыстың міндеттері; 13) ұйымдастыру мәселесі; 14) Кыргыз (қазақ) Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советін сайлау.

Съезді құттықтап сөйлеген қарт делегат Тұржанов: «...Қазақ халқының көпшілігі партияда жоқ, дегенмен съезге келген делегаттардың төрттен үші коммунистер болып отыр, мұның өзі коммунистік партияға қазақ халқының шексіз сенімін көрсетеді» деді. РКП(б) облыстық бюросы атынан сөйлеген И. А. Акулов жолдас қазақ халқының жаңа өмір құруы үшін қаһармандық күрес жүргізіп отырған коммунистік партияның, жұмысшылар табының ерекше роліне тоқталды.

Съезд атына Қазақстанның қалалары мен ауыл еңбекшілерінен көптеген құттықтау телеграммалар түсті. «Қостанай қаласы азаматтарының жалпы жиналысы, — делінген телеграммалардың бірінде, — Қазақтың өлкелік съезіне жалынды сәлем жолдайды, съезд «Еңбекші халықтың бақыты үшін» деген ұранмен өтеді деп сенеді. Қазақ халқының Советтік Социалистік республикасы жасасын!»

Съезд делегаттарының құрамы, онда сөйленген сөздер мен съезд атына түскен телеграммалардың мазмұны, қабылданған шешімдер Қазақстан еңбекшілерінің Совет өкіметіне, Коммунистік партияға деген орасан зор сенімін, күннен-күнге нығайып келе жатқан халықтар достығын айқын бейнеледі.

Съезд өзінің күн тәртібіне қойылған көптеген маңызды мәселелерді шешумен қатар тарихи мәні зор мәселе — Советтердің негізінде Қазақтың Советтік автономиясын жариялау мәселесін талқылады. Республика еңбекшілерінің праволары декларациясына байланысты сөйлеген сөзінде С. Мендешев «декларация өкімет билігін еңбекшілерге беріп отыр, өндіріс құрал-жабдықтары да еңбекшілер меншігіне көшеді» деді. Ол декларацияны қабылдау жөнінде ұсыныс енгізді. Бұл ұсынысты онан кейін сөйлеген делегаттардың бәрі де қуаттады.

Съезд Қазақтың Советтік Социалистік Автономиясын жариялады, «Қазақ АССР-ы еңбекшілерінің праволар декларациясын» қабылдады. Бұл декларацияда «Қазақ өлкесі жұмысшылардың, еңбекші қазақ халқының, шаруалардың, қазақтар мен қызыл әскерлер депутаттары советтерінің республикасы болып жарияланады. Автономиялық республиканың басқару органдары жергілікті совдептер, КазАССР Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советі болып табылады» делінген.

Декларация республиканың негізгі міндеттері «адамның адамды қанауын жою, қоғамның тапқа бөлінуін толық жою, қай ұлтты болса да қанаушыларға қарсы аяусыз күрес жүргізу және қоғамның социалистік ұйымын құру» болып табылады деп көрсетті.

Жер мәселесі жөнінде Декларация советтердің Бүкілроссиялық екінші съезінде 1917 жылы ноябрьдің 8-де қабылданған жер туралы декретті қолдап, Қазақстанда жерді мемлекет қарауына алуды заң жүзінде бекітті.

Сонымен бірге Декларация республика азаматтарының праволары мен міндеттерін белгілеп берді. Қазақ халқына мектепте ғана емес, оның үстіне республиканың барлық мемлекеттік мекемелерінде де өз ана тілімен пайдалану правосын берді. Еңбекшілер тегін оқып, білім алу, сайлау, сайлану правосына ие болды.

«КазАССР еңбекшілерінің праволары декларациясы» партиямыздың лениндік ұлт саясаты негізінде, «Россия халықтарының праволары декларациясы», «Еңбекші және қаналушы халық праволарының декларациясы» сияқты дүние жүзінің тарихында қаларлық маңызы бар документтерге сәйкес жасалып, республикада өкімет билігі еңбекші

халықтың қолына берілгенін салтанатты түрде жариялады, Декларацияда: «Барлық өкімет билігі,— заң шығарушы, атқарушы және бақылаушы өкімет тұтасымен тек қана еңбекші халықтың қолында болуға тиіс» деп жазылды.

Қазақстан советтерінің бірінші құрылтай съезінің Қазақтың Советтік автономиясын құру жайындағы шешімін, жариялаған декларациясын республика еңбекшілері шын жүректен қарсы алды. Қазақ мемлекетінің тұңғыш туын тіккен Коммунистік партияға, Совет мемлекетіне сансыз алғыс айтып, өзінің оларға шексіз сенетінін білдірді. «...Еңбекші қазақ халқы,— деп жазды Ақтөбе уезінің V съезі Қазақ АССР-ы құрылғаннан кейін,— енді толық бостандық алды... Женіс кілті — республикамыздың орыс, қазақ еңбекшілерінің туысқандық одағында екеніне көзіміз жетті».

Құрылтай съезінің тағы бір тарихи маңызы — Қазақ Советтік Автономиясының Россия Федерациясы құрамына кіруі туралы мәселені шешкенде — ешкімнің қысымынсыз өз еркімен шешуінде болды. Бұл шешім қазақ халқы мен ұлы орыс халқының арасындағы қарым-қатынастың, туысқандық достықтың мызғымас берік екенін көрсетті. Бұл шешім ұлт мәселесін шешудің лениндік принциптерін жүзеге асырудың, ұлттар достығын нығайтудың, ескі заманның қалдығы — ұлттар арасындағы өзара сенімсіздікті жедел жоюдың жарқын көрінісі болды.

Съезде қаралған басқа мәселелер, алдымен секциялар мен комиссиялар мәжілістерінде талқыланып, содан кейін съездің жалпы мәжілісіне қойылды. Өлкелік Ревкомның жұмысы жайында баяндаманы С. Арғыншиев, қосымша баяндаманы С. Меңдешев жасады. Баяндамашылар да, жарыс сөзде сөйлеушілер де Қазақстан советтерінің бірінші съезін даярлауда, қазақ халқының шаруашылық жұмыстарын бірыңғайлап жолға қоюда өлкелік ревкомның істеген жұмысын ерекше атап айтты. Сонымен қоса сөйлеушілер өлкелік ревком жұмысында болған елеулі кемшіліктерді де көрсетті.

Жеке секция мен комиссиялардың мәжілісіне кіріп кеткен кейбір ұлтшылдар халыққа қарсы қаскүнемдік жасауға әрекет істеп жанталасты. Жер мәселесін талқылаған кезде олар қазақ халқының көшпелі болып келгенін бетке ұстап, халықты отырықшыландыруға қарсы шықты, жерді байлар қарамағында қалдыруға тырысты. Заң комиссиясында, олар бұрынғы билер сотын дәріптеп «әділ» сот деп дәлелдемекші де болды. Әкімшілік комиссиясында съезд алдында ревкомға, ол түк істеген жоқ деп жала жауып келген ұлтшылдар, енді ревкомның жұмысын асыра мақтап көкіді. Мұндағы олардың көздеген мақсаты: Ревком мүшелері арасына да алауыздық туғызу, делегаттар арасына іріткі салу еді, коммунистік партияға жала жабу еді. Съезд делегаттары ұлтшыл алаяқтарды мейлінше әшкерелеп, оларға мықты соққы берді. «Қазақ халқы,— деді өзінің сөзінде— делегат Ә. Жанкелдин,— Коммунистік партияның ерекше роліне әлдеқашан түсінген, ол (қазақ халқы) еңбекші бұқараның байларға қарсы күресінің алдыңғы қатарында болады». Делегат С. Сейфуллин заң комиссиясында сөйлеген сөзінде: «РСФСР бойынша қабылданған сот құрылыстарының принциптерін Қазақ АССР-нда да халық соттарын құруға қолдануға болады», — деді. Сөзінің соңында ол: қазақ аулында сол күндерге дейін орын алып келген кек алу үшін кісі өлтіру, құн төлеу сияқты қылмыстарға қарсы күресті күшейту керек екенін айтты.

Қазақ АССР-ы еңбекшілерінің правосы жайында жарияланған декларацияда көрсетілген негізгі міндеттерге сүйене отырып, съезд социалистік құрылыстың күрделі мәселелері жайында, атап айтқанда: жер мәселесі, экономикалық құрылыс жайында, әкімшілік мәселелері, советтік заң орындарын ұйымдастыру жайында, халық ағарту, денсау-

лық сақтау, азық-түлік тағы басқа мәселелер жайында тиісті қарарлар қабылдады.

Съезде шешілген күрделі мәселелердің, қабылданған қарарлардың жұмысшылар мен шаруалар одағын нығайту жолында, халықтар достығын одан әрі шындай түсу, тарихи аз уақыт ішінде қазақ халқының бұрынғы ғасырлар бойы экономикалық жағынан артта қалушылығын тез жойып, оны «терезесі тең, керегесі кең» бақытты совет халықтарының қатарына теңеу жолында орасан зор маңызы болды.

Съезд Коминтернге, Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетіне құттықтау телеграммалар жолдады. Россия федерациясының автономиялық республикалары мен облыстарына үндеу қабылдады. Бұл үндеуінде съезд Россия федерациясының барлық халықтарын орыс пролетариатымен біріге отырып, социализм құру үшін күресуге шақырды. Съезд өз бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен Шығыс халықтарына да арнап үндеу қабылдады.

Съезд Қазақ АССР Орталық Атқару Комитетінің құрамына 76 мүше, 25 кандидат сайлады. Орталық Атқару Комитеті Президиумының құрамына С. Мендешев (председатель), В. А. Радус-Зенькович, Ә. Жанкелдин, С. Сейфуллин тағы басқалар сайланды. Орталық атқару комитеті республиканың халық комиссарлар советін құрып, оның председателдігіне партияның көрнекті қайраткерлерінің бірі — В. А. Радус-Зеньковичті бекітті.

Съезд жабылар алдында бірнеше делегаттар: Ә. Жанкелдин, Ораз Жандосов, Радус-Зенькович тағы басқалар сөз сөйлеп, съезде алынған қарарлардың қазақ халқының келешегі үшін тарихи маңызы зор екенін айтты. «Біз 8 күннің ішінде, — деді Радус-Зенькович, — толып жатқан аса зор маңызды мәселелерді ойдағыдай шештік, мұның өзі делегаттар ұйымшылдығының, ауызбірлігінің күштілігі нәтижесінде болып отыр. Съезд үлкен достық салтанат үстінде өтті, аз күннің ішінде біз, бізді сайлап жіберген еңбекшілер бір туысқандай болып біріктік. Еңбекшілердің мызғымас бірлігі — біздің келешек істеріміздің жемісті болуына айқын куә».

Съезд жұмысын октябрьдің 12 күні аяқтады. Сөйтіп, бүкілқазақстандық бірінші тарихи съезд қазақ халқының Советтік Социалистік Автономиясын құрды. Бұл совет мемлекетінің шеткері аймақтарының бірі — Қазақстанда коммунистік партияның лениндік ұлт саясатын жүзеге асыруының аса жарқын көрінісі болды.

Қазақстанның социалистік мемлекет болып құрылуымен қазақ халқының аңсаған ежелгі арманы іске асты, бұрын бөлшектеніп кеткен жері қосылып, бірыңғай ұлттық өлкеге айналды, ғасырлар бойы бытырап жүрген халық бірігіп, социалистік ұлт қалыптаса бастады. Арманына жеткізгені үшін қазақ халқы совет халқының кеменгер көсемі Коммунистік партияға, ұлы социалистік революцияның, дүние жүзі еңбекшілерінің данышпан ұстазы Ленинге, Совет өкіметіне, ұлы орыс халқына мың мәртебе алғыс айтып, социализм жолындағы күреске әзір екенін білдірді.

Менің республикам

ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВ

Қазақтың Советтік Социалистік Республикасы! Менің қадірмен туған халқым туралы осынау бірнеше сөзде бәрі айтылған: оның елдігі мен еріктілігі де, бақытты бүгіні мен болашағы да осы сөздерден өз есімдерін тауып жатыр. Бұл сөздерді әр қазақ ауыз толтыра айтып, ұлттық мақтанышпен, перзенттік сезіммен елжіреп, тебірене атайды.

Қазақтың Советтік Социалистік Республикасы! Бұл сөздер әсіресе осы күндері, Ұлы Октябрь туғызған жаңа да жарқын Қазақстанның қырық жылдығының тамаша тойы күндері, тіпті ерекше—бұрынғыдан да мәнді, соншама әуезді, сырлы естіледі. Әр ауыздан күй болып қалықтап, ән болып шарықтап шығады. Қиялыңды қоздырып, ойға шомдырады, жыр шақырады.

Еңбекке десе — ұстасың,
Егеске түссен — батырсың.
Жеміс пен жеңіс ұштасып,
Аршындап келе жатырсың.

Қаншама тастар үгіліп,
Астына кетті қаланың!
Қаншама өзен жүгіріп,
Қандырды шөлін даланың!

Жаланап біткен жерімде
Жайқалған ну, бақ тамаша.
Тапталған сан жыл тебін де,
Келеді гүлдеп жаңаша.

Адамың қандай, адамың,
Жерұйық Қазақстаным!
Өзіңнен шабыт табамын,
Өзіңнен алам күш-жалын.

Жоқ, бұл — айтылған өлең. Қазақстан туралы әлдеқайда жалынды жазу керек, жаңаша жазу керек. Ол ескіrmесін, ұзақ жасасын, Гимндей болсын.

Гимн?

...Алматының республикалық стадионы биіктен, самолеттен қарасаң, күндізгі аспанның жер бетіне түскен кішкене суреті сияқты. О да көгеріп, күмбезденіп, зере табақтай дөңгелеп көрінеді. Мен сол стадионды бүгін көктен емес, жерден көріп, соның ішінде тамашалап отырмын. Осы бір жасыл табақ отыз мың адамға шақ деуші еді, кәзір мұндағы халық ол мөлшерден әлдеқайда көп тәрізді, ортадағы көк мақпал тақиядай дөңгелек алаңнан басқа ине шаншар орын жоқ.

Бүгін мұнда Ленин орденді республиканың кезекті бір үлкен табысына, еңбектегі ерлігіне арналған жиын өткелі жатыр. Міне ол басталып та кетті. Қаз мойынды жез түтіктері алтын күнмен жалт ойнаған

оркестрден, алғашқы аккордтан бастап, аспанға шарқ ұрып қыран көтерілгендей, керемет бір асқақ дыбыс шыққанда, бүкіл стадион дүр сілкінгендей, аяғынан тік тұрып, Қазақтың Советтік Социалистік Республикасының Гимніне құлақ түрді. Ұлы Отанымыздың мемлекеттік Гимнімен бірдей оған да мәртебелі құрмет көрсетті. Оның салтанатты сазы бірте-бірте биіктеп, стадион күмбезінен жоғары да алысқа, Алатау аясынан асып, бүкіл қазақ жерінің аспанына шарықтап бара жатты...

Осы сәтте, мен бағы заманда ашылған Американы қайтадан ашқандай, сол Гимн үнін де жанаша тыңдап, жанаша ұққандай болдым. Оның сазында үлкен елдіктің белгісі, мемлекеттіктің үні тұрғандай естілді...

Ұлы Октябрьден бұрынғы Қазақстан туралы сөз болғанда әдетте біз ауыр да ащы болса да, бір тарихи шындықты — қараңғы да мешеу, желдей тұрақсыз, қанбақтай көшпелі ел болғанымызды айтпай кете алмаймыз. Әсіресе осы сияқты мақала жаза қалсаңыз немесе осы тақырыпқа баяндама жасайтын болсаңыз, ескі мен жаңаны салыстырып, қайдан қандай биікке жеткенімізді айтпау тіпті мүмкін емес. Ал салыстыра қалсаңыз, өткендегіміздің жайы оншама ажарлы бола қоймайды. Сонда, жасыратын несі бар, кейде «осы анау да жоқ, мынау да жоқ еді деп, ауызды ку шөппен сүрте беру еліміздің атына жаман болмай ма» деген де ойға қаласын. Бірақ «ауырғаныңды жасырғанмен өлгеніңді қалай жасырасың» дегендей, әр нәрсені өз атымен атамауға тағы болмайды. «Жарлылығын жасырған байымас» дейтін қазақ халқы, ғасырлар бойы қараңғылықта қамалып, таршылық пен тапшылықты бастан кешіргенін күлбелтелеп көрген емес. Ол «біздің бабамыз Римді құтқарған» деп көкіген ақымақ қаздың әдетінен де мүлде аулақ. Қысқа жіп күрмеуге келмесе, жоқтық жомарт халықтың қолын байласа, оған сол кездегі саяси-қоғамдық құрылыс, сол заманның өзі кінәлі.

Бірақ мен бұл арада ертедегі жоқтық, жұтандық жайын әңгімелейін деп отырғаным жоқ.

Менің айтқалы отырғаным осы елдік, мемлекеттік жайында. Гимн мені осы жөнінде ойландырды.

Ол дүйім жұртты тік тұрғызып қойып әлі саңқылдап қанат қағып барады. Құлағым сонда, көзім стадионнан шаншыла тік көтерілген биік дінгекте, оның басындағы көк жолақты қызыл жалауда. Ол алыстан қарағанда аспандағы кемпіркосақтың қызыл-көк жолағын кесіп алып іліп қойған секілді боп көрінеді. Бұл — Қазақтың Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік жалауы. Жүректей алып ұшып, зенгір көкте жел өтінде желбіреп тұрған осы қызыл жалаудың өзі де керемет дастан сияқты.

Гимн. Жалау. Герб. Өзінің көп ғасырлық бүкіл тарихының өне бойында тек Ұлы Октябрь арқылы ғана тұңғыш рет мемлекетке ие болған қазақ елі үшін бұлар да мүлде жаңа нәрсе еді. Енді олар негізгі заңымыздың — Қазақтың Советтік Социалистік Республикасы Конституциясының арнаулы бір тарауын алып жатыр.

Заң демекші, қазақ халқы үшін советтік құрылыстың ұлы жемістерінің бірі де — осы Конституция. Ол біздің ерікті елдігімізді де, қол жеткен табыстарымызды да, азаматтық правомызды да заң етіп жариялады, заңмен бекітіп берді. Ол әр азаматқа шексіз право берді, ол әр адамды ардақтайды, қорғайды, ол әр қайсымызға зор сенім көрсетіп, құрметті міндеттер жүктейді.

Ал, баяғы қазақ даласында қандай әділ, қандай мемлекеттік заң болып еді, атам қазақтың правосын қандай конституция қорғап еді? Егер патша-сұлтандардың, хандар мен билердің бейбастақтығы мен озбырлығын заң дейтін болсақ, онда Жамбыл сөзімен айтқанда:

Жүргізді заңын «бір құдай»,
 Жүргізді заңын Абылай.
 Қылышпен жұмсап законды,
 Жүргізді заңын Николай.
 ...Елді ерікке зар қылды,
 Кең дүниені тар қылды.

Қазақ халқының көп заман бойы еңсесін басып, жауырынын жаздырмай келген жок-жұтандықтың ең бастысы да сол адамдық праводан, елдік праводан жұрдайлық еді.

Гимн канатын еркін жайып, аспандап барып баяулап, қалықтап келіп қонып тынды. Халық орын-орнына отырысты.

— Ғажап Гимн! — дейді қасымдағы қадірлі қонақ, корейлік дос, менің қолымды қысып. Соны айтып ол: — Мыналар да аяғынан тік тұрды! — деп күледі. Оның «мыналар да» дегені — бір топ американдық туристер. Біз оларды манада мейманханада көргенбіз. Қандай ой, қандай мақсат жетектеп келгенін кім білсін, әйтеуір бұлар да стадионнан бір-ақ шыққан екен. Ұлы Совет елінің құдіретті айбарына, ұланбайтақ Қазақ республикасының есіміне бас игендей, Гимнді түрегеліп тындап тұрған сол мырзаларды көргенде менің корейлік досым да жан айызы қанғандай, едәуір марқайып қалды.

Біз бірімізді біріміз арқадан қағып, тағы да рахаттанып бір-бір күліп алдық. Бұ жолы ойымызды жүрекпен ұғынысып, тілсіз, көңілді көзбен сөйлестік...

Корейлік жолдас та қалам иесі, журналист адам. Ал жазушы қолына нан бермесен де, материал бер, факт бер, цифр бер, ананы көрсет, мынаны көрсет, кеше қандай еді, бүгін қандай деген секілді толып жатқан сұрауларын қанағаттандыр.

Мен бірге болған бірер күннің ішінде қадірлі қонақты Алматының біраз мейманжайлығымен таныстырып шықтым. Қолымыздан өскен жас қаланың, жасыл қаланың қыз келбетті сұлулығы кім-кімді де қызықтырмай қалған емес. Оның әсем асфальт көшелері, бау-бақшалары мен гүл алаңдары, әдемі-әдемі тұрғын үйлері, қаптап жатқан жаңа құрылыстары корейлік жолдастың назарын да қатты аударды.

Біз республиканың екі бірдей озық ордасы — Қазақ ССР Ғылым академиясы мен Ауылшаруашылық ғылым академиясында, мемлекеттік университет пен институттарда, кейбір министрліктер мен мекемелерде, театрлар мен кино студиясында, мектептер мен кітапханаларда, заводтар мен фабрикаларда және басқа толып жатқан орындарда болдық. Корейлік досымыз көп жолдастармен, соның ішінде ресми адамдармен де кездесті. Қойын дәптері цифрлар мен фактілерге, қалалар мен өнеркәсіп орындарының аттарына, белгілі адамдардың есімдеріне тола берді, тола берді.

Олар әзірге көркем сөз кестесіне түспеген, бейнелі ой елегінен өтпеген, атүсті, асығыс, әр саладан, әр жерден жазылып алынған мына сияқты мәліметтер мен деректер еді:

1958 жылы Қазақстанда өнеркәсіп өнімі 1913 жылғыдан 44 есе артық өндірілген. Мысалы, көмір 348 есе, мұнай 13 есе...

1940 жылмен салыстырғанда кен байлықтарының қоры 1959 жылдың басында мұнайдан — 1,8 есе, мыстан — 2,4, қорғасыннан — 3,6, фосфорит мен көмірден — 12, темір рудасынан — 43, молибденнен — 133, вольфрамнан — 225 есе көбейіпті. Атап айтқанда, Орталық Қазақстандағы көмірдің жалпы запасы, соңғы мәліметтерге қарағанда, 100 миллиард тонна, соның ішінде барланғанының өзі 20 миллиард тонна. Қарағанды, Екібастұз көмір бассейндерінің қуаты барған сайын арта бермек.

Қазақстанда қара металлургияның екі алыбы — Теміртаудағы металлургия заводы мен Ақтөбенің ферросплав заводы бар. Бұларға даңқты Қазақстан Магниткасы аталатын Қарағанды металлургия заводы қосылмақ. Сонда 1959 — 1965 жылдары арасында қара металлургияның жалпы өнімі 9,6 есе артпақ... Осы уақыттың ішінде түсті металл өнімі де екі есе көбеймекші. Атақты академик Қаныш Сәтбаев ашқан «Үлкен Жезқазған», Өскемен мен Текелінің қорғасын-мырыш комбинаттары, Ащысай полиметалл комбинаты, Шымкент қорғасын заводы сияқты өнеркәсіп орталықтары Қазақстанның түсті металл қайнары...

Бұдан әрі корейлік жолдас Қазақстанда жаппай электрлендіру ісіне мейлінше көңіл бөлініп жатқаны туралы, Өскемен, Бұқтарма су электр станциялары туралы, республиканың энергетикалық базасының келешегі туралы мәліметтер алған еді. Жақында ол Совет Одағының Коммунистік партиясы мен Совет үкіметінің басшысы Никита Сергеевич Хрущев жолдастың Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының XV сессиясында сөйлеген сөзінде келтірілген мәліметтердің де корейлік достың қойын дәптеріне түсіп үлгіргені хақ.

Алматының бір сөзбен «АЗТМ» деп аталатын күрделі машиналар жасайтын заводының өнімдері халықтық демократия елдері, Индия сияқты біраз жерге таныс. Кентау экскаватор заводы, Шымкент пресс-автомат заводы, Ақтөбе рентген заводы, Ақмола «Қазахсельмаш» заводы... деп тізе беруге болар еді, бірақ оның бәрін жазып үлгіру мүмкін емес. Тек бір атап көрсететін нәрсе: республикада машина жасау өнеркәсібінің он саласы болмақ.

Ал темір жол құрылысы ше? Атақты Турксиб темір жолын салудан бастап бұл жұмыс Қазақстанда тоқтап көрген емес. Тың жерлерді игере бастағаннан бергі уақыттың өзінде, мысалы, республиканың солтүстігінде 1600 километр темір жол желілері тартылған. Достық жолы аталатын Ақтоғай — Шекара темір жол құрылысы аяқталды. Кешікпей Қарағанды-Ақтоғай желісі тартылмақ. Осылайша ұлан-байтақ даланы болат жолдар мен тас жолдар өрмекшінің өрмегіндей баспақ. Егер жетіжылдықта Қазақстанда транспорт пен байланыс ісінің дамуына тоғыз миллиард сом жұмсалса, осыдан-ақ тиісті қорытынды шығаруға әбден болса керек!...

Соңғы 5 — 6 жылдың ішінде бүкіл дүние жүзін қайран қалдырған, Совет Одағындағы шын мәніндегі ұлы ерлік болып саналатын нәрсе — ұшан-теңіз тың және тыңайған жерлерді игеру ісі. Осы ғажайып істе Қазақстанның алатын орны ерекше зор. Егер революцияға дейін мұнда егіс көлемі төрт миллион гектардай ғана болса, енді 28 миллион гектардан асады. Мұндай жерге қоса алғанда Германия, Италия, Швейцария сияқты мемлекеттер ойнап-сынып кетеді екен. Соның 23 миллион гектардан астамы тың жерлер.

Тағы да бір қорытынды цифр. 1959 — 1965 жылдары Қазақстанның халық шаруашылығы мен мәдениетіне жұмсалатын қаржының мөлшері 116 — 119 миллиард сом, яғни өткен жетіжылдықта жұмсалған қаржыдан 2,3 есе көп болады екен. Осы уақыттың ішінде жаңадан 240 ірі өнеркәсіп орындары мен электр станциялары салынбақшы.

Сан-саладан алынған бұл сияқты мәліметтер менің қаламдас досымның дәптерінде мол-ақ еді. Оның әсіресе көп тәптіштеп сұрағаны — мектептер мен институттардың, театрлар мен кітапханалардың, студенттер мен оқушылардың, академик, доктор ғалымдар мен инженерлердің саны еді. Оның бұл жөніндегі барша сұрақтары қанағаттандырылған да болатын. Ол әр цифрды таңырқай, қуана, күлімдеп отырып жазып алған-ды.

Айтпақшы, ол жазып алған цифрларына жан бітіріп, оларды өз елімде сөйлетіп те үлгіріпті. Ол өзінің Қазақстанда көргендері, естіп-білген-

дері мың жылдардан қалған ата мирас емес, советтік қырық жылдықтың ғана жемістері екенін де, әр цифрдың күрес пен еңбекте туғанын да жақсы ұғыпты. «Жалаң» цифрдан нағыз поэзияны көріпті, өмір жырын, адам жүрегiнiң дүрсілін, коммунизм көшiнiң ұлы дүбiрiн естiптi.

Мен бiрсыпыра iлгерi кетiп қалсам керек, сөзiмiздiң бас жағына қайта оралайын. Әзiрге бiз стадионда отырмыз. Менiң корейлiк досыма мәлiм болып үлгiрген кейбiр тың мәлiметтер осы жиында сөйлегендердiң сөздерiнде де айтылып жатыр. Қазiр қонақ жазудан гөрi көруге, жаңа адамдармен танысуға, ал таныстарын көп iшiнен ажыратып алуға ынтық. «Анау академик Қаныш Сәтбаев, әнеки Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсiрепов, Ғабиден Мұстафин...» деп, академия президентiн де, атақты қаламдас достарын да алыстан танып отыр. СССР Халық артистерi Ермек Серкебаев пен Роза Жаманованы, Қалыбек Қуанышбаев пен Шәкен Аймановтарды да бiледi екен. Композиторлар мен суретшiлердiң де көбiмен жүзбе жүз дидарласып үлгiрген. Қазiр олардың да бiразын көрiп отыр. Көз жететiн жердегi назарын аударған адамдарды да «анау кiм, мынау кiм» деп сұрап қоймайды.

— Бұл Қазақ ССР Ғылым академиясының академигi, Бейбiтшiлiктi қорғаудың Қазақстандық Комитетiнiң председателi Нәйла Базанова, — деймiн мен мiнбеде сөз сөйлеп тұрған қазақ әйелiн нұсқап. — Ал анау, оған таяу тұрған — колхоз председателi, Социалистiк Еңбектiң екi есе Ерi, СССР Жоғарғы Советiнiң депутаты Нұрмолда Алдабергенов, оның жанындағы даңқты комбайншы Жансұлтан Демеев.

— Сiз бұлардың өмiрбаяны жайында ештеңе айта алмайсыз ба? дейдi қонақ, ендi дәптерiне түрте салуға ыңғайланып.

— Бүкiл қазақ халқының өмiрбаяны қандай болса, олар да сондай, — деймiн мен. — Бiр кездегi надан қазақтың, малшы, жалшының ұлдары мен қыздары — бүгiн ғалым, қоғам қайраткерi, еңбек ерi, коммунизм құрылысшысы. Республиканың үкiметi мен партия басшыларынан бастап қарапайым колхозшы мен жұмысшыға дейiн — бәрiнiң өмiрбаяны бiрдей.

— Рас, тауып айттыңыз! — дейдi жолдасым қуана қарап. — Ал мына кiсi кiм? О да батыр ғой.

— Қайсы? Ә, мына жiгiттi айтасыз ба, — деймiн мен, сол жақта, бiзге ұрымтал жерде отырған Талғат Бигелдиновты көрiп. — Батыр болғанда да Совет Одағының екi есе Батыры, керемет ұшқыш болған!

Осы арада маған сонау Ұлы Отан соғысы кезiнде жүздеген қазаққа Совет Одағы Батыры атағы берiлгенiн, соның iшiнде қазақтың қаһарман қыздары Әлия Молдақұлова мен Мәншүк Мәметованың есiмдерiн атап көрсетуге тура келдi. Айта кетейiн, сол соғыста қазақ халқының майдан мен тылда бiрдей жанқияр, жаппай ерлiк көрсеткенiн, өзiнiң Советтiк Отанын шексiз сүйетiнiн iсiмен, қанымен дәлелдегенiн мен әрдайым мақтаныш етемiн. Одан осы жолы да тартына алмасам керек...

Гимнмен ашылған жиын Гимнмен аяқталды. Бiз қуаныш қанатына мiнгендей үлкен бiр серпiндi сергек сезiммен стадионнан шықтық.

— Уақыт әлi ерте ғой, мүмкiн болса, тағы да қаланы араласақ қайтедi, — дедi жаңағы жолдасым.

— Құп, мейлi, кеттiк олай болса!

Бұл — Алматы күзiнiң әдеттегi жарқын күндерiнiң бiрi едi. Екi бетi сап түзеп самсаған солдаттай, қаз-қатар тiзiлген ағаштарға толы жасыл коридордай көшелермен бiрде ызғытып, бiрде жүзе отырып бiз машинамыздың басын республика астанасының оңтүстiк-батыс ауданынан бiр-ақ тарттық. Алматының өрiсi, келешегi секiлдi сол жердегi саясыз тұрғын үйдi көрдiк, құрылысшылармен әңгiмелестiк.

Осылайша бiз қаланы бiраз шарладық. Аманкелдiге орнатылған ескерткiштi де көрдiк.

— Азамат соғысының батыры комиссар. Иманов, — деп таныстырдым мен оны.

— Иә, иә, ол жөнінде естігенім бар, ол сіре азаттық күресінің бастаушысы да болса керек.

— Дұрыс айтасыз, бірақ 1916 жылғы көтеріліс ұлт-азаттық қозғалысының соңғы дүмпуі ғана. Қазақтар бостандық үшін талай күреске түскен. Ал Аманкелді — «ердің соңы Исатай» деп, біздің ХІХ ғасырдағы жалынды көтерілісші ақынымыз Махамбет айтқандай, — күрес туың Ұлы Октябрьге жеткізген азаттық ардагерлерінің соңы десе болғандай. Енді жалпы ерлікті, батырлықты алатын болсақ, ол эстафета сияқты жылдан-жылға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса бермек, — дедім мен кенет бір желпініс пайда болып.

— Оны, сол ерлік эстафетасын мен осы жасампаз еңбек, бейбіт құрылыстан да көріп отырмын, — деп жымыды қонақ.

Міне біз енді Үкімет үйінің алдындағы Ленин алаңында, гүл алаңында отырмыз. Бұл жер ерекше сая, ерекше сұлу. Мұнан түрлі гүлдердің хош, жұпар иісі танауға соғып, жаңа тыныс әкелгендей.

Біз Ленин ескерткішінің түбінде, оның дәл қол астында отырмыз. Тіпті біз ғана емес, осынау, миллиондарға таныс, үйреншікті қалпында алға созылған Ильич қолының астында бүкіл Алматы, бүкіл қазақ даласы тұрғандай боп көрінеді. Ұлы көсем гүлденген Қазақстанның табыстарына қуанып, енді оның коммунистік ертеңіне қарап тұрғандай.

Әнеки тірідей ол тұр қаламда,
Шығыстың шұғласындай гүл алаңда.
Гүл өмір, нұрлы өмір біз жасаған —
Ең үлкен ескерткіш сол ұлы адамға.

Корей досым да ескерткішке ұзақ үнсіз қарап қалыпты. Осында өз көзімен көрген барлық тамаша істерді, барлық естіп-білгендерін осы Ленин бейнесі арқылы қорытып отырғандай, одан барлық сұрағының жауабын тапқандай.

— Шіркін, бүкіл Совет Одағын шарлап шығар ма еді, — дейді ол, әлдеқандай бір өз ойын сабақтай түсіп.

— Е-е бұл өте қиын жұмыс, — дедім мен күліп. — Бүкіл шетсізшексіз Совет Одағы түгіл, мен осы уақытқа дейін өзімнің туған Қазақстанымның да бас-аяғына жете алмай жүрмін...

— Иә, байтақ елсіздер, ғажап елсіздер! — деді қонақ, тағы да ескерткішке қарап. — Әйтсе де көп нәрсені көрген сияқтымын, көзбен көре алмағандарымды оймен, қиялмен көріп отырмын. Егер мен коммунист болмасам, егер бұл сияқты ғажайып істер біздің Корей Халық-Демократиялық Республикасында да жүзеге асырылып жатпаса, осының бәрін біреуден естісем, сенер ме едім, сенбес пе едім, — деді күлді ол орнынан тұрып.

Әрине, бір сапар, бірер күн үшін ол көп мағлұмат алды, Алматыны көрді. Қиялды қалам иесі соған қарап отырып, өзі айтқандай, бірсыпыра нәрсені ой көзімен көруі мүмкін. Бірақ, шіркін, манағы цифрларды жайып жіберіп, жанды күйінде, іс жүзінде, жер бетінен көріп тамашаласа қандай ғажап болар еді. Сонда олар жаңа қалалар мен жаңа ормандар, жүздеген шахталар мен мұнай скважиналары, алып заводтар мен алтын толқын астық теңізі, жаңа өзендер мен Бұхтарма көлі болып, жарқырап бүкіл ұлы тұлғаларын тік көтеріп, көз алдында тұрар еді. Қадірлі қонақ колхоздар мен совхоздарда, колхозшы мен жұмысшының үйлерінде болып, олармен поэзия туралы, ғылым туралы, космос кеңістігін игеру жайында сөйлесе, шалғай жайлаулардағы радио антенналары мен Ильич шамдарын көрсе, бүгінгі қазақтың бейнесін, оның шыңыраудан шыңға көтерілгенін айқынырақ сезінген болар еді. Бірақ, иә, бір сапарда қайдан үлгірсін. Бүкіл қырық жылдың же-

місін түгел көріп шығу үшін Қазақстанды жеке адамның адымымен емес, Ұлы Октябрьдің адымымен жүріп аралау керек...

«Қонақ аз отырып, көп сынайды» дегендей, тосын көз байқағыш, көргіш келеді. Сондықтан мен туған республикамның қырық жасқа толған тойы күндерінде ол туралы жыр шақырып, ойланып-толғанғанда, корейлік жолдастың әсерлерін еске алдым. Қазақстан өміріндегі тарихи фактілер мен ұлы оқиғаларға, жаңалықтар мен адамдарға соның көзімен де тағы бір қарап шыққым келді.

Міне, сол мақсат біркелкі орындалған да сияқты. Республика тұлғасы, жаңарған жер суреті жаңа жыр, жаңа дастанға түсе бастады. Бірақ Қазақстандағы керемет өзгерістер, қазақ халқының бақыты ешқандай дастан-қиссаға симайды. Олар Ленин ойындай, Коммунистік партияның кемеңгерлігіндей биік те ұлы. Оларды бірер дастан да, бірнеше жыл да қамти алмайды, оларды өмір бойы жырлау керек, бар талант, бар дауыспен үзбей жырлау керек. Сонда да қарыздар болып өтесін. Ал халықтың өмірі осылай үнемі алға сүйреп, үнемі қуантып, шабыттандырып, еңбектендіріп отырса — одан артық не бақыт бар!

Республикам менің! Мен осы бақыт үшін, сенің бақытың үшін кімге борышты екенімді жақсы білемін. Мен сенің Гимніңді шырқаймын. Мен «Жаса, Ұлы Коммунистік партия!», «Рахмет, Ұлы Ленинім!» деп жырлаймын.

Республикам менің! Сенің келешегің — ең нұрлы келешек — Коммунизм. Сенің жалауыңды біз соның шыңына апарып тігеміз. Жеңімпаз Ленин туы астында сенің даңқың Ай мен Марсқа да жететіні кәміл. Біз Қазақтың Советтік Социалистік Республикасы деген есімін қайда да арымыздай биік ұстаймыз, қайда да мақтанышпен айтамыз!

Болат қорытушы жігіт

Қазақстан қара металлургиясының тұңғышы — Қазақ металлургия заводы алып та қуатты. Қарағанды облысының, оның ішінде Теміртау қаласының ерекше бір ажар көркі болып отырған осы заводқа алыстан көз жіберсеңіз, зәулім үйлер, алуан мүсінді мұнаралар, қара қошқыл түтінін будақтатып, көкке бой созған мұржалар андағайлап көрінеді де, ал оның қасына келсеңіз дәу-дәу корпустарға, цехтарға бөлініп, тарауланып салынғанын байқайсыз.

Завод құрылыстары ішінде мартен цехы ең негізгі тұлға. Анау прокат цехында қақталып, саналуан бейнеде әзірленіп, Отанымыздың, республикамыздың машина жасау заводтарына жөнелтіліп жатқан телегей-теңіз құрыш осы цехтың өнімі.

Мартен цехының ішін араласаңыз, өмірдің бір қызықты бейнесіне сонда тап боласыз. Қаз қатар салынған дәу пештер — агрегаттардың жалын шашып, су бүркіп, бу түкіріп, гүрілдеп тұрғанын көресіз. Неше қилы күрделі қондырғы, аспаптар, дамылсыз қозғалыстағы электр крапы, тнеу машинасының саналуан тетіктері. Агрегаттардың гүрілдеген дыбысы күнше күркіреп, бір қуатты дабылға айналған. Осынау дабыл алып күштің дүбірі тәрізді.

Құрыш дариясын селдетіп жатқан күш — бірі тетік бұрап, бірі іс бақылап, бірі нұсқау беріп, жөн сілтеп, бірі пеш көмейіне шихтадан «жем» беріп тұрған осы өрендердің еңбегі. Бұл еңбек қимылдарын көрген жан оны тамашалап, риза болады.

Брезент костюм, үлкен қиғіз қалпақ киген аққұба жігіт бірде еңбектес серіктеріне әлденендей нұсқау беріп, бірде қызу мөлшерін аспаптан көріп, бірде көкшіл көзілдірігін көзіне киіп, пеш ішінде борай, үйткі, дауылдай жанып жатқан отқа үніле қарап, дамыл алмай жүр. Шұңғыл өткір қара көзінен байсалдылықтың, ақылды жанның белгісі білінеді. Бұл жігіт — Қазақ металлургия заводының атакты болат қорытушысы, өз ісінің шебері, мартен мастері Арғын Жүнісев болатын.

Мастердің жас көмекшілері Петр Поляков, Анатолий Кука, Андрей Мацака кәзір өз міндеттерін мінсіз атқаратын болат қорытушылар.

Көмекшілерінің іс тындырып, аянбай еткен еңбегіне сүйінген Арғын анда-санда «оның дұрыс, жарайсын жігітім» деп қалса, енді бір сәтте достарына әлденендей нұсқау беріп, кейде өзі де соны бірге орындасады.

Кол сағатына қайта-қайта қараған Арғын енді әлденеге асықпандай пішін білдірді де пеш алдына келіп, тағы да отқа көз жіберіп біраз тұрып қалды, болат қорыту жұмысының барысын қырағы бақылайды, болат «қайнап-пісіп» әзір болғанын білсе де, мүлт жібермес үшін тағы да аспаптан температура мөлшерін дереу шолып көрді де, бұдан кейін дереу бірінші көмекшісі Петр Поляковқа:

— Босат! — деп кол сілтеп қалды.

Сергек жігіт Петр жаңа операцияға дайын тұр еді. Ол шапшаң қимылдап, пеш тиегін ағытып жібергенде маңайға шұғылалы ұшқыш сәуде шапшаң сұйық болат бетонды науаға қойылған темір қалыштарға сарылдап кол құйылып кетті.

Арғынның жұмыстағы қорыту кезеңінен өтіп, науалап құйылу жүйесіне көшкен отты құрышқа күлімдей қарауынан іс жайының сан-сападан бірдей нәтижелі екенін аңғару қиын емес еді.

Арғынның еңбек жемісі ойдағыдай болған сәтте күлімдеп, көңілі шаттанып кететіні, ал кей-кейде істе әлдеқандай мін кездесе қалса күрең қабақтанатыны, бірақ онысы көпке бармай, сол мінді жоюға, алдағы шақта болдырмауға деген ынтасының артып, жігерлене түсетіні оның достарына белгілі жайт еді.

Смена аяқталды. Арғын мен оның еңбектес достары бүгін жұмыстан өте көңілді қайтты. Мұның бірнеше себептері бар.

Біріншіден, металлургтер бүгін ауыр салмақты болатты мерзімінен 40 минут бұрын қорытып бітірді. Бұл — мартен цехындағы ең үздік көрсеткіштердің бірі болды.

Екіншіден, металлургтердің жыл басынан бері жоспардан артық өндірген болаты бүгін 400 тоннадан асып түсіп отыр. Бұл — олардың Қазақ ССР-інің 40 жылдығы құрметіндегі еңбек вахтасында алған міндеттемесінің мөлшері. Яғни, бүгін Жүнісевтің бригадасы республикамыздың 40 жылдығы алдында берген сертін уәделі уағынан бұрын орындады. Мұның үстіне көңілге тоқ та қуанарлық тағы бір жақсы көрсеткіш бар. Ол — жыл басынан бері үнемделген қарамайдың (мазуттың) 130 тоннаға жеткені.

Қарамай аса қымбатты, бағалы отын. Оны үнемдеу — өнімнің түсер құнын кемітудің кепілі. Арғын мәселені сол тұрғыдан алады да, қарамайды ұдайы үнемдеп жұмсауға зер салып отырады. Ал тоғыз айдың жүзінде бригада шығарған болат сапасынан мін шықпағаны, өнім сапасын жақсарту саласында үлкен абырой алғаны кәзір бүкіл завод қауымына әйгілі болып отыр.

Нұрлы жүзді, жайдары көңілді болат қорытушылар цехқа келе жатқан парторг Марк Борисович Шубель мен кәсіподақтың заводтық комитетінің председателі Степан Дмитриевич Базякқа жолықты. Олар Жүнісев басқарған бригаданы бүгінгі қол жеткен жетістіктермен құттықтады, жана табысқа ие болуына тілектестік білдірді.

— Ертерек айтып қояйын, — деді завком председателі, — алдағы тұрақты өндірістік кенесте жас болатшылар арасында өз тәжірибен жайында баяндама жасауын керек еді. Бұған қалай қарайсың, Жүнісев жолдас?

— Табыс жайын және оған қол жету жолдарын әңгімелеуге болады, — деп Арғын сыпайы пішінмен жауап қайырды.

— Жарайды, ендеше әзірлене бер, — деп председатель партия ұйымының секретарымен бірге цехқа қарай беттеді.

Завод моншасында жуынып, таза киімдерін киіп көшеге шыққан болатшылар өзара қоштасып, үйді-үйіне тарады.

Арғын қаланың тақтайдай тас төсеген кең көшесімен жүріп келеді. Нұраның нокталы суынан қолдан жасалған, Самарқанд көлінен соққан самал жел оның бойын сергіте түскендей. Қала әсем. Советтік архитектураның түрлі үлгісімен салынып, алуан түспен боялған зәулім-зәулім үйлер, жаралай өскен жасыл орман көрікті. Бәрінен де көрікті көрінетіні — өзі жаңа жұмыс істеп шыққан анау болат заводы, оған жалғаса салынған, әуемен тірескен зәулім мұржалары көк әлеміне түтія атқан Қарағанды электр станциясы, Теміртау қаласының бүкіл батысын, оңтүстігін орап алып жатқан химия заводы. Алыста Қазақстан Магниткасының тұлғасы да мұнарланып көрінеді.

Күнде көріп жүрсе де, осынау көріністерге көзі тоймай, таңырқаған жас жігіт совет адамдары еңбегінің жасампаздық күшінің құдіреттілігін еске алып, халықты осындай биік мәртебеге жеткізген Коммунистік партияға, Совет үкіметіне сүйінеді, олардың даналық басшылығына, қамқорлығына сүйінеді.

Әсерлі ой үстіндегі инабатты жігіт өз өмірінің кейбір белестерін, өсу, өнерлеу, абырой алу жайттарын еске түсіріп қояды.

...1947 жылдың май айы, соғыстан күйзелген шаруашылықты қалпына келтіру үшін халқымыздың қажырлы күрес жүргізіп жатқан шағы еді. Міне, нақ сол кезде алыстағы Қарқаралы ауданынан келген бала жігіт Арғын цех бастығы, жас инженер Иван Степанович Дюминге жолығып, өз өмірінің еңбек дәуірін металлургия зауытынан бастағысы келетінін білдірді, өмірден үйрене жүріп сырттан оқығысы келетінін айтты.

Дюмин жолдас ойланып қалды. Бұрын металлургия өнеркәсібінен бейхабар жас адамды зауыттың күрделі мамандығына бірден жібере салуға болмайды, әйтсе де жайнап тұрған жастан, келешегінен көп үміт күттіретін жігіттен айрылып қалғысы да келмей, оның сөйлеген сөзінен, әдептілігінен оның жақсы тәрбие алған жас екенін аңғарған инженер Арғынға сын көзімен тереңдей қарайды, шындап қолға алып, өнер үйретсе, тәрбиені жақсартса, «сегіз қырлы, бір сырлы» жігіт болайын деп тұрған жан екен деген қорытындыға келді.

— Жарайды, — деді Иван Степанович, — сені жұмысқа алайық. Бірақ әуелі зауыт жұмысының ең қарапайым саласына — шихташылыққа, басқаша айтқанда, пешке шикізат дайындау жұмысына қояйық. Осыған ризасың ба? Әр істі кішкенесінен бастаған абзал... Осы қызметте жүріп, зауыт жұмысына көз қандыра бер. Кейіннен мартенге, болат қорыту жұмысына ауыстырамыз.

— Оныыз әбден дұрыс. Әр істі кішкенесінен бастаған жақсы дегеніңізге түсініп тұрмын. Әрине, IV кластық ғана білімім бар, ауылдан келген маған ауыр өнеркәсіптің күрделі мамандығын бірден меңгеріп кету оңай бола қоймайтынын сеземін. Сондықтан қандай жұмысқа жіберсеңіз де баруға тиістімін. Көмегіңіз арқасында жүре үйренермін, — деді Арғын.

Сөйтіп ол бір жыл шихташы, екі жыл шихташылардың бригадирі болып жұмыс істеп, біраз жаттыққан соң Дюмин жолдас уәдесін орындап Арғынды болат қорытушы Федор Ващенкоға көмекшілікке жіберді, жас жігітті жұмысқа машықтандыруды Оралдан келген бұл атақты металлургке қайта-қайта айтып шегелеп тапсырды. Партбюро секретары да көптеген жастармен бірге Арғынның мамандануына зер салып, бақылап жүрді.

Бауырмал Ващенко Арғынды ықыласпен қарсы алып, оған болат қорытудың жай-жапсарын жалықпай үйретті. Қара металлургия өнеркәсібінің техникасына жетілген Федордың көмегі нәтижесінде ынталы, жігерлі Арғын 1950 жылдың аяғында болат қорытушылыққа жоғарылатылды. Бұл өнерлі жігіт сонан бері осы мамандықтан қол үзбей, жұмыс істеп, еңбек даңқына бөленіп келеді.

Өзі жұрттан үйреніп, өз білгенін өзгеге үйрету — совет адамдарының асыл қасиеттерінің бірі. Бұл ізгі қасиет Арғынға да тән. Өршіл ойлы бұл қадірлі металлург байырғы достарынан іс жүзінде, тәжірибеде үйренеді, келелі жұмысты олармен ақылдаса отырып атқарады. Ол әсіресе күрделі іс жайында өзінің көптен бергі еңбектес достары, әрі ұстазы Федор Ващенкомен және аға металлург, Социалистік Еңбек Ері Еламан Байғазиевпен, атақты мастер Танабай Қәрімовпен және басқалармен ақылдасып, олардан әрдайым кеңес сұрап отырады.

Арғын 13 жыл ішінде өздігінен оқып білім алды. Оның мамандануына бірнеше техникалық курстарда оқығаны да үлкен себін тигізді. Свердлов қаласында 4 ай оқып, өзінің мамандығын онан сайын жетілдіріп, шындай түсті.

Арғын өндірісте істей бастағаннан бері талай жастарды болат қорыту әдісіне баулыды. Оның үйретуінде болған ондаған жас жігіттер

қазір осы заводта Арғынның өзіндей болат қорытудың маманы болып алды.

Арғын Жүнісевті бүкіл Теміртау қаласының жұртшылығы жақсы біледі, қадір тұтады. Өйткені ол жақсы өндірісші болумен қабат, мәдениетті, үлкенді аға, кішіні іні тұтқан инабатты жан. Ол қоғам жұмысының да белсендісі. Заводтағы тандаулы үгітшінің бірі, ол биылғы жылдың өткен айларында цех жұмысшыларының арасында алуан тақырыпта он бес рет әңгіме өткізді, бірнеше рет лекция оқыды. Оның өткізген әңгімелері мен оқыған лекциялары партияның тарихи ХХІ съезінің, КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының шешімдерін жүзеге асыруға арналды. Ол көбінесе техниканы ілгері дамыту, оның ішінде, әсіресе өндіріс жұмыстарын түгел машинамен атқару, автоматтандыру мәселелеріне жете көңіл бөліп отырады.

Қазақ металлургия заводы кәсіподақ комитетінің председателі Степан Дмитриевич Базяк Арғынның шеберлігін әңгімелегенде, оның технологияны жетілдіре түсудегі еңбегін, өндіріс ережесін берік сақтайтынын, жұмысты творчестволықпен істейтінін зор марқабатпен атап айтады.

— Әрине, — дейді завком председателі, — болат қорытушы технологияны жақсы білуі керек. Сонымен бірге болатшыға талаптылық, творчестволық еңбек керек. Мұның өзі өнеркәсіптің күрделі саласындағы ең керекті шарт. Ал, Арғын Жүнісевтің бойындағы қасиет осы шарттарға бай деп мен кәміл сеніммен айта аламын. Ол биыл әрбір қорытпадан бір тоннадан өнімді артық алып келе жатса, бұл оның істі творчестволықпен атқарғанының жемісі. Шлакқа металл жібермеу, температураны дәлме-дәл ұстау, пешке шихта салуды тыңғылықты ұйымдастыру, резервтерді сарқа пайдалану, өнертабу ұсыныстарын іске асырып отыру — Арғынның үнемі көңіл бөліп, көзінен таса қалдырмайтын істері.

Бүкіл ел еңбекшілері сияқты, Арғын Жүнісевтің тұрмысы да гүл жайнайды. Бірнеше бөлмелі үйі өмірге керекті мүліктерге толы. Оның ай сайынғы табысы керек-жарағына молынан жетеді.

Газеттер мен журналдарды үзбей оқу, үй іші адамдарымен, жолдастарымен бірге ойын-сауық кештеріне барып, көпшілікке арналған мәдениет орындарында серуен құру — оның өміріне сіңіскен әдет. Ол өндірістік, сондай-ақ еңбек тәртібін, совет адамдарының коммунистік салт ережесін, дәстүрін берік сақтайды.

Жүнісев жолдас «өзім болдым, өзім толдым» дегеннен мүлде аулақ. Ол өндірістегі табысқа, жұрт алдындағы абыройға партия ұйымының, оның басшылығы, тәлім-тәрбиесі, көптің көмегі арқасында жеткенін аузынан тастамайды.

— Біз күн шұғылалы республикамыздың 40 жылдығы мен Ұлы Октябрь социалистік революциясының 43 жылдығын салтанатпен тойлап отырмыз. Осы қос мерекені табыспен қарсы ала отырып, Никита Сергеевич Хрущев жолдастың Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының XV сессиясында сөйлеген сөзіне болат өнімін үдете арттырумен жауап беру — біздің ардақты борышымыз, — дейді Арғын Жүнісев.

Талантты металлург Арғын басқарған бригаданың Отан игілігі үшін бұдан бұлай да жемісті еңбек етіп, өзінің көздеген нысанасына жететіні, алған міндеттемесін абыроймен орындайтыны сөзсіз.

Қ. САДЫҚОВ.

Шұбар үстіндегі нұр

С. БАҚБЕРГЕНОВ

Көктемнің соңғы күндері. Ауыл төңірегінде хош иісті гүл, балауса көк майса шалғын. Ал Алатаудың басында тұтасқан ақша қар жатыр.

...Нұрмолда өз үйінің терезесінен Ешкіөлмес жотасының шоқтығына түскен күн сәулесін көрді де, асығыс тұрып, жазу столының үстінде жатқан сағатына қарады. Әлі алты екен. Оның ойына жазғы таңның қысқара бастағаны түсті. Бүгін қысқы отардан қайтқан малшылардың Ешкіөлмес жотасынан жазғы жайлауға қарай көтерілетін күні. Ол бүгін осы малшылар аулын араламақ еді. Әрбір отардың жайлайтын өрістік жерін көріп, оны пайдаланудың жолын айтпай, мал түсірмей, шөбі шабылатын жерлерді көрмей, оның көңлі бір тынар емес. Әр малшы кез келген жерді жайлап жайлауды бей-берекет пайдаланса, малды қалай семіртпек.

Алдабергенов бос қиялдың адамы емес. Ол қиялдан гөрі қимылмен істің, батыл шараның адамы. Ал ойсыз, қиялсыз үрдіс қимылдармен батыл істерге ешкім де бет қоя алмас еді. Алысқа бармай-ақ, осы ауылдың Ұлы Отан соғысынан кейінгі тұрмысын алып қараңызшы?

Алдабергенов 1945 жылы Ұлы Отан соғысының майданынан қайтып оралды. Ол үш жыл, жеті ай соғыста болды. Туған аулын аңсап келді. Қолхозшылар артельде бұрын председателі болған Алдабергеновты өз орнына қайта сайлады. Бұл кезде ол жұртшылықтың сенімін абыроймен ақтауды ойлады. Істі неден бастауды қиялдады.

Ауыл тіпті жұпыны еді. Қолхоздың көшелерінде жалғыз түп ағаш жоқ. Әр жерде бір жапырайған балшық үйлер. Қолхоздың күш-көлігі мардымсыз екен. Қолхозшылар осылармен егін егеді, қызылша тасиды. Әрине, колхоз өзінің азын-аулақ байлығын жеңіс жолына берді. Көп берді, аса зор да тамаша үлес қосты. Әрине, соғыс зардабынан күйзелген шаруашылықты қалпына келтіру оңай іс емес еді. Осындай қиын істі кешегі Отан соғысының ержүрек солдаты Нұрмолда Алдабергенов алды.

— Сол жылы нақ қырықта едім!— дейді Нұрмолда.

Қолхоздың табысын молайтудың көздері көп ізделді. Малды көбейту, егіс көлемін, одан түсетін өнімді көбейту мәселесі күн тәртібіндегі ең түбегейлі мәселе болып қойылды. Табыс молайған сайын колхозшылардың еңбекке деген ынтасы арта бастады. Басқасын былай қойғанда, колхозшылар өз керегінен арттырып, мемлекетке астықты, қызылшаны, ет пен майды, сүт пен жүнді көп бере бастады. Әсіресе, КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумынан кейін колхоздың дәулеті көл-көсір болып артты.

Бүгінгі дәулетті, мәдениетті ауылды көріп отырғанда, осы ауылдың бұдан он-он бес жыл бұрынғы кескіні көз алдына келеді.

Кәзір осы ауыл мүлде құлпырып кеткен. Қолхоздың машиналанған бірнеше сүт фермасы бар. Екі қатарлы үйде колхоз басқармасы, колхоз музейі орналасқан. Осымен жалғасқан қонақ үй, тұрмыс комбинаты, балалар бақшасы, емхана, универмаг, аптека, монша, мәдениет үйі, халық театры, оркестр, радио торабы, киім тігетін орын (ателье мод).

онжылдық мектеп және басқа мәдени-тұрмыс орындары бар. Мұның бәрі колхоз көшелерін әдейі аралағанда болмаса, бірден көріне қоймайды. Өйткені, ауылды биік өскен теректер саялы көлеңкесімен бүркеп тұр.

Бүгінгі Шұбар — соғыс аяқталған жылғы қалпына мүлде ұқсамайды. Оның сыртқы әдемілігі ғана емес, байлығы да басқаша!

Биылғы күзде осы колхоздың ұйымдасқанына отыз жыл толды. Осы колхоз ұйымдасқан жылы туған жас нәресте биыл отызға шықты. Ал отыз деген жігіттің кемеліне келіп, әбден жетілген, өскен шағы.

Колхозда он алты Социалистік Еңбек Ері бар. Оның жетеуі әйел. Сонау бір күндері малға сатылған қазақ қызының бүгінгі бақытты өмірін осылардың тұрмысынан, еңбегінен айқынырақ көруге болады. Бұлар қайта туды. «От басынан, ошак қасынан» таппаған бақытын еңбектен, жаңа өмірден тапты. Бұлардың әрқайсысының еңбегі өз алдына жыр, жазылмаған дастан. Саумал Ноғайбаеваның немесе Зәріш Дайырованың өмірін алып қараңыз. Екеуі де қарапайым жан. Колхоз бұларға еркін еңбек берді. Сол еңбек оларды даңққа жеткізді, бақытқа бөледі.

Майданнан қайта оралып артельді басқаруға сайланған Алдабергенов ең алдымен осы колхоздың ежелгі адамдарын жинап, солармен пікір алысты. Олардың ішінде Ақық Нұрмағамбетов, Құрманбек Қорабаев, Дәуітәлі Серіков сияқты байырғы колхозшылар бар-ды.

— Бұл жиналыс емес, — деді Нұрмолда.

— Енді мұны не дейміз? — деп қойды Ақық.

— Әңгімелесейік деп әдейі шақырдым!

— Шүйіркелесіп әңгімелескенге, кеңескенге не жетсін? — деп қойды біреуі.

— «Бұдан жаманда да тойға барғанбыз» деген нақыл сөз бар. Сол айтқандай, біздің колхозымыз бұдан да зор қиыншылықты жеңген. 1930 жылды қайсың ұмыта қойдыңдар. Немесе 1932 жылды ұмыттық па? Біз сол кездердің де қиындығын жеңдік емес пе? Біздің кәзіргі жайымыз ол кездерден әлдеқайда артық.

— Әрине, артықпыз, — деді әр кезде сөзді келте қайыратын Ақық.

— Ол жылдардағы қиындық өз бетімен кетсін? — деді Аппақ Мүсәпіров.

— Соғыс зардабынан болған аздаған бөгесін, қиындық бар. Мұны біз тез арада жеңуге тиіспіз. Ол үшін ең алдымен еңбек өнімді болсын. Қызылша егісінің көлемі көбейсін. Мал да көбейсін, — деді Ақық тағы да.

— Бізде адам аз ба? Меніңше бізде адам аз емес. Кейбіреулердің жұмысқа деген ынтасы, талабы кем. Олар колхозшымыз деген атты жамылып, көбінесе өз жұмысын істейді. Базарға барып, сауда жасайды. Қайсы біреулер жұмысты жүрдім-бардым атқарып, еңбеккүн таппайды. Кәне, шындарынды айтыңдар, колхозды жөндейміз бе, әлде басқа бір колхозға қосылып, күнелтеміз бе?

Алдабергенов қабағын түйіп, алдындағы отырғандарға тесіле қарады. Оның алдында нұрлы жүзді, шокша сақалды, мығым денелі Ақық отырды. Бұл осы колхоздың тұңғыш мүшесі, шежіресі. Ақық он саусағынан өнер тамған шебер. Ол үй тұрғызады, пеш салады, қызылшаны да бітік өсіре біледі. Қызылша өсірудегі үздік еңбегі үшін ол алпысқа таянған шағында Социалистік Еңбек Ері деген құрметті атаққа ие болды. Биыл колхоз оның жетпіске келген тойын өткізді. Сол тойдан кейін бүкіл Қазақстанның қызылша өсірушілеріне жазған хатында қызылшадан бұрынғыдан да үздік өнім алуға міндеттенді.

Әлгі жиында осы Ақық:

— Бүгіннен бастап ұста дүкенін жабамын. Колхозға ұстаның керегі жоқ. Мен қызылша өсіремін. Өз қатарымды, қарт колхозшыларды

қызылша өсіріп, одан мол өнім алуға социалистік жарысқа шақырамын, — деді.

Ақық уәдесінде тұрды. Қызылшадан мол өнім алды. Осы мол өнім үшін ол көп еңбек күн тапты. Ақықтың тұрмысы өзгеріп сала берді. Оның үйіне ырыс, береке кірді. Колхозды да, өзін де дәулетті етудің көзі енді табылғандай болды. Ақық қарттың үлгісімен қызылша өсіріп, онымен жарысқа түскендер де осындай үздік табыстарға жете бастады.

Сол бір жиынды есіне ала отырып, Нұрмолда мынадай бір пікір айтты:

— Жас болсын, кәрі болсын, талаптанбай ештеңе болмайды екен. Талаптанған адамның алмайтын биігі, асуы, жетпейтін нысанасы жоқ. «Талапты ерге нұр жауар» деп халық бекер айтпаған ғой.

Алдабергенев үлкен екі папкаға салған сансыз көп хатты көрсетті. Бұл хаттар Совет Одағының түкпір-түкпірінен келген. Сондай-ақ сонау Албаниядан, Чехословакиядан, Герман демократиялық республикасынан тағы басқа жерлерден жазылыпты. Онда хат жазушылар колхоздың өсу жолын, табысын баяндап, таныстыруды сұрайды. Шаруашылықтың кейбір саласында табысқа қалай жеткенін айтуды өтінеді. Ия, хаттың енді бір бөлігі тұп-тура Алдабергеневтың өзі туралы айтуды сұраған. «Сіз өзіңіздің өмір тарихыңызды айтыңыз. Сіздің бұрын кім болғаныңызды, оқу, өсу жолыңызды, өмір тәрбиенізді білгіміз келеді» деген де хаттар көп!

— Бұл хаттардың көпшілігіне жауап жазылады. Ал мына менің өз өмірімді сұраған хаттарға не деп жауап берерімді білмеймін. Менде жөнді өмір тарих жоқ қой! — деп ол күлді. — Енді бұл хаттарды колхоз музейіне беріп құтылатын шығармын.

— Сіз өзіңізді өзіңіз бүйтіп кеміте бермеңіз! — деді Ақық. Нұрмолданың қолындағы хаттарды алып жатып, — сізде өмір тарих жоқ емес, бар және ол өте қызық.

Нұрмолда өзінің өткен өмір жолын қысқасынан қайырып, былай деді: — 1906 жылы тудым. Он екі жастан байлардың қойын бақтым. Түркстан—Сібір темір жолын салысқан жұмысшымын. 1935 жылдан міне 25 жыл бойы колхоз председателімін. Әрине, соғыста болған үш жыл, жеті айды қоспағанда. Міне, менің барлық өмір тарихым.

Малайсары Алдабергеневтың туған жері. Оның балалық шағы осы жерде, Малайсары қырқасында өтті.

Нұрмолда осы жерде бай малын бақты. Оның құлағына «революция», «Ленин» деген сөздер кейін жетті. Жалшыға теңдік тиіпті дегенді естіді. Бәрібір ол 1928 жылға дейін жалшы болды. Бұл жалшылықтан құтыламын, басқаша өмір сүремін, өз бетімше тіршілік етемін деген ой оған бірден келген жоқ. «Революция», «Октябрь», «Ленин», «партия» деген сөздермен бірге «темір жол» деген сөзді естіді.

Бұрынғы жалшы темір жол жұмысшысы болып кетті. Кейін ол өз бақытын колхоздан тапты.

Бұрынғы жалшылар Көксу өзенінің бойына көшіп келіп, қоныс тепті. Нақ осы күнгі Шұбардың тұрған жерінен алғашқы артель ұйымдасты. Артельдің ең тұңғыш мүшелері Нұрмолда Алдабергенев, Илья Морозов, Ақық Нұрмамбетов, Павел Степанов, Құрманбек Қарабаев, Майра Манауова, Саумал Ноғайбаева болды. Ағаш соқа тіркелген, қызыл қасқа сиырмен Көксу өзенінің бойынан алғашқы борозда тартылды...

Нақ кәзір сол жерден қант қызылшасынан үздік мол өнім алынып жүр. Басқаларын былай қойғанда, осы колхоз 1953 жылы төрт миллион, 1956 жылы он миллион, 1957 жылы он бір миллион, 1959 жылы 19 миллион табыс тапты. Колхоздың бөлінбейтін қоры 15 миллион сомға жетті. Ия, Малайсары тауын басқан сары сағымдар кейін қалды. Алдан ашық та, нұрлы да алқап, кең жазық көрінді. Сәулетті болашақ-

тың кең жолы қиырдан қиырға сарнап жатыр. Осы жетіжылдықтың аяғында колхоздың бөлінбейтін қоры 25 миллион сомға жеткізілмек.

«Менің өмір тарихым қысқа» деп отырған адам Ұлы Отан соғысының барлық сұрапылын бастан өткізіп, соғыс даласында үш жыл, жеті ай бопты. Бірақ, бір қызығы, Алдабергенов өзінің өмірін баяндағанда соғыс туралы, онда өзінің атқарған қызметі туралы мүлде аз айтады. Әрине, ол Каир мен Делиде сөйлеген сөздерінде Совет үкіметінің бейбітшілік саясатын айтты. Сонда ол өзінің де соғыс азабын, оның ауыртпалығын басынан кешіргенін баяндады. Ол үнді шаруаларының съезінде туған республикасының өсуін, өркендеу жолын сөйледі. Әсіресе ол өз колхозының табыстарын паш етті.

Алдабергенов шешен адам емес. Бірақ, ойын дәлме-дәл айтатын, көбінесе тауып айтатын адам. Ол Каирдегі сөзін:

— Совет үкіметі, Хрущев соғыс болмасын, соғысты болдырмаймыз дейді. Демек, соғыс болмайды. Біз бұрын соғыстың ауыртпалығын өз иығымызбен көтерген елміз. Біз оның қандай болатынын, әсіресе кәзіргі заманда қандай болатынын жақсы білеміз!

Әрине, осы кезде Нұрмолданың көз алдында майданда көрген сан қилы оқиғалар өтті. Жаңа ғана қасында ойнап-күліп отырған жолдасы енді әпсәтте көз жұмып жатты. Бала жасынан архитектор болуды армандаған бір солдат Великие Лукидің бұзылған үйлерінің арасына жерленді. Соғыстың алдында ғана үйленген, жарын өте жақсы көретін жас сержант әлгі бір әзірде қан жоға болып жатты. Төс қалтасында жүрген жар суретін оқ тесіп, жыртып жіберілті. Ол үнемі, қолының бос кезінде осы суретті қалтасынан алып, ұзақ қарайтын. Оң жақ шекесінде қалы бар ақ сары қыз тым сүйкімді, айта берсе сұлу болатын. Міне, осы сұлу ертен-ақ сүйген жарының майданда қаза тапқанын естіп, үстіне қара киініп шыға келді емес пе?

Нұрмолда Совет үкіметінің бейбітшілік саясатын айтқанда енді қайтып осындай сұмдық болмайды, болдырмаймыз, бұл халықтың өз қолында деген сеніммен айтты. Оның майдандас достарының бірі Василий Мурзин:

— Соғыстан бұрын біздің еліміз тамаша көркейіп еді. Енді соғыс бітсінші, одан да сәулетті етеміз елімізді. Сен, Нұрмолда, осыдан еліңе аман қайтсаң, алдыңнан жүгіріп әйелің мен қызың шығады. Колхозшылар сені қайтадан колхозға председатель етіп сайлайды. Сонда сен ең алдымен халықтың тұрмысын жақсартуды ойла. Халық жақсы тұрса бәрін жасайды. Халықтың қолынан келмейтін дәнене жоқ. Оларға жақсы өмір, мәдениетті тұрмыс жасауға көмектессең, ол сені төбесіне көтереді, сиялайды.

Соғыстан кейін өмір көктем гүлдеріндей қайта гүлдей бастады. Бұл гүлдер Шұбар аулының көшесіне де бітік өсті. Көшелерді гүл басты, нұр жапты. Әкелері майданға кеткенде дүниеге келген жас сәби кәзір 19 бен 20-ға келді. Міне, мынау Амалбек. Әкесі Әбдіқайым Даиров майданда қаза тапқан. Әкесі майданға кеткенде бір жаста болатын. Кәзір ол Талдықорған ауылшаруашылық техникумын бітірген маман, механик. Колхозда білімді жастар көп-ақ. Осы ауылдың көшесіне біткен гүлдердің ең әдемісі де, артығы да, бағалысы да сол жастар.

Жастар, әсіресе, техника тілін білуге құмар-ақ. Бұл жақсы ғой, — дейді Нұрмолда, — ал, нақ бір қас қылғандай халық театрын, ондағы оркестрді басқаратын маман болмай қойды. Әсіресе театрдағы және мектептегі оркестрді басқаратын бір музыкант керек. Қазақ ССР Мәдениет министрлігіндегі басшы жолдастар уәде еткен еді, соны күтіп отырмыз. Колхозға музыкант керек...

Шұбар аулын тұтас алғанда неше түрлі ағашқа толы үлкен парк сияқты. Ауылға келіп, аралай бастағанда паркпен парк шығып, туындай береді. Бөлек-бөлек бақша-бау болып кетеді. Әрбір колхозшының

үйінің іргесі көркем бақша-бау. Осы бір көп бақша-баудың ішінде екі парк бар. Мұның бірі — колхоздың орталық стадионының қасында, екіншісі жаңа өсіп келе жатқан жас бақ. Бұл бейбітшілік паркі деп аталады.

Колхоз басқармасының қарсы алдындағы осы бейбітшілік паркінің дәл ортасында мөл-мөлдір тау суын көкке атып жатқан үлкен фонтан бар. Осы фонтанмен жарысып, жақында ғана биік тұғыры бар бюст орнатылды. СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша орнатылған бұл бюстің ашылуы үлкен мереке болмақ.

Осы мереке алдында, колхоздағы мектеп пионерлері керней тартып, Бейбітшілік паркін әсем үнге бөлеп жіберді. Бюсті айнала сап түзеп тұрған пионерлер. Дружина советінің председателіне рапорт берілді. Дружина советінің қарары оқылды. Онда былай деп жазылған:

— Социалистік Еңбек Ері деген құрметті атақты екі рет алған, СССР Жоғарғы Советінің депутаты, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі, Қазақ ССР Ауылшаруашылық ғылым академиясының құрметті мүшесі, өз колхозымыздың председателі Нұрмолда Алдабергенов жолдас, Сізді Матай Баисов атындағы он жылдық мектептегі пионер ұйымының құрметті мүшесі етіп қабылдауды ұйғардық. Сіз бүгіннен бастап, Ленин атындағы пионер ұйымының құрметті мүшесісіз!

Дружина советінің председателі келіп Нұрмолданың мойнына ал қызыл галстүк байлады. Осы кезде басында ақ жаулығы бар, үстіндегі қара барқыт жеңсіз камзолының екі омырауы ордендер мен медальдарға толы кексе әйел жақын келіп, Нұрмолданың үстіне, анадай жердегі бюстің үстіне бармақтай-бармақтай қызыл тоқаштарды уыстап, шашып жіберді. Нұрмолда не боп жатқанын байқай алмай, алғашқыда сасқалақтап қалды да, күліп жіберді.

— Нұрмолда, дені-қарның сау болсын, абыройың арта берсін, екі перзентін Күләндан мен Төлегеніннің игілігін көр, қадамына гүл бітсін, жүрген жеріңе нұр жаусын! — деді Саумал.

— Мұндай шашуды үйге жас келін түскенде шашпаушы ма еді?

— Дұрыс айтасың, Нұрмолда, үйге келін түскенде жолы құтты болсын, қадамына гүл бітсін, жүрген жеріңе нұр жаусын деген жақсы тілекпен шашатын, — сен де бізге құтты болдың, қадамына гүл бітті, жүрген жеріңе нұр жауды, Нұрмолда. Сондықтан да бұл салтты есіңе қайта түсірдім. Айып көрме!

Анау-мынауға еміреніп босай қоймайтын қаталдау Нұрмолданың көңлі жібіп, қатты толқыды. Бірақ ол өз толқуын білдірмей, басын жоғары көтеріп:

— Бүгін не істесендер де көніп тұрмын ғой! — деп қарқылдап күлді.

— Халықтың дегеніне көнгеннен жаман болған жоқсың, көне бері! — деді Саумал.

— Жиырма бес жылдан бері көніп келем, көне берем!

— Нұрмолда, біздің колхозға істеген сансыз көп жақсылығың үшін, бүгін сенің қуанышың үстінде осындағы колхозшылар, өзім сияқты колхозшылар атынан алғыс айтамын, — деді Ақық.

— Алғысыңызға көп рахмет! Бірақ алғысты маған емес, Коммунистік партияға, Совет үкіметіне, Хрушев жолдасқа айтыңыз! Колхозды сәулетті, шаруаларды дәулетті еткендер солар. Жол көрсетіп, жөн сілтеген солар. Мен айтылған істі орындаушымын.

Шұбар аулында бұл күні үлкен той болды. Халық өлең айтып, ән шырқады, думан жасады. Кешқұрым колхоздың мәдениет үйінде халық театры үлкен концерт қойып берді.

Мал баққанға бітеді

М. ҮМБЕТОВ,

Қазақстан КП Шәуілдір аудандық комитетінің секретары

Біздің ауданда шаруашылықтың жетекші саласы мал. Ауданымыз Оңтүстік Қазақстанның батыс жағында бір миллион гектардай жерді алып жатыр. Мұның көпшілігі жайылым. Қаракөл қойын өсіруге өте қолайлы Қызылқұм да біздің жер. Сырдария, Арыс, Бөген өзендерінің алқабы бітік шабындық. Осыдан 25 жыл бұрын Арыс өзеніне салынған Шәуілдір бөгетінен су алатын Шәуілдір, Көкмардан каналдары 14 мың гектар жерді суландырады. Бұл жерлерде жүгері, жоңышқа сияқты бағалы дақылдар бітік өседі. Демек, мал шаруашылығының барлық саласын өркендетуге, онан ет, жүн, қаракөл елтірісі сияқты өнімдерді мол алуға мүмкіндік бар.

Партияның ХХІ съезінің елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау туралы тарихи шешімдері бүкіл совет адамдары сияқты Шәуілдір ауданының еңбекшілеріне де зор жігер мен шабыт берді. Олар жетіжылдықтың тарихи міндеттерін іске асыру жолындағы күресте республикамыздың қырықжылдық тойын жаңа табыстармен қарсы алуға жұмылды. Бұл үшін біз шаруашылықты өркендетудің ішкі мүмкіндіктерін шебер пайдалану арқылы мал шаруашылығының барлық саласын шұғыл қарқынмен өркендету міндеттерін алдымызға қойдық.

Жетіжылдықтың тапсырмаларын бес жылда орындау жолында қажырлылықпен еңбек етіп жатқан аудан еңбекшілері өткен жылды елеулі табыстармен шығарып салды. Біздің шаруашылықтар орта есеппен әрбір жүз төлдейтін малдан 126 қозы, 86 бұзау, 90 құлын, 57 бота, әр мекеннен 21 торай алып, мал өсіру жөніндегі социалистік міндеттемелерін барлық түліктен де асыра орындады.

Сонымен бірге малдың өнімділігі де арта түсті. Аудан мемлекетке 2811 тонна ет сатты. Аудан бойынша әрбір қойдан 3,4 килограмнан жүн қырқылды. Міндеттеме асыра орындалды. Мемлекетке қаракөл елтірісін, жұмыртқа тапсыру жөніндегі міндеттемелер де артығымен орындалды. Аудан бойынша 29 шопан әрбір жүз саулықтан 140—156-ға дейін қозы алып, аман өсірді.

Жетіжылдықтың міндеттерін мерзімінен бұрын орындауға әбден болатынын айқын дәлелдейтін мысалдар осындай.

Кәзір жетіжылдықтың екінші жылының шаруашылық жұмыстары да аяқталып келеді. Алғашқы нәтижелер де жаман емес. Аудан мал өсірушілері кәзірдің өзінде әрбір жүз төлдейтін малдан 112 қозы, 79 бұзау, 74 құлын, 54 бота алып, аман өсіріп келеді. Осының нәтижесінде мал өсіру жөніндегі социалистік міндеттемелер барлық түліктен де асыра орындалды.

Мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жұмысы да біршама жақсара түсті. Біз биыл мемлекетке 40 860 центнер ет тапсыруға міндеттенсек, кәзір оның 28 мың центнерін тапсырдық. Сол сияқты мемлекетке қаракөл елтірісін тапсыру жөніндегі міндеттеме 101,6 процент, жұмыртқа тапсыру 140,4 процент орындалды. Алғашқы нәтижелерге қарағанда жүн сату жөніндегі міндеттеменің де артығымен орындалатыны

байқалып отыр. Сөйтіп аудан еңбекшілері мал өсіру және оның өнімдерін дайындау, мемлекетке тапсыру жөніндегі биылғы алған барлық міндеттемелерін асыра орындайды.

Мал басын шығынсыз өсіруде, төлді көп алуда, мал өнімдерін мол дайындауда ауданның жеке шаруашылықтары және бригадалар, фермалар, малшылар, мұнан да көрнекті табыстарға жетті. Бұл жөнінде «Темір» совхозының (директоры Ш. Ержанов, партия ұйымының секретары А. Мұсаев жолдастар) коллективі жақсы өнеге көрсетті. Совхозда биыл 43 440 саулықтың әрбір жүзінен 125 қозы алынды. Осы совхоздың, аудандық партия комитетінің мүшесі Сейілбеков жолдас басқаратын «Ақтөбе» бөлімшесінде, коммунист Алдияров жолдас басқаратын «Сырдария» бөлімшесінде әрбір жүз саулықтан 127 қозыдан алынып, аман өсірілді. «Арыс» совхозының аудандық партия комитетінің мүшесі Қасымбеков жолдас басқаратын Ленин атындағы бөлімшесінің коллективі бұдан да зор табысқа ие болды. Бұл бөлімшенің малшылары әр жүз саулықтан 135 қозыдан алды. Биыл біздің 31 шопан әр жүз саулықтан 120-дан 130-ға дейін, 20 шопан 130-дан 140-қа дейін, 15 шопан 140-тан 160-қа дейін қозы алып, аман өсірді. Бұлар — озат тәжірибе мен ғылым жаңалықтарын өндіріске кеңінен пайдалана отырып, еңбекте тамаша ерлік көрсеткен жаңашылдар. Олар республикамыздың 40 жылдық мерекесін тамаша табыстармен қарсы алды.

«Шәуілдір» совхозының аға шопаны Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат Тәжіқан Тасқараев жолдас 1959 жылы әрбір жүз саулықтан 152 қозыдан алса, биыл 159 қозы алып отыр. Осы сияқты «Шәуілдір» совхозының аға шопаны, КПСС мүшесі Сақ Өтетілеуов жолдас та мал басын шығынсыз өсіруде басқаларға зор өнеге көрсетіп, өз отарындағы 850 саулықтың әрбір жүзінен 158 қозыдан алып, аман өсірді.

Бұл сияқты ерен еңбек иелерінің есімін тағы да көптеп келтіруге болады. Арыс совхозының қарт шопандары Сапақбай Төлемісов, Жанай Пәрменқұлов, «Темір» совхозының шопандары Тұрғанбай Бердалиев, Тұрлыбек Өмірзақов жолдастар да әрбір жүз саулықтан 152 қозы алып, шығынсыз өсірді. Мал шаруашылығында қажырлы еңбек етіп, елеулі табыстарға ие болған коммунистер, комсомолец жастар, партияда жоқ патриоттар бізде көп. Бұларды біздің адамдар зор мақтан етеді.

Аудандық партия комитеті мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру саласындағы алда тұрған зор міндеттерді іске асыруда бастауыш партия ұйымдарын, коммунистерді негізгі тірек етіп отырады. Аудан бойынша 668 коммунист болса, оның 267-сі тікелей мал шаруашылығында жұмыс істейді. Мұның ішінде 77 коммунист шопан, 16 коммунист бақташы, 19 коммунист жылқышы және түйеші болып жұмыс істейді. Аудандық партия комитеті, бастауыш партия ұйымдары коммунистердің басым көпшілігін мал шаруашылығындағы жауапты учаскелерге орналастырып, олардың авангардтық ролін арттыру ісіне ерекше көңіл бөліп отырады. Біздің ауданның шаруашылықтарында мал өсіру, онан өнім алу жөніндегі міндеттемелердің асыра орындалуының негізгі кепілі, осы десек асырып айтқандық болмайды.

Партия ұйымдары мал шаруашылығының барлық жағдайын әрдайым терең зерттеп, нақты басшылық жасап отырады. Аудандық партия комитетінің пленумдарында, актив жиналыстарында, бюро мәжілістерінде, бастауыш партия ұйымдарының жиналыстарында мал шаруашылығын өркендету, мал өнімдерін молайту жөніндегі түйінді мәселелер, алынған социалистік міндеттемелердің орындалуы жиі-жиі талқыланады. Мәселен, осы жылдың басынан бері аудандық партия комитетінің пленумында алынған міндеттемелердің орындалуы жөнінде екі рет мәселе қаралып, талқыланды.

Партия ұйымдары жаңалықты, құнды бастаманы барынша қолдап, оның кең өріс алуына үнемі көмектесіп отырады. Бұл жаппай құнттайтын мәселеміз. Мал шаруашылығында коммунистер бағалы бастама жасап, өнеге көрсетіп келеді. «Темір» совхозындағы коммунистер жайылымда өз күшімен стандартты үй салып алу ісіне бастаушы болды. Бұл бастаманы совхоздың барлық малшылары да қызу қолдады. Соның нәтижесінде кәзір совхоздағы барлық малшылар стандартты тұрғын үймен қамтамасыз етілді.

Осы совхоздың аға шопаны, облыстық советтің депутаты Тұрлыбек Өмірзақов жолдас малдың қысқы қорасы мен тұрғын үйінің маңын көгалдандыру, мал азықтық дақылдар егу ісін бірінші болып қолға алды. Кәзір Өмірзақовтың тұрғын үйі мен қысқы мал қорасы жасыл ағаштан көрінбейді. Озат шопан қора маңына жүгері егіп, қысқы жем-шөбін осының өзінен дайындап алды. Өмірзақов жолдастың бұл өнегелі ісін тек біздің ауданның малшылары ғана емес, бүкіл облыстың малшылары мақұлдады. Мұндай сүйсінерлік іс «Темір» совхозында кең қолдау тапты. Совхоз партия ұйымы дирекциямен бірлесе отырып, совхоз орталығын, мал фермаларын мәдениеттендіру жөнінде көптеген игілікті шараларды қолға алды. Кәзір совхозда мал отарларында істейтін адамдардың тұрмысын мәдениеттендіру, мал шаруашылығындағы ауыр жұмыстарды механикаландыру жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Совхоз коллективі республикамыздың даңқты қырықжылдық мерекесі қарсаңындағы жарысқа қосылып, коммунистік еңбек коллективі атағын алу үшін күресуде. Совхоздың жұмысшылары бұл күндері тек өндірісте озаттарша еңбек етіп қоймай, жарасты, мәдениетті тұрмыстың өнегесін көрсетіп отыр.

Аудан партия ұйымдары табиғат мүмкіндіктерін тиімді пайдалана отырып, малды ееміз, күйлі ұстап, оның өнімділігін арттыру ісіне баса назар аударады. Совхоздар соңғы жылдары мыңдаған гектар жайылымдарды игеріп, оларды малдың құтты қонысына айналдырды. Соңғы екі жылда мал жайылымдарынан 200-ден астам құдық қазылды, 125 жабық қора, малшылар үшін 250 тұрғын үй салынды. «Шәуілдір», «Овцевод» совхоздары қаракөл қойын өсіруге қолайлы қоныс болып табылатын Қызылқұм жайылымын кеңінен игере бастады. «Овцевод» совхозының Қызылқұмдағы «Жаманқара» учаскесінен соңғы үш жылдың ішінде мектеп-интернат, магазин, медпункт, оқу үйі, тағы басқа мәдени орындар салынды. Кәзір «Жаманқара» Қызылқұмдағы малшылардың мәдени орталығы болып отыр. Сол сияқты «Шәуілдір» совхозының Қызылқұмдағы «Табакбұлақ» қонысынан бірнеше тұрғын үй, мәдениет орындары салынды. Алдағы уақытта «Овцевод», «Шәуілдір» совхоздары Қызылқұмға тереңірек бойлап, бұрын пайдаланылмай жатқан «Қараөзек», «Төрт құдық нұрасы» сияқты шұрайлы жайылымдарды игергелі отыр.

Міне осы шаралардың нәтижесінде ауданда мал санын кәзіргіден әлдеқайда көбейтіп, оның өнімділігін бірнеше есе арттыруға болады. Кәзір біз барлық коммунистердің, мал өсірушілердің назарын осы мүмкіндіктерді пайдалану міндетіне аударып отырмыз.

Соңғы жылдары партия ұйымдары мамандармен және барлық малшылармен бірлесе отырып, ғылым жаңалықтары мен озаттар тәжірибесін кеңінен пайдалану жөнінде көптеген жұмыстар істеді. Қой қолдан ұрықтандырылып, «СЖК» препараты қолданыла бастады. Бұл озат әдісті қолдану ойдағыдай нәтиже беріп келеді. Өткен жылы 122 042 саулық қолдан ұрықтандырылды, 62 911 саулыққа «СЖК» препараты егілді.

Кәзір биылғы күйек алу науқанына тыңғылықты әзірлік жасалды, биыл 146 мың саулық қолдан ұрықтандырылады, 100 мың саулыққа

«СЖК» препараты енгізіледі. Егер біз бұл шараларды ойдағыдай жүргізсек, келесі жылы төлді биылғыдан да көп аламыз.

Біздің шаруашылықтар «СЖК» препаратын сиырға да қолдана бастады. Осы арқылы сиырдан жылма-жыл төл алуға, кей жағдайда сиырларды екі жылда 3 рет төлдетуге қол жететін болды. Озат шаруашылықтар Ставропольдың жаңашыл шопаны Иван Малашенконың тәжірибесін де қолдана бастады. Биыл аудан бойынша 4 мың саулық екінші рет қоздатылғалы отыр. Аудан партия ұйымдары бұл тәжірибені алдағы уақытта мұнан да кең пайдалану шараларын ұйымдастырмақшы.

Мал шаруашылығын өркендетудің басты тірегі — берік жемшөп қоры. Біздің шаруашылықтар бұл іске баса назар аударады. Өткен жылы 42 мың тонна мал азығы дайындалса, биыл біздің мал өсірушілер 70 мың тонна мал азығын дайындауға міндеттенген болатын. Бұл жемшөптің 1,5—2 жылдық қоры. Қазір 47 мың тонна шөп, 42 мың тонна сүрлем дайындалды. Мал азығын дайындау жұмыстары әлі де қызу жүргізілуде, сонымен бірге дайындалған азықтарды қысқы мал қораларының басына тасу жұмыстары қолға алынды. Бұл жұмыстар ең әрі кеткенде 1-ноябрьден қалмай аяқталады.

Аудан шаруашылықтарында астықты да, малдың жемі мен шөбін де мол беретін құнарлы дақыл жүгері егісінің көлемі шұғыл көбейтілді. Биыл жүгері егісінің көлемі 5,5 мың гектарға жеткізіліп, оның әр гектарынан 30 центнерден дән, 550 центнерден сүрлемдік көкпая алуға міндеттенген едік. Қазір бұл міндеттеменің де орындалатыны айқын болып отыр. Совхоздарда жүгері жинау жұмыстары ұйымшылдықпен қызу жүргізілуде. Бұл жұмыста 11 комбайн, 600-ден астам адам жұмыс істейді. Совхоз жұмысшылары даңқты мерекелердің қарсаңындағы социалистік жарысты кең өрістете отырып, жүгері жинауды октябрь айының ішінде толық аяқтап шықпақ.

Аудан партия ұйымдары, коммунистер, барлық еңбекшілеріміз алынған міндеттемелерді орындау, жетіжылдықтың тапсырмаларын мерзімінен бұрын бес жылда орындау жолындағы күресте қол жеткен бұл табыстарына қанағат етіп, жайбарақат отырған жоқ. Қазір ауданымыздың егіс далалары мен мал фермаларында жаңа қозғалыс, жаңа күрес кең өріс алды. Партия ұйымдары бұқараның бастаушысы және ұйтқысы бола отырып, аудан еңбекшілерін жаңа жеңіске қарай бастай береді.

Партиямыздың ХХІ съезінің тарихи шешімдерін іске асыру жолында жыл сайын жаңа табыстарға жетіп келе жатқан шәуілдірліктер алған көтеріңкі міндеттемелерін абыроймен орындап, елімізде коммунизм құру ісіне лайықты үлес қосады.

Біздің нысана — коммунизмдегіше еңбек ету

Б. ОДИАШВИЛИ,

*В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш
комбинаты партия комитетінің секретары*

Советтік Қазақстанның туған күнін — салтанатты мейрамын республика еңбекшілерімен бірге В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері де зор өндірістік табыстармен, үлкен қуанышпен тойлайды.

Комбинат еңбекшілері бұл күнге ерте бастан мұқият даярланды. Бүкіл партиялық ұйымдастыру, бұқаралық үгіт, насихат жұмыстары туған республикамыздың совет өкіметі тұсында Коммунистік партияның аталық қамқорлығы арқасында қол жеткен ерен табыстарын жұртшылыққа түсіндіре отырып, оларды өндірісте жаңа өрлеу туғызу жолындағы қажырлы еңбекке жұмылдыру ісіне бағындырылды. 350-ден астам үгітші әрбір бригада да, сменада, бөлімшеде үгіт жұмыстарын жүргізіп, комбинат еңбекшілерінің социалистік міндеттемелерді орындауына көмектесті.

Биылғы жыл — біздің коллективтің есінде мәңгі қалатын жыл. Комбинатқа ұлы Лениннің есімі берілумен бірге оның озат коллективінің үздік еңбегін партия мен үкімет жоғары бағалап, комбинатты Ленин орденімен наградтады. Коммунистік партия мен Совет үкіметінің бұл сөнімі біздің жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерді бұрынғыдан да жігерлендіре, шабыттандыра түсті. Олар комбинатқа кеменгер Лениннің есімін беруге және Ленин орденін тапсыруға байланысты болған митингіде Лениндік вахтаны жыл аяғына дейін созып, туған республикамыздың қырық жылдық мерекесін лайықты табыстармен қарсы алу үшін жаңа міндеттеме қабылдады. Олар биылғы жылдың мемлекеттік жоспарын мерзімінен жарты ай бұрын орындау, жалпы өнім шығару жөнінде жетіжылдық жоспар бойынша 1964 жылға белгіленген дәрежеге биылдың өзінде жету, бұрын жылдық міндеттемеде белгіленген 40 миллион сомның орнына 9 ай ішінде 50 миллион сомның өнімін жоспардан тыс беру, өнімнің түсер құнын кеміту есебінен 270 миллион сом қаржы, 5 миллион киловатт-сағат электр қуатын үнемдеу, өткен жылға қарағанда еңбек өнімділігін 10 процент арттыру міндеттерін алға қойды.

Ұйымдастыру және саяси жұмыстардың жақсара түсуі арқасында комбинат жұртшылығы Ленин күні мен Советтік Қазақстанның 40 жылдығы құрметіне алған социалистік міндеттемелерін абыроймен орындап шықты. Жалпы өнім шығарудың 9 айлық жоспары мерзімінен бұрын 18 сентябрьде орындалды. Жоспардан тыс 60 миллион сомның өнімі берілді. Еңбек өнімділігі өткен жылмен салыстырғанда 12,5 процент артты. Социалистік міндеттемеде белгіленген басқа да тапсырмалар асыра орындалды.

Жоспарды, міндеттемені әрдайым бұлжытпай орындау біздің коллектив үшін дәстүрге айналған. Міндеттемелерін әрдайым асыра орындағаны үшін комбинат еңбекшілері Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан Кәсіпшілер одақтары Советінің ауыспалы Қызыл Туын он бір дүркін жеңіп алды.

Металлургтер мұндай табысқа қалай жетті? Ең алдымен, партия комитеті коммунистерді, жұмысшыларды, инженер-техник қызметкерлерді жұмысты қай салада болсын бүгінгі өскелең талап-тілекке сай

ұйымдастыра білуге жұмылдырды. Партия комитеті әуел бастан-ақ техникалық прогреске, еңбек өнімділігін арттыруға, қолда бар мүмкіндіктерді сарқа пайдалана отырып, өндірісті ұлғайтпай-ақ өнімді көп алуға бағыт ұстады.

Комбинаттың негізі бұдан он үш жыл бұрын қаланды. Ол кезде кәзіргі алып комбинаттың орнында шағын ғана мырыш заводы бар еді. Заводтың техникалық дәрежесі төмен болатын. Сондықтан рудадан барлық пайдалы металл түгел айырып алынбайтын. 1952 жылы жаңадан іске қосылған қорғасын заводы да, онан кейін жұмыс істей бастаған мырыш және күкірт қышқылы заводтары да бірден жұмысты бірқалыпты істеп кете алған жоқ. Комбинаттың жұмысын жақсарту, оны мемлекеттік жоспарды барлық көрсеткіштер бойынша толық орындайтын дәрежеге жеткізу міндеттері партия ұйымын қатты ойландырды. Өндірістік мәжілістерде, жұмысшылар жиналыстарында жоспардың орындалмау себептері талқыланып, олқылықтан шығудың жолы қарастырыла бастады. Түрлі-түрлі ұсыныстар жасалды.

Коммунистер, озат жұмысшылар кеңесе, ақылдаса келе барлық заводтардың бір қалыпты жұмыс істей алмау себебі «Веджа» күйдіру пешінің жұмыс өнімділігінің төмендігінен болып отыр деген қорытындыға келді. Пешке сұйық отын (мазут) өте көп жағылатын, сонымен бірге ол жиі-жиі жөндеуді керек ететін. Ал оның қызуы 120—150 градусқа жеткен кезде оны жөндеу оңайға түспейтін. Бұл пештерден алынатын күйдірілген концентраттың және күкірт газының сапасы төмен болатын. Сонымен бірге өнімнің түсер құны да жоғары болатын.

Мырыш заводы партия ұйымының бастауымен «Веджа» пешін концентраттарды қайнап тұрған қабатта күйдіретін, жұмыс өнімділігі анағұрлым жоғары отандық пешпен ауыстыру жұмысы басталды. Пешті қайта салу, оны іске қосу жұмысына Виксене, Багаев, Шевцов, Урубков, Дробот, Пожидаев, Тубашев жолдастар тағы басқа инженер-техник қызметкерлер мен металлургтер қатысқан партиялық комиссия басшылық жасады. Комиссияға партия комитетінің мүшесі, комбинат директоры А. Вартанян, мырыш заводы партия бюросының секретары Д. Додин жолдастар жетекшілік етті. Көш жүре түзеледі дегендей, пеш жұмыс үстінде көп жақсарды. Мәселен, бірінші пешті сынаған кезде коммунист Дробот, Пожидаев жолдастар пештің күйдірілген концентрат түсіретін табалдырығын биіктетуді ұсынды. Бұл пештің жұмыс өнімділігін арттырып, күйдірілетін концентраттың сапасын жақсартты.

Кемістіктерді осылайша тез түзей отырып, металлургтер екі күйдіру цехындағы ескі пештің екеуін де қайтадан салды. Мұнан кейін шиктаны тиеу, түсіру, пештің қызуын бақылау ісін автоматпен басқару әдісі енгізілді. Бұл шаралардың бәрі пештің өнімділігін бұрынғыдан үш-төрт есе арттыруға, мырышты 3 процент көбейтуге, күкірт қышқылын бұрынғыдан едәуір көп алып, оның сапасын жақсартуға мүмкіндік берді. Бұдан жылына 7 миллион сом табыс түсті. Кәзір үш пешті тек бір адам басқарады. Технологиялық процесті жетілдіруге бағытталған осы сияқты шаралар заводтардың жұмысты біркелкі, кідіріссіз істеуіне жағдай туғызды.

Бұдан кейін қорғасын заводында да көп өзгеріс жасауға тура келді. Мұнда шикізат жетіспейтін, еңбек нашар ұйымдастырылатын. Зиянды газдың салдарынан жұмыс істеу жағдайы қиын болатын. Партия ұйымы жиналыста заводтағы істің жайын талқылап, цехтарға іскер коммунистерді, тәжірибелі жұмысшыларды жіберді, еңбек ұйымдастыру, цехтардағы денсаулыққа зиянды газды жою, жұмыс орнын таза ұстау жөнінде нақты шараларды жүзеге асырды.

Металдарды тазарту цехының сирек металдарды айыру бөлімі заводтағы ең бір қиын учаске болды. Күміс көбігі алдымен дистиллятор-

ларда, сонан кейін айыру пештерінде өнделетін-ді. Шағын цехта бес дистиллятор, үш айыру пеші жұмыс істейтін. Сондықтан цехқа газ толып кететін. Жұмыстың дені қолмен істелетін. Бұл кемшілікті жою, цехтағы жұмыс жағдайын жақсарту жолында комбинаттың және Түсті металлургияның Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу институтының бір топ инженерлері: Братчик, Кунгуров, Сычев тағы басқалары аянбай еңбек етті. Олар қымбат металл көбігін электротехникалық жолмен өңдеу әдісін ұсынды. Бұл мүлде жаңа әдіс еді. Мұның әрі құнды, әрі пайдалы әдіс екеніне көзі жеткен партия комитеті оны өндіріске жедел енгізу ісін қолға алды. Цехқа бір топ коммунист үгітшілер жіберді. Электр пешінің құрылысына бүкіл цех жұмысшылары қатысты. Пеш аз уақыт ішінде — бір жарым айда салынды. Алғашқы күннен бастап-ақ пештің өнімділігі жобада көрсетілгендегіден асып түсті. Міне содан бері цех мемлекеттік жоспарды толық және асыра орындап, жұмысты біркелкі істеп келеді. Кәзір цех асығып-аптығу дегенді білмейді. Мұның себебі еңбек ұйымдастыру, жұмыс жағдайы бұрынғыдан жақсарды.

Осындай күрделі мәселелер шешілгеннен кейін партия комитеті зиянды газды біржолата жою міндетін алға қойды. Инженер Кунгуров жолдас жетекшілік еткен бір топ коммунистер металл тазалау котелдарын электрмен қыздыру тәсілін жүзеге асырды. Соның нәтижесінде, бір жағынан, тазарту цехында денсаулыққа қатерлі газ жойылса, екінші жағынан, оның жұмыс өнімділігі 20 процент артты, қымбатқа түсетін сұйық отын жағылмайтын болды. Металл қорыту және пісіру цехтарында да осы айтылған мәселелер жөнінде үлкен-үлкен шаралар қолданылды.

Комбинатта пайдаға асқан күрделі шараларды сөз еткенде, металды шахта пешінде от тегімен балқыту тәсілін айтпай кетуге болмайды. Шахта пешіндегі шихтаны оттегімен үрлеп балқыту әдісі коммунистер Кубышев, Аверченков, Карапетян өзге де жолдастардың ұсынысымен жүзеге асты. Тек осының өзінен ғана жылына 5 миллион сомнан астам мемлекет қаржысы үнемделді. Совет Одағында тұңғыш қорғасын өндірісінің шлактарын қайта өңдеу игерілді. Бұл қорғасынды 1,5, мырышты 2 процент артық алуға, концентраттардан алынған мырышпен, қорғасынмен салыстырғанда олардың түсер құнын екі есе кемітуге, 8 миллион сомдай қаржы үнемдеуге мүмкіндік берді.

Өндіріс технологиясын жетілдіру, автоматтандыру жөнінде мұнан басқа да көп жұмыстар істелді. 1949 жылы комбинатта небәрі 32 автоматтық бақылау болған болса, 1959 жылы оның саны 2 мыңға жетті. Бұлар технологиялық процестің бәрін бақылап отырады десе де болады. Бұрнағы жылы бізде автомат торап жоқ еді, былтыр 170-ке таяды. Кәзір автомат және механика күшімен істелетін жұмыстың жалпы мөлшері 91 процент болады. Осындай шаралар негізінде 1949 — 1959 жылдар ішінде комбинатта жалпы өнім шығару 18 есе өсті, еңбек өнімділігі 5 еседей артты.

Комбинат коллективінің мұндай табыстарға жетуіне партияның Орталық Комитетінің техникалық прогресс мәселесін қараған июнь (1959 ж.) Пленумының шешімдері зор көмек көрсетті. Июнь Пленумы алға қойған міндеттерді жүзеге асыруды біз Пленум шешімдерін бұқараға терең түсіндіруден бастадық. Ол үшін әзірлігі күшті инженер-техник қызметкерлерден, өндіріс озаттарынан лекторлар тобын қайта құрдық. Олар: «Жетіжылдықта комбинаттың даму болашағы», «Түсті және сирек металдарды халық шаруашылығына пайдалану», «Өндірісті механикаландыру және автоматтандыру — жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындаудың сенімді жолы» деген тақырыптарға лекциялар оқыды. Сол кезде лекция насихаты мен әңгіме өткізу тәртібіне біраз өзгеріс енгізілді. Бұрын бізде цехтарда лекция, әңгіме күндіз түс-

кі демалыс кезінде өткізілетін. Мұндай жағдайда басқа сменада істейтін металлургтер лекцияға сирек қатысатын. Енді лекция, әңгіме әрбір сменада бөлек-бөлек, белгілі бір уақытта — тек сәрсенбі мен жұма күндері өткізіледі. Оған көмекші жұмысшылар да шақырылады. Бұл жаңа тәртіп партия ұйымдарының бұқаралық үгіт, саяси-тәрбие жұмыстардың барысын жіті қадағалап отыруына жағдай туғызды.

Июнь Пленумының шешімдерін жүзеге асыру жолындағы күресте туған тағы бір жаңалық сол — комбинатта коммунистер мен өндіріс жаңашылдары бастаған іскер топтар құрылды. Олар өндіріс техникасын жетілдіре беруге бағытталған бірқатар тиімді ұсыныс енгізді. Мысалы, коммунист Ю. Свядош бастаған топ ерітіндіні қосындыдан екі сатыда үздіксіз тазалау тәсілін енгізді. Бұл топтың құрамында инженерлер мен өндіріс озаттары: Шевцов, Гумаров, Климов, Клименко өзге де жолдастар болды. Осы ұсынысты пайдалану нәтижесінде мырыш тозанының шығыны 15 процент азайып, ерітіндінің сапасы жақсарды.

Партия комитеті мен цех партия ұйымдары ұйымдастыру, саяси-бұқаралық жұмыстардың барлық түрлерін де пайдалануға тырысады. Бізде лекция оқып, әңгіме өткізуден басқа сұраулар мен жауаптар кеші, техникалық және теориялық конференциялар өткізіледі, радио торабы арқылы комбинат өмірінен, озаттар жайлы хабарлар беріледі, көп тиражды және қабырға, сатиралық газеттер, бюллетеньдер шығарылып тұрады. Біз әсіресе көрнекі үгітке зор мән береміз. Көрнекті жерлерге плакаттар, ұрандар, диаграммалар ілінген, паннолар, құрмет, көрсеткіш тақталары қойылған. Комбинат алаңында кірпіштен жасалған үлкен стендке озаттардың суреті ілінген. Қорыту, шаю, электрмен күйу цехтарында тағы басқаларында әсемдеп жасалған паннолар бар. Панноның бірі «Комбинаттағы бір процент» деп аталады. Мұнда комбинатта еңбек өнімділігін бір процент арттыру қосымша 18 миллион сомның өнімін алуға, бұған 6 алпыс пәтерлі үй салуға болатыны, комбинатта еңбек өнімділігін бір процент арттыру 12 миллион сом қаржы үнемдеуге мүмкіндік беретіні, бұл ақшаға 125 орындық 12 балалар яслиін яки бақшасын салуға болатыны айтылған. Әсіресе бізде заводтық «сурет-газеттің» ықпалы, тәрбиелік маңызы күшті. Газет сурет арқылы жаңашылдардың еңбектегі ерлігін көрсетеді, цехтардың жұмысындағы, жеке адамдардың басындағы кемшіліктерді сынап-мінейді.

Партияның XXI съезі қарсаңында коммунистік еңбек бригадалары мен екпінділерінің қозғалысы туды. Бұл қозғалысқа біздің металлургтер де белсене ат салысты. Комбинатта коммунистік жарысқа алдымен Битаров, Скребцов, Сокирник жолдастар басқаратын сменалар ұштасты. Көп кешікпей коммунистік еңбек атағын алуға ондаған сменалар мен бригадалар, бүкіл цех жұмысшылары, тіпті бүтіндей өндіріс орындары қосылды. Ал туған республиканың қырық жылдығы құрметіне міндеттеме қабылдаған кезде бірінші біріккен цех жұмысшыларының шақыруымен бүкіл комбинат еңбекшілері коммунистік еңбек кәсіпорны деген құрметті атаққа ие болу жолындағы жарысқа қосылды.

Кәзір әрбір металлург, әрбір инженер, әрбір жұмысшы өзінің жұмыс нормасын артық орындауға, оқып білімін көтеруге, еңбекте де, тұрмыста да үлгілі, өнегелі болуға тырысады. Комбинат жұмысшыларының көпшілігі-ақ алған міндеттемелерін абыроймен орындап келеді.

Коммунистік еңбек сменасының бастығы, коммунист Сокирник өзара байланысты жұмыс орындарында технологиялық процесті үлгілі жүргізу қозғалысының бастаушысы болды. Мұнда жұмысшылардың бәрі екі мамандықты меңгерді. Олар сырттан көмек сұрамай, машина, жабдықтардың кіші-гірім кем-кетігін күнбе-күн өздері жөндейді.

Партия комитеті мастер Сокирник жолдас бастаған сменаның жұмыс тәжірибесін қорытып, жұмысшылар арасына кең таратуды ұйымдастырды. Кәзір металлургиялық цехтардың бәрінде екінші мамандық

алу жөнінде сабак өткізіледі. Сабакты комбинаттың инженерлері мен өндіріс озаттары жүргізеді. Соның нәтижесінде жүздеген адам екінші мамандық алды. Комбинат жанынан түрлі оқу орындарына түсушілер үшін даярлық курстары ұйымдастырылды. Кәзір мектептерде, техникумдарда, институттарда екі мыңдай адам оқып жүр. Көптеген жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлері түрлі үйірмелерде оқып, саяси және техникалық білім дәрежесін көтеруде. Биыл біз комбинат жанынан тұңғыш рет бастауыш білімі бар жасы асқан адамдарға арнап оқу кластарын ашқалы отырмыз. Жыл аяғына дейін бізде жалпы немесе саяси білім беретін оқудың бір түріне тартылмаған бірде-бір адам қалмайды.

Коммунистік еңбек кәсіпорны атағын алу күресіне комбинаттың комсомол ұйымы белсене ат салысып келеді. Ол — социалистік жарыстың қорытындысын шығару, еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру мен автоматтандырудың барысына күнбе-күн бақылау жасау, өндіріске жаңалық ұсыныстар енгізу, ең жаңа техниканы меңгеру істерінде партия комитетінің оң қолы.

Бізде өндірісте де, тұрмыста да үлгі көрсетіп, жұрт алдында беделге ие болған комсомолецтер аз емес. Жакында Евгений Ильиненконың, Қуленовтың, Смаиловтың бригадалары мен сменалары коммунистік еңбек сменалары мен бригадалары атағын алды.

Кәзір комбинат жастары әрбір тоқсанда бір күн үнемделген шикізатпен, қосымша материалдармен, электр қуатымен жұмыс істейді.

КПСС Орталық Комитетінің электр қуатын тиімді пайдалану жөнінде жолдаған хатына сәйкес барлық цехтарда комсомол постары, рейд бригадалары жұмыс істейді. Бұлардың жұмысы жемісті болып отыр. Мәселен, тек август, сентябрь айларында ғана комсомолецтер В. Отергашев, Н. Бобылев, А. Смаилов 180 мың киловатт-сағат электр қуатын үнемдеді.

Әрине, комбинатта бәрі жақсы деуге болмайды. Өзінің партиялық ұйымдастыру, саяси жұмыстарында партия комитеті мен цех партия ұйымдарының жіберіп алған елеулі кемшіліктері де бар. Біз еңбек өнімділігін арттыру, шығарылатын өнімнің сапасын жақсартып, түсер құнын кеміту үшін қолда бар ішкі мүмкіндіктердің бәрін сарқа пайдалануға жұртшылықты түгел жұмылдыра алдық деп айта алмаймыз. Цехтардың кейбір жеке бөлімшелерінде техникалық қауіпсіздік мәселелері әлі де түгел шешілген жоқ. Кейбір цехтарда қатаң тәртіп орнатылмаған, тазалық аз. Біз еңбек тәртібін бұзу сияқты кемшіліктен түгел арылып болғанымыз жоқ. Бірақ коммунистердің басшылығымен, бүкіл жұртшылықтың қолдауымен бұл кемшіліктерді түзететініміз даусыз.

Партия ұйымдарының күнбе-күнгі бақылау, партиялық ұйымдастыру, бұқаралық үгіт жұмыстарын өрістетіп түсуі арқасында металлургияның еңбектегі белсенділігі арта түсті, комбинат адам танығысыз болып өзгерді. Бұл күнде комбинат барынша жетілген отандық жаңа техникамен қаруланған, Совет Одағындағы металлургия өнеркәсібін дамытуда жетекші орын алатын ең ірі кәсіпорынға айналды. Еліміздің халық шаруашылығында оның шығарған қорғасынын, мырышын, кадмийін, күкірт қышқылын, сирек металдарын пайдаланбайтын бірде-бір кәсіпорын жоқ. Биылғы жылы ол өнімнің 20-дан астам түрін шығаруды игерді. Біздің данқты мерекеге тартар сыйымыз осы. Мұның бәрі совет халқының дана көсемі, ақылгөй ұстазы — Коммунистік партия мен оның лениндік Орталық Комитетінің совет адамына көрсеткен сарқылмас қамқорлығының, оның бірден-бір дұрыс бейбітшіл саясатының игі жемісі екенін қазақ республикасының қырық жылдығын тойлау үстінде тағы бір атап өткен артық емес.

Халыққа коммунистік тәрбие беру — ардақты міндет

Ұлы коммунизм қоғамының асқар бел асулары мен барар жолдарын әрбір тарихи дәуірде дәл бағдарлап, елімізге әр уақытта дұрыс жол басшылық етіп келген Коммунист партиясы: кәзіргі тарихи кезең — елімізде коммунизм орнату ісін жаппай жүргізу кезеңі, ол совет адамдарының, күллі Отанымыздың өмірінде терең мағналы аса зор өзгерістер туғызады деді. Кәзір алдымызда осыдан туған айбынды екі міндет тұр. Ол — коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау және болашақ коммунизм қоғамының адамдарын тәрбиелеп өсіру.

Бұл екі міндет өзара өте тығыз байланысты, ол біртұтас даму процесінің екі жағы. Расында да, жана адам тәрбиелеп өсіруді коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау ісінен бөле қарауға бола ма? Жоқ, болмайды. Өйткені тек коммунизм орнату жолындағы алуан салалы нақты жұмыс үстінде ғана адамның өзі, оның психологиясы мен мінез-құлқы өзгереді, коммунистік қоғамға лайықты адамгершілік қасиеті қалыптасады. Екінші жағынан, бүкіл халықтың коммунистік санасы өскен сайын, оның саяси және өндірістік белсенділігі де арта түседі, демек бұл коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау ісін тездетеді.

Адам баласының сана-сезімі экономикалық базистің өзгеруімен бірге стихиялық түрде, өз бетімен, іле-шала өзгере қоймайды. Совет адамдарын коммунизм рухында тәрбиелеу, олардың санасындағы капитализмнің сарқыншақтарын бірте-бірте жою міндеті де көп салалы идеологиялық жұмыс жүргізуді керек қылады. Кәзір идеология жұмысының күрестің алдыңғы шебіне тартылып отырған себебі де осыдан.

Коммунист партиясы елімізде коммунизм орнату идеясын халыққа түсінікті белгілі бір айқын міндет, нақты жоспар түрінде алға ұсынады. Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау міндеті де жетіжылдық жоспарда нақты, айқын белгіленген. Онан әрбір республиканың, әрбір әкімшілік және экономикалық ауданның, әрбір кәсіпорны мен колхоздың, қала берді әрбір еңбекшінің үлесіне тиетін міндетті қатесіз табуға болады. Демек кәзір коммунизм орнату жалпы ұран емес, ол сан миллиондаған адамның күнделікті творчестволық нақты ісіне айналып отыр. Сол ұлы жоспардың орындалуы және қашан, қай мерзімде орындалатыны ұйымдастыру жұмысына, әсіресе коммунизм құрылысшылары арасындағы идеялық-тәрбиенің көлемі мен дәрежесіне байланысты.

Мұның бұлай болатын бір себебі, марксизм-ленинизм идеясының жеңімпаз күшіне, туысқан партиямыздың саясаты мейлінше дұрыс екендігіне және оның халықтың түбегейлі мүддесіне толық сай келетініне совет адамдарының қажырлы күрес тәжірибесінен әбден көзі жеткен. Кәзіргі жағдайда коммунистік көзқарасқа жетілу, марксизм-ленинизм негіздерін меңгеру, партия саясатын жете түсіну коммунизм құрушы әрбір совет адамы үшін өмір қажетіне айналып кетті.

Партияның XX және XXI съездері мен КПСС Орталық Комитеті пленумдарының қарарларында, Н. С. Хрушев жолдастың және партия

мен үкіметтің басқа да басшыларының сөздерінде идеология жұмысының кәзіргі кезеңдегі басты-басты міндеттері толық айтылған. Партиямыздың Орталық Комитеті соңғы жылдары осы міндеттерді орындау бағытында бірсыпыра шара белгіледі. Соның ішінде КПСС Орталық Комитетінің биылғы январь айында қабылдаған «Партиялық насихаттың кәзіргі кезеңдегі міндеттері туралы» қаулысы айрықша орын алады. Ол еліміздің кәзіргі даму кезеңіне сәйкес еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің айбынды программасы болды. КПСС Орталық Комитеті таяуда ғана әдейі кең мәжіліс шақырып, осы қаулыға орай идеология жұмысының басты-басты мәселелерін тағы да талқылады, оның мазмұны мен әртүріне талдау жасады, алдымызға бірсыпыра көлемді міндеттер қойды.

Коммунист партиясы мен оның Орталық Комитеті еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруді партия, кәсіподақ, комсомол және басқа қоғам ұйымдарының өзекті міндеті деп атап айтты. Бұқараға идеялық ықпал жасау әдісі мен тәсілдердің бәрін коммунизмнің жеңісін тездететін үнемі дайын тұрған сенімді құралымыз деп бағалады. Идеялық тәрбиені күшейте беру міндеті еліміздің кәзіргі ішкі және сыртқы жағдайынан туып отырған коммунистік құрылыстың объективті заңдылығы. Коммунизм орнату еліміздің тек бірыңғай ішкі жұмысы ғана емес. Оның халықаралық маңызы да ерекше. Өйткені әлеуметтік-экономикалық екі системаның бейбіт жарысынан ол шешуші орын алады, дүние жүзіндегі езілген халықтардың әлеуметтік, ұлттық езгіден құтылуына күшті ықпал етеді, жер шарында тыныштық, бейбітшілік орнауына игі әсерін тигізеді.

Идеялық тәрбие жұмысын жүргізгенде есте ерекше сақтайтын бір жағдай мынау: партияның соңғы кезде идеология мәселесіне байланысты қабыл алған шешімдері мен шаралардың негізгі мазмұны идеология жұмысының лениндік стилі мен тәсілін қалпына келтіру және дамыта түсу, идеология мәселелеріне кәзіргі жаңа тарихи жағдайлар мен коммунистік құрылыстың міндеттеріне сәйкес творчестволықпен қарау, коммунизмнің әрі белсенді, әрі қажырлы құрылысшыларын тәрбиелеу.

Кеңесте атап көрсетілгеніндей бұл бағытта бірсыпыра елеулі табысқа қол жетті. Елімізде идеялық өмір қыза түсті. Саяси тәрбиенің мазмұны байыды, идеялық дәрежесі анағұрлым көтерілді, халыққа әсері мен ықпалы күшейді. Көптеген партия ұйымдары баға жетпес жаңа тәжірибе алды. Идеология жұмысының өмірмен байланысы нығайды.

Жұмыстың жетістік жағы айта берсе аз емес. Бірақ әлі де болса ілесіп қалмай келе жатқан кемшіліктерді де көрмеске болмайды. Әсіресе кәзіргі басты кемшіліктің бірі идеологиялық жұмысымыздың өмірден алшақтығы түгел жойылды десек — тым асығыс айтылғандық болар еді. Бұл салада алдымызда әлі көлемді көп міндеттер тұр. Идеология жұмысының идеялық дәрежесін көтеру үшін, оның жұртшылығымызға әсерлі де ықпалды болуы үшін, халық өмірімен, коммунизм құрылысының практикасымен байланысын барған сайын нығайта түсу үшін қажымай-талмай еңбек ету партия ұйымдарының бұрынғыша негізгі міндеті болып отыр.

Барлық идеялық тәрбиенің сара жолы — коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға, еңбек өнімділігін арттыруға, жаңа резервтер табуға жұмылдыру, оларды коммунизм орнату үшін қажырлы еңбекті ұйымдастыру болып табылады.

Кейбір насихатшыларымыз коммунизм туралы әңгіме өткізгенде оның игілігі мен молшылығы туралы баса айтады да, сол өмірге жету үшін әрбір еңбекші күн сайын қажырлы еңбек сіңіруі керек екенін жете түсіндірмейді. Бұл коммунизм тұсында еңбек етпей-ақ жақсы тұрмыс құруға болады-мыс деген тоғышарлық көзқарас туғызуы мүмкін.

Үстіміздегі оқу жылында экономикалық білім алушылар былтырғыдан әлдеқайда көп. Әлбетте, жақсы ұйымдастыра білсе, оқудың бұл түрі тындаушылардың экономикалық теорияны нақты шаруашылық жұмыспен ұштастыра білуіне көмектеседі, оқуды өмірмен байланыстыра білуге сеп болады. Партия ұйымдары оқудың осы жағына айрықша назар аудару керек. Сол сияқты партия тарихының оқуы да бүгін таңдағы көкейтесті мәселелермен тығыз байланысты болу үшін және оның тәрбиелік, ұйымдастырушылық әсері арта беруі үшін негізгі назарды партия тарихының соғыстан кейінгі дәуіріне, әсіресе аса маңызды оқиғаларға бай ХХ съезден кейінгі кезеңіне аударған жөн. Әрине, мұнан партия тарихын, әсіресе жас коммунистер мен жастардың түгел оқуы керек емес деген жаңсақ қорытынды тумасқа керек.

Биылғы оқу жылында партия ұйымдарының маркстік-лениндік философияны оқуға көбірек көңіл бөлуі, оған жұмысшылар мен колхозшыларды тарта бастауы дұрыс бағыт. Философияны білімді адамдар ғана оқи алады, қатардағы кісі түсінбейді-міс деген қате ұғымға қарама-қарсы партия ұйымдары мен насихатшыларымыз маркстік-лениндік философияның асыл қазынасын қалың жұртшылығымыздың игілігіне айналдыруы керек, айналдыра алады да. Биыл оқу жүйесінен сыртқы саясат пен ағымдағы саясат үйірмелері едәуір орын алып отыр. Мұнда ерекше назар аударатын жағдай өткен жылдағыдай аса маңызды оқиғаға теориялық терең талдау жасамай, тек үстірт шолып өтуден сақтану керек. Партия ұйымдары бұл үйірмелердің жұмысына айрықша назар аударып, оны басқаруға білімді маман насихатшылар бөлгені жөн болады.

Партияда жоқ жолдастардың биыл саяси оқу жүйесіне, бастауыш экономикалық мектептер мен үйірмелерге көптеп тартылып отырғаны өте дұрыс. Ал бірсыпыра партия ұйымдарының таяудағы екі-үш жылда әрбір жұмысшы мен колхозшыға нақты экономикалық білім беруді алдарына міндет етіп қоюы барынша қостауды керек ететін бастама. Әрбір партия ұйымы осы жақсы бастаманы қызу қостап, өз мүмкіншіліктеріне қарай белгілі мерзім ішінде бұл міндетті орындап шыға алатыны сөзсіз.

Саяси оқудың негізгі бағыты әркімнің өздігінен оқуы екені мәлім. Өткен оқу жылында бұған кей жерде жете көңіл бөлінбеді. Мәселен, Жамбыл облысының саяси оқу жүйесінде өздігінен оқитындар 7 процент, Гурьевте — 5, Оңтүстік Қазақстанда — 3 процент қана болды. Жұртшылықты өздігінен кітап оқып, білім алуға, марксизм-ленинизм теориясын оқып үйренуге баулу аса қажет. Мұнда әсіресе өздігінен оқудың коллективті, семинарлық әдісін кең қолдану дұрыс екенін тәжірибе көрсетіп отыр.

Партия ұйымдары мен комитеттері саяси оқу жүйесінің жұмысымен күнделікті шұғылданып, оқудың идеялық дәрежесі жоғары болуын, оның пәрменді, әсерлі болуын, өмірмен тығыз байланысты болуын қандағалап отыруға міндетті. Оқу тек қана оқу үшін емес, коммунизмнің белсенді құрылысшыларын дайындауға көмектесуге тиіс екені, саяси оқудың дәрежесі өндірістегі жұмыстың нәтижесінен көрінетіні есте болуға керек.

Халықты саяси тәрбиелеудің мұнан өзге де толып жатқан түрлері бар. Әрбір партия ұйымы идеялық-саяси ықпалдан сырт қалған жұртшылықты саусақтың саласындай біліп, әрбір жеке-жеке совет адамына дейін жету үшін қажет болса қосымша насихатшылар мен үгітшілер бөліп, жұмысты ойдағыдай ұйымдастыруы керек. Бұл ретте лекциялық насихаттың ролі күшті. Қоғамдық тапсырма ретінде ақысыз лекция оқитын лекторларды көбейту арқылы әрбір коллективте, әрбір ауыл-село мен бригадада айына кем дегенде бір лекция оқылып тұруы шарт.

Партиямыздың Орталық Комитеті партия ұйымдарының алдына осындай міндет қойып отыр.

Соңғы кезде бұқаралық-саяси жұмыстың ықпалы, өмірмен байланысы, көлемі мен шеңбері арта түсті. Оның жаңа әдістері — күн тәртібіне алдын ала мәселе қоймай жиналыс өткізу, демалыс күнгі университет, озат тәжірибе институттары, ауызша журнал, көшпелі көрмелер пайда болды. Халықтың үйді-үйіне барып жұмыс істеу өріс алып келеді. Саяси үгітке өндіріс озаттары, мамандар, оқытушылар, партия және совет қызметкерлері көптеп қатысатын болды. Бұл саяси тәрбиенің шеңберін кеңейтті. Бірақ қол жеткен кейбір табысқа місе тұтпай, әсіресе бастауыш партия ұйымдары мен партия топтарының ынта-жігер көрсетіп, жергілікті жағдайға сай жұмыстың мұнан өзге де жаңа түрлері мен тәсілдерін табуына болады. Сөйтіп, бұқаралық саяси тәрбиені өркендете беруге кең жол ашуға мүмкіншілік бар.

КПСС Орталық Комитетінің партиялық насихаттың кәзіргі кезеңдегі міндеттері туралы қаулысы шыққаннан кейін баспасөз орындары жұмысына көптеген жақсы жаңалықтар енгізе бастағаны байқалады. Газет, журналдардың идеялық дәрежесі көтерілді, халыққа коммунистік тәрбие берудегі, оларды жетіжылдық жоспарды орындауға жаппай жұмылдырудағы ролі артты. Редакция жұмысын ақысыз атқару өріс ала бастады. Дегенмен, баспасөздің мазмұнын әлде де болса жақсарту беруге, идеялық дәрежесін көтеруге толық мүмкіншілік бар. Біздің журналистер мен публицистеріміздің ақыл-ойын толғантарлық тақырып өмірде өте көп. Үлгілі істі өнеге ете сөйлеу, совет адамдарының жақсы адамгершілік қасиетін, өндірістік озат тәжірибені дәріптеу сөз түйіні болуға тиіс. Баспасөздің борышы — буржуазиялық идеологияға аяусыз соққы беру, ескіліктің зиянды қалдықтарын, арамтамақтықпен жеке меншікшіл пиғылды күнделікті аластап отыру. Сол сияқты біздің әдебиет пен көркемөнеріміз, радио мен телевизия, мәдениет-ағарту орындары да халыққа коммунистік және эстетикалық тәрбие беруде, ұлы Ленин идеясының жаршысы болуда, совет адамдарын коммунизм құрылысына рухтандыруда, коммунизмнің білімді де өнерлі адамдарын тәрбиелеуде көп жұмыс атқара алады, атқаруға тиіс те.

Партия насихатын, саяси үгітті, бұқаралық-мәдени ағарту ісін жақсарту үшін не істеу керек? Бұл ең алдымен ұйымдастыру жұмысын жолға қоюды талап етеді. Партия ұйымдары идеология жұмысына, идеология кадрларын тәрбиелеуге үнемі назар аударып отырғанда ғана жұмыс жемісті болашақ. Халыққа коммунистік тәрбие беруге сан мыңдаған жаңа белсенділерді тартқан дұрыс. Оның дәрежесін биік сатыға көтеру үшін басшы жолдастардың өздері насихат пен үгітке қолма-қол араласуы шарт.

Идеологиялық жұмысты дүркін-дүркін қолға бір алып, белгілі науқанға, атаулы күндерге ғана арнап жүргізу дұрыс болмас еді. Міндетті осылай түсінетіндер де жоқ емес. Дұрысында ол күнделікті, үздіксіз және шаруашылық жұмыстармен қат-қабат тығыз байланысты жүргізілуге тиіс.

Кей жерде насихат үгіт жұмысының сапасымен шұғылданудан гөрі, оның бірінғай санына ғана мән болушылық байқалады. Партия ұйымдары идеология жұмысының ең алдымен идеялық дәрежесінің жоғары болуына, көлемі әрбір адамды қамтитындай кең болуына, бұқаралық саяси тәрбиенің әсері өндіріс жұмысының қорытындысынан көрініп отыруына зер салу керек. Бұл бағытта халық пен өмірдің қайнаған ортасында отырған бастауыш партия ұйымдары үлкен роль атқара алады. Біздің идеологиялық жұмыс коммунизм құрылысының кәзіргі дәрежесіне толық сай болатын болсын. Өмірдің бүгін таңдағы талабы осындай.

Гүлденген елдің мәліметі

Қазақ Совет республикасының өз алдына енші алып, терезесі тең мемлекет болғанына биыл 40 жыл толып отыр. Қырық жыл қысқа мерзім, бірақ осыған қарамастан, Ленин партиясының дана ұлт саясатының арқасында республикамыздың ауыл шаруашылығының, өнеркәсібінің, мәдениетінің осы уақыт ішінде қол жеткен табысы орасан мол.

Орта Азияның басқа республикалары сықылды Қазақстанның да совет өкіметі тұсында ие болған зор табысын барша әлем алдына паш ете келіп, Совет үкіметінің басшысы Н. С. Хрущев жолдас Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында сөйлеген сөзінде былай деді: «Кәзір Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан, Тәжікстан — Орта Азияның барлық туысқан республикалары патшалық Россияның мешеу отарларынан өнеркәсібі дамыған алдыңғы қатарлы социалистік республикаларға айналды. Осы аталған республикаларда 1913 жылдан 1960 жылды қоса алғандағы мерзім ішінде ірі өнеркәсіптік өнімі 60 еседен аса өсті. Бір кездерде мешеу өлке болған Қазақстан кәзір халықтың жан басына есептегенде өнеркәсіп өнімін Италиядағыдай мөлшерде өндіреді, ал, мысалы, электр энергиясы халықтың жан басына есептегенде Қазақстанда Италиядағыдан көп және Жапониядағымен бірдей мөлшерде өндіріледі.

Қазақстанның өсу жолы мынадай: Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейінгі Қазақстанда кедейлердің 1,2 миллиондай майда шаруашылығы болды. Ал, 1920 жылы Қазақстанның ауыл шаруашылығында 317,5 мың жер ағаш пен соқа, 270,8 мың ағаш тырма және небәрі 30,9 мың темір тырма болса, кәзір республикамызда осы заманғы алдыңғы қатарлы техникамен жабдықталған 1356 колхоз, 882 совхоз, 173 машина-жөндеу станциясы бар. Үстіміздегі жылы Қазақстанның егіс алқабында 291 мың трактор (15 аттың күшімен есептегенде) және 97 мың астық комбайны жұмыс істеді.

1954—1960 жылдар ішінде Қазақстанда 24 миллион гектардан аса тың және тыңайған жер игерілді. Осыған орай осы жылдары республикаға 640 мың-

нан аса жаңадан қоныстанушылар келді.

1956 жылы тың және тыңайған жерді игерудегі қол жеткен тамаша табыстары үшін, елімізде жаңадан ірі астық базасын жасағаны үшін, астық өндірісін арттырып, мемлекетке бір миллиард пұт астық тапсыру жөніндегі алған міндеттемелерін ойдағыдай орындап шыққаны үшін СССР Жоғарғы Советінің Президиумы Қазақ Советтік Социалистік Республикасына Ленин орденімен наградтады. Сондай-ақ Ақмола, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Көкшетау, Павлодар облыстары да Ленин орденімен наградталды. Ауыл шаруашылығының ерекше үздік шыққан 139 озатына Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. 40 530 адам ордендермен, медальдармен наградталды.

Республикада Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет алған екі адам бар. Оның бірі — Жамбыл облысы Көктерек қаракөл совхозының аға шопаны Жазылбек Қуанышбаев, екіншісі — Талдықорған ауданының Сталин атындағы колхозының председателі Нұрмолда Алдабергенов.

Қашаннан да қойнауы қазынаға толы Қазақстан совет өкіметі тұсында индустриялы республикаға айналды. Бұрнағы жылы республика өнеркәсібінің жалпы өнімі 1913 жылмен салыстырғанда 44 есе өсті. Егер 1913 жылы бүкіл Қазақстанда 90 мың тонна көмір шығарылған болса, кәзір ол 348 есе артық шығарылып отыр.

Кәзір Қазақстан көмірді Канада, Австрия және Австралия сияқты елдермен салыстырғанда көп өндіреді.

Егер республикада Ұлы Октябрь революциясына дейін небәрі 2611 километрге созылған темір жол болған болса, кәзір оның көлемі 10 мың километрден асып отыр. Мұның өзі Қазақ республикасында темір жол желісінің 5 есе өсіп отырғандығын көрсетеді. Осыған орай осы уақыт ішінде жүк тасымалы 45 есе артты. Мұның өзі Англия, Италия, Герман Федеративтік Республикасы сияқты елдерді қоса алғандағы жүк тасымалына тең келеді.

1913 жылы Қазақстанның барлық жеңіл өнеркәсібі 7,3 миллион сомның өнімін шығарған болатын, мұның өзі

кәзіргі кезде Алматының № 2 тігін фабрикасының шығаратын өнімінен 2,5 есе кем еді. Ал, республика жеңіл өнеркәсібінің 1960 жылы мақта талшығынан жасап шығарған өнімі 1913 жылғыдан 36 есе, жүннен тоқып шығарған өнімі — 28,8 есе артық болып отыр. Республика жеңіл өнеркәсібі биыл 20 миллион метрден аса мақта-мата шығарады.

Республикамызда 1913 жылға дейін шойын қорыту өндірісі тіпті болмаған болса, ал, 1959 жылы 287,9 мың тонна шойын қорытылды.

1913 жылы Қазақстанда небәрі 1,3 миллион киловатт-сағат электр қуаты өндірілсе, өткен жылы ол 9315,1 миллион киловатт-сағатқа дейін жетті.

Егер 1920 жылы Қазақстанда небәрі 307 кәсіпорны болса, кәзір оның саны 14 мыңнан асып отыр.

Қазақстан өнеркәсіп өнімін шығару дәрежесі жөнінен Европаның көптеген капиталистік еліне әлдеқашан басып озды. Қазақстан кәзір халықтың жан басына есептегенде өнеркәсіп өнімін Италиядағыдай мөлшерде өндіреді. Түркияға қарағанда халқы үш есе аз бола тұрып, Қазақстан Түркиядан болатты 1,5 есе артық қорытады, электр энергиясын 4 есе артық шығарады. Көмір мен мұнайды 5 есе артық өндіреді.

Бүгінгі Қазақстан жаппай сауатты республикаға айналды. 10 292 жалпы білім беретін мектептерде 1 633 509 бала оқиды. 1913 жылмен салыстырғанда оқушылардың саны 15 еседен аса өсті.

Қазақстанда Октябрь революциясына дейін небәрі 12 орта мектеп болса, кәзір оның саны 1 326-ға жетті.

Егер 1928/1929 оқу жылында республикамызда бір ғана жоғары оқу орны болып, онда 75 адам оқыса, 1958/1959 оқу жылында Қазақстанда 27 жоғары оқу орны болып, онда 65 216 адам оқыды.

1927/1928 оқу жылында республикада 24 техникум мен орта дәрежелі арнаулы оқу орны болған болса, ал оның саны 1958/1959 оқу жылында 142-ге жетті. Оларда 75 915 студент оқыды.

Егер Қазақстанда 1939 жылы әрбір мың адамның үшеуінің толық жоғары білімі, 39-ның орта және орталау білімі болса, 1959 жылы әрбір мың адамның 13-нің жоғары, 234-ның орта және орталау білімі болды.

Бүгінгі Советтік Қазақстанда әрбір 10 мың адамға 75 студенттен келсе, ал Францияда 36, Италияда 32 студенттен болып отыр.

Ұлы Отан соғысында барлық совет халқы сықылды қазақ халқы да өшпес ерліктің ерен үлгісін көрсетті. Сол үшін 60 мың қазақстандық жауынгер Совет Одағының орден, медальдармен нағрадалды. Ал ерекше үздік шыққан 369 адамға, оның ішінде 101 қазаққа Совет Одағының Батыры деген аса құрметті атақ берілді.

1913 жылы Қазақстанда небәрі 13 түрлі кітап басылып шықты, оның жалпы тиражы 4 мың болды. 1958 жылы 16 367 мың тиражбен 1 681 кітап шықты. Оның ішінде қазақ тілінде 631 кітап 7 520 мың тиражбен басылды.

Кәзір Қазақстанда бес тілде 325 газет пен журнал шығады.

1914 жылы Қазақстанның 139 кітапханасында 98 мың кітап болды. 1958 жылы республикадағы кітапхананың саны 5 707-ге жетіп, онда 21 335,4 мың кітап қоры болды.

Егер 1914 жылы бүкіл Қазақстанда небәрі 2 ғана театр болса, өткен жылы оның саны 19-ға жетті. Кәзір Қазақстанда ондаған халық театрлары, 27 мыңнан астам өнерпаздар коллективі, 200-ден аса мәдениет сарайлары мен мәдениет үйлері, 5 мыңдай клуб, 13 мыңнан астам кітапхана бар.

Егер революцияға дейін республикадағы ірі қалаларды саусақпен санап аларлықтай болса, бүгін Қазақстанда тұрғын халқы 40 мыңнан асатын 19 қала бар. Ал, тұрғыны 100 мыңнан асатын (1959 жылғы 15 январьдағы санақ бойынша) мынадай қалалар бар: Алматы 456 мың, Қарағанды 398 мың, Семей 154 мың, Шымкент 152 мың, Петропавл 131 мың, Өскемен 117 мың, Орал 105 мың, Ақмола 101 мың.

Қазақстанның қала халқы 1939 жылы 1 690 мың адам, село халқы 4 404 мың адам еді. Ал, 1959 жылы қала халқы 4 069 мың, село халқы 5 232 мың адам болды. Яки 1939 жылы қала халқы 28 процент болса, 1959 жылы 44 процентке жетті.

Республика еңбекшілерінің әл-ауқаты, тұрмыс-күйі жақсарып келеді. Мұның бір айқын мысалы ретінде биылғы жылдың 1 январына дейін республиканың жинақ қассаларында еңбекшілердің 3 миллиардтан аса ақшасы сақталғанын айтсақ та болады.

Республиканың ұлттық табысы да жыл санап ұлғая түсуде. Тек қана соңғы төрт жылдың (1954—1958) ішінде ғана ұлттық табыс 40,4 процент өсті. Осы соңғы төрт жылдың ішінде республикада жалпы көлемі 10 767 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Республика ауыл-селосында да тұрғын үй салу барған сайын кең өріс алып отыр. Тек соңғы 1956—1959 жылдар ішінде ғана Қазақстанның совхоздары мен колхоздарында көлемі 2 182,2 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Оның үстіне село халқы мен колхоздар 200 мыңнан астам үй салды. Сондай-ақ қалалар мен жұмысшы поселкелерінде жалпы көлемі 2 736 мың шаршы метр жеке үйлер салынды.

Қазақстанның қалалары мен селолық жерлерінде соңғы екі жылдың ішінде мемлекеттік күрделі қаржылар мен орталықтандырылмаған қаржылардың есебінен жалпы көлемі 6,3 миллион шаршы

метр тұрғын үй салынып, пайдалануға берілді. 274 мектеп, 3 257 орындық аурухана, 17 104 орындық балалар мекемесі және мәдени тұрмыс қажетіне арналған басқа да құрылыстар салынды.

Қазақстанда денсаулық сақтауға жұмсалатын қаржы соғысқа дейінгі 1940 жылмен салыстырғанда 1960 жылы 6 еседен артық өсті. Республикада 77 мың орындық 1 699 аурухана мекемелері бар. 12 мыңнан астам дәрігерлер, 53 мыңнан астам орта медицина қызметкерлері бар.

Қырық жылда осынша өркен жайып, қарыштап өскен Қазақ республикасының үстіміздегі жетіжылдықта шығар төбесі мұнан да шұғылалы. Жетіжылдық жоспар социалистік экономиканың бар-

лық саласының онан әрі мықтап өрлеуіне, қоғамдық еңбек өнімділігінің өсуі негізінде еңбекшілердің тұрмыс күйінің үздіксіз жақсара түсуіне жағдай жасайды.

Қазақстанның халық шаруашылығына үстіміздегі жетіжылдықта жұмсалатын күрделі қаржының мөлшері 116—117 миллиард сом болып отыр. Мұның ішінде республиканың бүкіл совет өкіметі қылдары жұмсалған күрделі қаржысынан едәуір артық. Қазақстан өнеркәсібінің жалпы өнімі жетіжылдықтың аяғында 1958 жылмен салыстырғанда 2,7 есе өседі, ал 1913 жылмен салыстырғанда 100 еседен аса өседі. Жетіжылдық ішінде республикада 240 ірі өнеркәсіп орны салынады.

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Б. Ордабаев (бас редактор), З. Айтмағамбетов, Қ. Әбілдаев, С. Бәйішев, С. Бейсенбаев, Т. Жанкелдин, Б. Омаров, С. Хайдаров (жауапты секретарь), Т. Ыдырысов.

Редакция адресі:
Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 103.
Тел. 23-03, 24-95.

12/Х-1960 ж. басуға қол қойылды, қағаз 70×108¹/₁₆—2,5 қ.—6,85 авт. т.

УГ06528. Тиражы 19400. Алматы, ҚКП Орталық Комитетінің баспаханасы. Зак. 755.

Қазақстан Компартиясы Орталық
Комитетінің ай сайын шығатын
теориялық және саяси

Қазақстан **КОММУНИСТІ**

ЖУРНАЛЫНА 1961 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР

«Қазақстан коммунисті» журналы маркстік-лениндік философия, Коммунистік партияның тарихы мен теориясы, саяси экономия мен нақты экономика жөнінде мақала, лекция және консультация жариялайды.

Журналда республика партия ұйымдарының ұымдастыру және идеологиялық жұмысы жазылады, партия комитеттерінің, бастауыш партия ұйымдарының тәжірибесі қорытылады.

Журналда жергілікті газеттерге және республикалық салалық журналдарға шолу, жаңа кітаптарға рецензия жарияланады, сол сияқты әдебиет пен көркемөнер мәселелері бойынша мақалалар, оқушылардың сұрағына жауап беріледі.

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

12 айға — 24 сом,

6 айға — 12 сом.

Журналға «Союзпечатьтің» барлық бөлімдерінде,
байланыс бөлімшелерінде жазылуға болады.